Жаһандық диалог 9.2

Жылына 3 рет 17 тілде шығады

ЖУРНАЛ

International Sociological Association

Нандини Сундармен әлеуметтану жайлы әңгіме

Йоханна Грубнер

Трансформациялар мен баламалар

Мэт Доусон
Райнер Риллинг
Матео Мартинес Абарка
Әбдіқадыр Латрече
Teresa Perez
Christopher Mabeza

Еске алу: Эрик Олин Райт

Майкл Буравой
Мишель Уильямс

Гендер және әлеуметтік теңсіздік

Биржит Риграф
Лина Абирафех
Кадри Авик
Лииса Хусу
Бланка Ныклова
Маргарет Абрахам
Никола Пайпер
Джефф Хирн

Африкадағы (оңтүстік) әлеуметтану

Джереми Сикингс
Моконг С. Мападименг
Асанда Беня
Тхабанг Сефалафала
Марк С.А. Вегериф
Жабузиле Мадиазвимбиши Шумба
Алексия Вебстер
Эдвард Вебстер

АШЫҚ БАҒАНА

> Ынтымақтастық тұрғысынан оңшыл популизм

GD
БАСЫЛЫМ 9/ ШЫҒАРЫЛЫМ 2 / ТАМЫЗ 2019
http://globaldialogue.isa-sociology.org/

> Редакциядан

Әлеуметтанушылар пән аясындағы пікірталастардың өркен жаюына ғана атсалысуға талпынбайды, сонымен қатар қоғамдық пікірсайыстар мен пікіралысуға да қатысады. Үнділік ең танымал әлеуметтанушы және қоғам қайраткері Нандини Сундар соңғы онжылдықта академизм мен белсенділік арасындағы шекараны бұза отырып, Үндістандағы саяси әрекеттердің арқасында орын алған әлеуметтік әділетсіздікке тап болды. Жаһандық Диалогтың осы мәселені талқылайтын бөлімін ашатын сұқбатында Сундар Үндістандағы «Бастар соғысының» өткені мен бүгінгі ахуалын және осы зымыраған заманда жақсы ғалым және мықты белсенді болудың қаншалықты қиын екендігі туралы бөліседі.

«Трансформациялар мен баламалар» деп аталатын бірінші топтамамызда балама қоғамдар және әлеуметтану тарихындағы мүмкін болашақ туралы әлеуметтанулық пайымдар зерделенген және әлеуметтанулық сынды эмансипация идеяларымен біріктіретін осындай пайымдардың қажеттілігін талқылайтын екі мәтіннен бастау алады. Латын Америкасынан түскен мақала ынтымақтасқан қоғам үшін күрес пен *Buen Vivir* сияқты түсініктердің орнын әңгімелейді. Катардың қадамы араб әлемінің мүмкін болашағымен мүлдем үйлеспейді. Оңтүстік Африка мен Зимбабведен жолданған мақалаларда адамдардың өз өміріндегі күрделі өзгерістерге (бұл жерде ауа-райының өзгеруімен байланысты) қалай көндіккендері және саясаттағы тиісті өзгерістердің қандай қиындықтарға тап болып отырғанын көрсететін эмпириялық зерттеулер таныстырылған.

Өмірі мен қызметін теңдік, бостандық және ынтымақтастық идеяларына арнаған ғалым Эрик Олин Райт 2019 жылдың қаңтарында өмірден озды. Тап, Маркс және «нағыз утопия» бойынша жасаған жұмысы әлемдегі әріптестерімізді ғана емес, сонымен бірге неғұрлым әділетті және демократиялық қоғамды орнату үшін күресетін белсенділерді шабыттандырған әлеуметтанушыдан айырылып қалдық. Әлемнің әр түкпірдегі екі жақын досы оның өмірі мен еңбегіне құрметін көрсетеді.

Екінші топтамамызда Биржит Риграф, Лина Абирафе және Кадри Аавик әлем ғалымдарын «Гендер және әлеуметтік теңсіздік» арасындағы байланыс туралы өз зерттеулерімен таныстырады. Мақалаларда аталмыш қатынастардың Еуропа мен Солтүстік Еуропа тұрғысынан ғылыми зерттеулерді қаржыландырудағы гендерлік теңсіздік, Чех Республикасындағы гендерлік зерттеулердегі статус-кво мен ахуал, Араб әлеміндегі гендерлік теңсіздік бағыттары мен кедергілер, гендерлік еңбектің азиялық кескіні сияқты саналуан қыры баяндалады. Мақалалар бізге әлеуметтік прогресс немесе гендерлік теңдікке қырын көзқарас туралы пікірталастарды түсінуге мүмкіндік береді және әлеуметтанудың пән ретінде теңдік пен әлеуметтік әділеттілік үшін бірегей шешімдерді ұсына алатындығы туралы пікірсайысты туғызады. Мақалалар әлеуметтік әрекеттердің қажеттілігін және теңдік орнаған қоғамға сара жол салуды жалғастыра түсу үшін гендерлік теңдік үшін күрестің қажеттігін көрсетеді.

Аймақтарға бағытталған «Африкадағы (Оңтүстік) әлеуметтану» топтамасыдағы алғашқы мақала Оңтүстік Африкадағы кедейлік пен теңсіздіктің сақталуын баяндайды және оны жалпы Африка үшін ескерту ретінде көрсетеді. Екінші мақала Оңтүстік Африкадағы харизмалық шіркеулер танымалдығының артуы мен оның айналасындағы кикілжіндерді талқылайды және осы мәселе бойынша әлеуметтанушылардың үнсіздігін қарастырады. Келесі екі мақалада Оңтүстік Африкадағы тау-кен өнеркәсібі жұмысшыларының жағдайы талқыланады, оның бірінде инклюзия туралы әңгіменің әйелдерге белгілі бір міндеттерді орындауға тыйым салынуымен қайшы екені көрсетілсе, екіншісінде бұрын кенші болған жұмыссыз қара нәсілділер мен олардың өзіне деген сенімділігі мен өзіндік бағасына жұмыссыздықтың салдарын этнографиялық зерттеу таныстырылған. Дар-эс-Саламдағы азық-түлік жүйесіне арналған мақалада Танзаниядағы еңбекшілерден нені үйрене алатынымыз айтылған. Зимбабве тарихына арналған келесі мақалада Зимбабвенің ауыр ахуалын өзгерткен және қолдап отырған баю мен саяси ұдайы өндірістің әдістері қарастырылады. Топтама алтынның үстіне салынған Йоханнесбургтың тарихын керемет суреттермен үйлестіре отырып баяндаған Алексиа мен Эдвард Вебстердің тамаша фото-эссесімен аяқталады.

Осы шығарылымның Ашық бағанасына орналастырылған мақала Австрия мен Венгрияның мысалында Еуропадағы оңшыл популизм дәуіріндегі ынтымақтастықты зерделейді.

Брижит Ауленбахер мен **Клаус Дёрре**,
Жаһандық Диалогтың редакторлары

> *Жаһандық Диалог ХӘҚ ресми сайтында 17 тілде жарияланады.*
> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жолдауға болады.

International Sociological Association

GLOBAL DIALOGUE

> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Йоханна Грубнер, Кристин Шикерт.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Хуан Лейжарага.

Редакциялық кеңес:
Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерец, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабелла Барлинска, Това Бенски, Чи-Ю Я Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айсе Сактанбер, Сели калон, Назанин Шахрокни.

Аймақтық редакторлар
Араб әлемі: Сари Ханафи, Сурая Мулуджи Гарруджи, Фатима Радхуани, Мунир Сайдани.

Аргентина: Алехандра Отаменди, Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Кази Фадия Еша, Хелал Аддин, Мухамин Чоудари, Эмди. Юнус Али.

Бразилия: Густаво Танигутти, Андреза Галли, Лукас Амарал Оливера, Бенно Уоркен, Анжела Мартинс Джуниор, Дмитри Чербончини Фернандеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Рашми Жаин, Ниди Бансал, Прага Шарма, Маниш Ядав, Сандип Мил.

Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Доминггус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Айни, Гегер Риянто, Адитья Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Аббас Шахраби, СаедМухамад Муталеби, Вахид Ленджанзаде.

Жапония: Сатоми Ямомото, Юко Масуи, Рио Танака, Мари Ямомото, Шого Ариеши, Каузма Кавасаки, Сае Кодама, Коки Коянаги, Татсухиро Охата, Сунджи Сугихара, Ре Вакаматсу.

Қазақстан: Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспаева, Куаныш Тел, Алмагүл Мусина, Ақнұр Иманқұл.

Польша: Якуб Барщевски, Ивона Божаджиева, Катарзина Дебска, Анна-Дульни Лещинска, Кшиштоф Губански, Моника Хелак, Сара Херзынска, Жустина Косинска, Агата Кукла, Адам Мюллер, Вероника Пик, Зофия Пенза-Габлер, Джонатан Сковил, Агнешка Шипульска, Александра Вагнер, Матеуш Войда.

Румыния: Косима Ружиниш, Райса-Габриела Замфиреску, Люсиана Анастасоайе, Кристиан Чира, Диана Александра Думитреску, Раду Думитреску, Юлиан Габор, Дан Гитман, Александра Иримие-Ана, Кристиана Лотреа, Иоана Млиреану, Бианка Михайла, Андреа Елена Молдовану, Уна-Елена Негри, Миоара Парашив, Алина Кристина Паун, Кодрут Пинзару, Сусана Мариа Попа, Адриана Соходолиану,, Мария Стойческу, Каталин Варзари.

Ресей: Елена Здравомыслова, Анастасия Даур, Валентина Исаева.

Тайвань: Джинг Мао Ху.

Түркия: Гүл Шарбаджиоғлы, Ирмак Эврен.

*Әлеуметтік трансформациялар мен өзгерістер туралы эмпириялық зерттеулер сияқты **трансформациялар мен баламалар** туралы пайымдаулар барлық кезде әлеуметтанулық ойдың бөлігі болған. Әлемнің сан түкпірінен жасалған осы қадам аталмыш мәселелерді теориялық және эмпириялық тұрғыдан ұғынуға мүмкіндік береді.*

*Жаһандық деңгейде халықтың кедей және маргиналданған қабатындағы әйелдердің үлесі бұрынғыша жоғары. Осы топтамаға біріктірілген мақалаларда зерттеулерді қаржыландыру мен неолиберализмнен бастап мемлекет пен еңбекке дейінгі әртүрлі саладағы **жыныс пен теңсіздік** арасындағы байланыс талқыланады.*

*Бұл бөлімде Зимбабве мен Танзанияға, және жалпы Африкаға қатысты мәселелер талқыланған Оңтүстік Африкадағы теориялық мүмкіндіктер мен эмпириялық **зерттеулер** жөнінде мағлұмат беріледі. Йоханнесбургтің тарихы туралы Фотоэссе қаланы визуалды түйсінуді көрсетеді.*

GD

***Жаһандық диалог SAGE Publications** ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр*

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Отқа оранған орман: Нандини Сундармен сұхбат
Йоханна Грубнер, Австрия 5

> ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР МЕН БАЛАМАЛАР

Әлеуметтанулық баламалардың қысқаша тарихы
Мэтт Доусон,Ұлыбритания 8

Қалыптасу жағдайындағы болашақ
Райнер Риллинг, Германия 10

Buen Vivir-дің көп даусы
Матео Мартинес Абарка, Мексика 12

Араб әлемінің басқа болашағы
Әбдіқадыр Латрече, Катар/Алжир 14

Стигма саясатты қалай тежейді: Оңтүстік Африкадағы қоқыс жинаушылар
Тереза Перес, Оңтүстік Африка 16

Климаттың өзгеруіне бейімделу: Зимбабведегі ұсақ фермерлер
Кристофер Мабеза, Зимбабве 18

> ЕСКЕ АЛУ: ЭРИК ОЛИН РАЙТ

Эрик Олин Райт: Шынайы утопист
Майкл Буравой, АҚШ 20

Эрик Олин Райтты еске алу
Мишель Уильямс, Оңтүстік Африка 22

> ГЕНДЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК

Гендерлік мәселе пен теңсіздік: кіріспе
Биржит Риграф, Германия, **Лина Абирафех**, Ливан және **Кадри Авик**, Финляндия 23

Зерттеулерді қаржыландырудағы гендерлік мәселелер
Лииса Хусу, Финляндия/Швеция 25

Чех Республикасындағы гендерлік теңдік мәселелері
Бланка Ныклова, Чех Республикасы 27

Тұрақтылық пен өзгеріс: АҚШ-тағы гендерлік теңсіздік
Маргарет Абрахам, АҚШ 29

Араб аймағындағы гендер және теңсіздік
Лина Абирафех, Ливан 31

Азия жағдайындағы гендерлік еңбек пен теңсіздік
Никола Пайпер, Ұлыбритания 33

IPSP: әлеуметтік прогресс, кейбір гендерлік пайымдар
Джефф Хирн, Финляндия/Швеция/Ұлыбритания 35

> АФРИКАДАҒЫ (ОҢТҮСТІК) ӘЛЕУМЕТТАНУ

Кедейлік және теңсіздік: Оңтүстік Африка – Африка материгі үшін ескерту
Джереми Сикингс, Оңтүстік Африка 38

Оңтүстік Африкадағы Елуіншілер және харизмалық христиандық
Моконг С. Мападименг, Оңтүстік Африка 41

Ғарыштық басқыншылар: жерастындағы кенші әйелдер
Асанда Беня, Оңтүстік Африка 44

Жұмыссыздықтың Қосымша Экономикалық Әсері
Тхабанг Сефалафала, Оңтүстік Африка 46

Әлемді қалай тамақтандыруға болады: Танзаниядан үйренеміз
Марк С.А. Вегериф, Оңтүстік Африка 48

Зимбабведегі Жыртқыш Мемлекет: Партия, Әскер және Бизнес
Жабузиле Мадиазвимбиши Шумба, Зимбабве 51

Йози: алтынмен апталған қауіпті қала
Алексия Вебстер және **Эдвард Вебстер**, Оңтүстік Африка 53

> АШЫҚ БАҒАНА

Ынтымақтастық тұрғысынан оңшыл популизм
Йорг Фликер, **Карина Альтрейтер**, **Иштван Грайчьяр** және **Саскья Шиндлер**, Австрия 58

"Дағдарыстар кезеңіндегі ең қиын нәрсе ол – зерттеулерді жалғастыра беруге міндетті екенімізді есте сақтау. Кейде әлеуметтанулық жазба автордан басқа ешкімге пайда әкелмейтін жеке жоба сияқты, кейде, әсіресе егер жаңа ұсыныс болмаса, тіпті мәнсіз бірдеңе сияқты көрінеді, дегенмен ақыр соңында бізге мына әлемге аз да болса білім қосқанымыз үшін ақы беріп жатады."

Нандини Сундар

> Отқа оранған орман:

Нандини Сундармен сұқбат

Нандини Сундар – Дели университетінің Дели экономика мектебінде әлеуметтану профессоры. Оның соңғы жарияланған еңбектері қатарында: *The Burning Forest: India's War in Bastar* (Juggernaut Press, 2016), [Отқа оранған орман:Үндістанның Бастардағы соғысы] және жаңа атаумен жарық көрген *The Burning Forest: India's War Against the Maoists*, Verso, 2019 [Отқа оранған орман: Үндістанның Маоистерге қарсы соғысы]; *The Scheduled Tribes and Their India* (OUP, 2016) [Байырғы тайпалар және олардың Үндістаны] редакцияланған томы; *Civil Wars in South Asia: State, Sovereignty, Development* (Апарна Сундармен бірге жазылған, SAGE, 2014) [Оңтүстік Азиядағы азамат соғыстары: мемлекет, тәуелсіздік, даму] және *Inequality and Social Mobility in Post-Reform India, S*pecial Issue of Contemporary South Asia (Равиндер Каурмен бірге жазылған, 2016). [Реформадан кейінгі Үндістандағы теңсіздік пен әлеуметтік мобилдік заманауи Оңтүстік Азияға арналған арнайы басылым], Сонымен қатар ол *Subalterns and Sovereigns: An Anthropological History of Bastar* (2 басылым, 2007) [Бағыныштылар мен Тәуелсіздер: Бастардың антропологиялық тарихы] кітабының авторы; қосавторлықта *Branching Out: Joint Forest Management in India* (2001) [Айырық: Үндістанда ормандарды бірлесе басқару] жұмысын жазды; *Legal Grounds: Natural Resources, Identity and the Law in Jharkhand* (2009) [«Құқықтық негіздер: Джаркхандтағы Табиғи ресурстар, Идентификация және Заң»] редакциялады; *Anthropology in the East: The founders of Indian sociology and anthropology* (2007) [Шығыстағы Антропология : үндістандық әлеуметтану мен антропологияның негізін қалаушылар] бірлескен редакторы. Сундар 2007-2011 жылдар арасында *Contributions to Indian Sociology* [Үнді әлеуметтануына үлес] журналының редакторы болды, бірнеше журналдың, зерттеу институттары мен үкіметтік комитеттер жетекшілерінің кеңестерінде жұмыс жасады. 2010 жылы әлеуметтік ғылымдар саласындағы (әлеуметтік антропология) Infosys Сыйлығымен марапатталды. Даму саласындағы зерттеулері үшін 2016 жылы Эстер Бозеруп Сыйлығына ие болды, 2017 жылы Дамуды Зерттеуге Қосқан Зор Үлесі үшін Малкольм Адишешиа Сыйлығын алды.

2005 жылдан бері Сундар адам құқығы саласындағы сот процестері және белсенділік мәселесімен айналысып келеді. 2011жылы Үндістанның Жоғары Соты «Нандини Сундар vs Чхаттисгарх штаты» тарихи сот шешімі аясында қарулы қарсылыққа мемлекеттік қолдау көрсетуге тыйым салды. Ол бұқаралық ақпарат құралдарында заманауи мәселелер туралы жазады және оның мақалаларын http://nandinisundar.blogspot.com бойынша қарауға болады.

Ол Австрияның Линц қаласында орналасқан Йоханнес Кеплер атындағы университеттің ғылыми қызметкері және *Жаһандық Диалог* журналы редакторының көмекшісі **Йоханна Грубнерге** сұқбат береді.

Нандини Сундар.

ЙГ: Сіздің сыншылардың жоғары бағасын алған* Subalterns and Sovereigns: An Anthropological History of Bastar [Бағыныштылар мен Тәуелсіздер: Бастардың антропологиялық тарихы] *1997 жылы жарияланды және ол Бастардың он тоғызыншы және жиырмасыншы ғасырдағы тарихына арналған. Орталық Үндістанның осы аймағына назар аударуыңызға әуелден қызығушылық тудырып, түрткі болған не нәрсе екені туралы айтып бересіз бе?

НС: 1980-жылдардың соңында Колумбия университетінің антропология факультетінде докторлық диссертациямды бастаған кезде мені марксшіл-тарихшылар Е.П. Томпсон және Эрик Хобсбаум, сондай-ақ Джун Нэш пен Уильям Розберри сияқты саяси экономикамен айналысатын антропологтардың еңбектері қызықтырды. Үндістанда ғалымдардың тарихты талқылауы мардым-

>>

сыз болды. Мен колониализмді, капиталдың ұлғаюы мен шаруа көтерілісі/заманауи әлеуметтік қозғалыстарды зерттегім келетінін білетінмін, дегенмен қайда және қашан екенін түсіну үшін уақыт керек еді. 1990 жылы алғаш рет Бастарға бардым, және ол жерде ғылым докторы үшін қажеттінің бәрі болды, яғни - жомарт жандар, тұрақты қоғамдық қозғалыстар, бүлікшіл өткен шақ…және осы тарихты шынайы таразылар ешкім жоқ.

ЙГ: Сіз* The Burning Forest: India's War Against the Maoists [Отқа оранған орман: Үндістанның Маоистерге қарсы соғысы] *деген соңғы кітабыңызда Бастар аймағындағы тұрақты зерттеулеріңіз бен далалық жұмыстарыңызды талқыладыңыз. Осы аймақта қазіргі кезде орын алып отырған нақты әлеуметтік және саяси шиеленістерді қысқаша сипаттап бере аласыз ба?

НС: Бір ғасыр бойы, тіпті одан да көп уақыт Үндістанның орталығы мен оның орман және минералды ресурстары талан-таражға ұшырады және XXI ғасырдың басында одан сайын үдей түсті. Ірі корпорациялар тау-кен кәсіпорындарын жалға алып, жергілікті қауымдастықтарды ығыстырып, экологиялық және әлеуметтік түйткілдердің туындауына себепкер болды. Әртүрлі қозғалыстар көмегімен халық ығыстыруларға қарсылық көрсетті. Соңғы жиырма жылда қалыптасқан қарсылықтың бір түрі – Үндістан Коммунистік (маоистік) партиясының қарулы партизандық қозғалысына қатысу. Көтерілісшілермен күреске бағытталған үкіметтің шаралары сотсыз кісі өлтіру, қауіпсіздік лагерлерінің жаппай таралуы және аймақтың милитарлануының есепсіз артуына алып келді. Халықтың мүддесі үшін диалог пен бейбітшілікті қалайтындықтарын айтқанмен, қазіргі кезде үкімет те, маоистер де қарулы әдістерге қатысты келісімге келе алмай отыр.

ЙГ:* The Burning Forest *кітабында Сіз Үндістандағы демократия мен демократиялық тәжірибелердің мәртебесі мен түсінігіне күмәнданасыз және «Үндістан –барлық институттары түгел демократия […], бірақ олардың түсінігі біздің күтулерімізге сәйкес келмеуі мүмкін» дегенге дүдәмәлдана қарайсыз. Осы сынды Сіз бізге баяндап бермес пе екенсіз?

НС: Қажетті элементтер деп жиі саналатын сайлау немесе әлеуметтік қамтамасыз ету сияқты шаралар демократия үшін, сонымен қатар мемлекеттің жұмыссыздықтың өсуі туралы пікіріне сәйкес емес өмірдің басқа формаларына наразылықтың балама әдістерін заңсыздандыру үшін жиі қолданады. Оларға орманмен байланысты өмір, сонымен қатар ұсақ өндірістік практикалардың формалары жатады. Тіпті «қалыпты кезеңнің» өзінде сайлау өкілеттілігі партияларды ірі бизнеске тәуелді етіп және санлауан жемқорлық тәжірибелеріне түрткі болатын сайлаумен күресу үшін қажетті қомақты қаржының аясындағы құрылымдық теңсіздіктің кесірінен күрделі еді. Алайда, бүлікшілермен күрес кезінде немесе шиеленісте демократиялық аппаратты зорлық құралы ретінде қолдану ерекше байқалады. Мысалы, адамдар саяси тәртіпті заңдастыру үшін дауыс беруге мәжбүр, ал партиялар мен ұйымдарға ішінара тыйым салынған. Қазіргі кезде Үндістанда ұлтшылдар бетпердесін жамылып, ашу-ызаны насихаттаушы бұқаралық ақпарат құралдарының басым бөлігін оңшыл қанат ұйымдастырып алды. Сот органдары, реттеуші органдар және т.б. сияқты демократияны қолдаушы барлық институттар көп жағдайда дәрменсіз болып шығады – билік пен қоғамдық келісім арасындағы бөлініс нәтижесінде – балама бастамаларды ойлап табу мүмкіндігінің сыртқы шектеуіші қызметін атқарады.

ЙГ: Бастардағы әлеуметтік және саяси шиеленістер мемлекетке, сонымен қатар әртүрлі құрылымы мен әртүрлі саяси және әлеуметтік мақсаты бар әртүрлі саяси және әлеуметтік топтарға ықпал етеді. Сіз жүгінетін теориялық тұжырымдар, сонымен бірге осы ерекшеліктерді анықтайтын Сіз қолданатын эмпириялық ұстаным және неге оны пайдалы деп санайтыныңыз туралы айта аласыз ба?

НС: Менің теориялық негізім – тек кең ауқымды маркстік бағыт. Дегенмен, *The Burning Forest*-те адамдар процесс барысында енгізетін әртүрлі талпыныстар көмегімен, сонымен қатар БАҚ, сот органдары мен саяси партиялар сияқты саналуан институттардың реакциясы арқылы демократияның этнографиясына жүгінуге тырыстым.

Жазаланбау және тәкаппарлық, адамдардың тірі қалуы мен күресу ниеті секілді бір-бірімен үйлесетінін көріп отырмыз. Мен қалың қауымға айтуға тырыстым, сондықтан сын бүркемеленді. Әдістер мен орынды таңдау көптеген жағдайларға байланысты болды. Себебі мен өзім жазып отырған нәрсеге кіріккенім сонша – адам құқықтарын бұзуды жақтаушы ретінде – кейбір жерлерге, мысалы, полиция мен қауіпсіздік күштері әлеміне ену анағұрлым қиын болды. Осыған қарамастан көпшіліктің мүддесін қорғау мақсатында сотқа берілген шағымдарды қараған сот процесі және сот жүйесінің қызметі сияқты мұқият зерттеуге мүмкіндік беретін басқа жағдайлар туындады.

ЙГ: Сіз Бастарда жүргізген далалық әлеуметтанулық зерттеулер бізге шиеленістің әлеуметтік құрылымын түсінуге көмектесе алатынын тәжірибеңіз көрсетіп берді ме? Егер көмектессе, Бастардың аясынан тыс әлеуметтік шиеленістерді қарастырғанда, Сіздің жұмысыңыздың ерекше назар аударуға тұрарлық тұстары қандай?

НС: Бастарда орын алып отырған жағдай мен әсіресе, байырғы тұрғындар қоныс тепкен табиғи ресурсы мол бай аудандардағы ахуал арасында айырмашылықтар ұшан-теңіз. Латынамерикалық қозғалыстар мен мемлекеттің тарапынан қысым көрсету туралы әдебиеттерді, көтерілісшілермен күрес туралы, соның ішінде Малайяда, Вьетнамда және т.б.

>>

жерлерде төтенше жағдайлар мен стратегиялық насихат туралы заңды британдықтардың қолдануы жөніндегі зерттеулерден біраз нәрсе үйрендім. Аталмыш мәселені қарастырудың саналуан тәсілдері бар және менің жаза алатын мүмкіндігім болған, ең кем дегенде, үш балама кітапты есіме түсіре аламын: қырағылық пен билік, мемлекеттің авторлық құқы мен дербес кінә мәселесінің аясында; заң және оның көрінер-көрінбес құбылыстары және оның мемлекетті құру әдісі төңірегінде; немесе азаматтық соғыстың қайшылыққа толы эмоциясы туралы. Сонымен қатар латынамерикалық қаруланған солшылдар хақында керемет әлеуметтанулық/антропологиялық жұмыстармен салыстырғанда, бізде жерді бөлу мен жергілікті аграрлық саяси экономияға өзгерістер енгізген маошыл қозғалыстың нақты зерттеуі жоқ. Мен бұл қолға алынуы тиіс іс деп ойлаймын.

ЙГ: Демократиялық принциптер мен адамның негізгі құқықтары бұзылып жатқан кезде әлеуметтік ғылымдардың, соның ішінде пән ретінде әлеуметтанудың міндеті неде деп айтар едіңіз?

НС: Бәріміздің де міндетіміз көп – азамат ретінде, әлеуметтанушы ретінде, ұстаз ретінде. Кейде азаматтарымыздың кейпін киіп шеруге шығуға, сотта куәлік етуге немесе тағы да басқа нәрселерді жасауға тиісті екенімізді сеземіз. Кей жағдайда студенттеріміз бен әріптестеріміз алдындағы жауапкершілігіміз, академиялық өмірдің тынымсыз тірлігі әрекеттің басқа түрлеріне кедергі жасайды. Дағдарыстар кезеңіндегі ең қиын нәрсе ол – зерттеулерді жалғастыра беруге міндетті екенімізді есте сақтау. Кейде әлеуметтанулық жазба автордан басқа ешкімге пайда әкелмейтін жеке жоба сияқты, кейде, әсіресе егер жаңа ұсыныс болмаса, тіпті мәнсіз бірдеңе сияқты көрінеді, дегенмен ақыр соңында бізге мына әлемге аз да болса білім қосқанымыз үшін ақы беріп жатады. Академиялық тұрақсыздық орын алып отырған бүгінгі күні жұмысыңның болуы да – артықшылық деп өзіңе-өзіңнің үнемі еске салып отыруың да маңызды.

ЙГ: Сізді академик, сонымен қатар қоғам қайраткері деп санайды. Осы сипаттамамен келісесіз бе? Үндістандағы ғылым мен саясат арасындағы қалыпты қатынасты қалай суреттер едіңіз және ол Сіздің жұмысыңызға қалай ықпал етті?

НС: Барлық кезде азаматтық бостандық пен қоғамға қарсы әртүрлі платформаларға қатысып жүретінмін, себебі зерттеуші ретінде Бастарға бар жан-тәніммен ден қойғандықтан 2005 жылы құқық қорғаумен шұғылдану ісіне толығымен ауысуға мәжбүр болдым. Дегенмен, 2007 жылы Жоғары Сотта мемлекеттің жіті қадағалауы мен қатыгездігіне қарсы сот тыңдауын бастағанымызда мен 2019 жылы әлі де сотта отыратынымызды тіпті болжаған емеспін. 2011 жылы қарулы қарсылық көрсетушілерге мемлекеттік қолдауға тыйым салу және барлық зардап шеккендерге өтемақы беру туралы үлкен қаулыға қол жеткіздік, бірақ үкімет оны орындаудан бас тартты, сондықтан күні бүгінге дейін әділеттілік үшін күресудеміз. 2016 жылы Чхаттисгарх полициясы кек алмақ болып алтауымыздың үстімізден кісі өлтіру, қарумен жүру, тәртіпсіздіктер және т.б. үшін кінә тағып, жалған шағым жазды. Сондай-ақ Үндістанның терроризммен күрес туралы негізгі заңдарының бірі Заңсыз әрекеттерді болдырмау туралы Заңға сәйкес айыптар тақты. Бақытымызға орай, сот ісі кейінге қалдырылды және абақтыға қамалған жоқпыз, алайда тағылған айыптар тек 2019 жылдың ақпанында ғана алынып тасталды.

Уақыт өте келе Чхаттисгархтағы белсенділігім бәсеңдеді, себебі осы іспен басқа адамдар айналыса бастады. Осыған кеткен уақытым үшін-ақ жақсы белсенді және жақсы академик болу мен үшін аса қиын. Қайсыбір деңгейде үнді әлеуметтанушылары белсенділіктің базбір формаларына қатысады, өйткені айналамыздағы мәселелер аса айқын және күрмеуі күрделі. Сонымен қатар объективтілік пен оны тиісінше теориялаудың дәрежесін төмендетеді дей отырып, белсенділікті менсінбейтін басқа топ бар. Моди билігі тұсында академиялық кеңістік ретінде университетті сақтаудың өзі күрделі міндетке айналды, себебі семинарлар мен практикумдарға тыйым салынды, келіспегендер қудаланды, студенттерді наразылық көрсеттіңдер, күш жұмсадыңдар деп айыптады, ал кітаптар – соның ішінде менің де – «ұлтқа қарсы» болғаны үшін оқу жоспарынан алынып тасталды.

ЙГ: Сіздің жұмысыңыз аса танымал болғандықтан, болашақ жоспарларыңыз туралы көпшіліктің білгісі келері хақ. Белсенді және ғалым ретінде алдағы бірнеше жылға арналған жоспарыңыз туралы бізге қысқаша айтып бермес пе екенсіз?

НС: Ол аз да болса Үндістанның саяси болашағына тәуелді және болашақта билікке келетіндердің университеттерге қатынасына байланысты. Мен Үндістанның конституциясын дайындау және студенттік қозғалыстардың ұлттық саясатқа үлесі сияқты бірнеше жоба туралы айтып отырмын, алайда оның қайсысын таңдайтынына сенімді емеспін. Басқа құрылықта зерттеу жүргізгім келеді, дегенмен ол не және қашан мүмкін екеніне де сенімді емеспін. Біраз нәрсе өз университетімнен демалыс алуымның қиындай түскенімен байланысты. ■

Хаттарды Нандини Сундарға <nandinisundar@yahoo.com> жолдауға болады.

> Әлеуметтанулық баламалардың қысқаша тарихы

Мэтт Доусон, Глазго университеті, Ұлыбритания

Қоғамды ұйымдастырудың балама бағыттары туралы ой – әлеуметтанудың біте қайнасқан бөлінбес бөлігі. Суретті түсірген: С. Дункан / Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

"Сонымен, қандай балама?». Мен әлеуметтану тиянақты жинақтайтын әлеуметтік мәселелерге әлеуметтану қандай балама ұсына алатындығын сұрауға болатын жалғыз әлеуметтанушы емеспін. Бір жағынан осы сұрақ және оған жауап беруге қауқарсыздығым, әлеуметтанушылар ұсынған баламалардың жиынтығын баяндауға талпыныс жасалған Social Theory for Alternative Societie [Балама қоғамдар үшін әлеуметтік теорияны] жазуға түрткі болды. Бұл маған әлеуметтанулық баламалардың бай тарихын баяндады. Басқалар көрсеткендей, әлеуметтану сияқты тың ақпаратты «өндіріп», сыни талдауға негізделеді және бардың бұлтартпастығына күмәнмен қарайды да болуы мүмкін сұрағын: баламалар сұрағын, – бірден қарама-қайшы қояды. Бүгінгі күні осы қиын жағдаймен күресіп жүрген әлеуметтанушылар үшін баламалар тарихын түсіну пайдалы болар еді.

Тарихты зерделей бастағанда сын мен баламаның тығыз байланысын байқаймыз. «Болашақтың шеберлері үшін нұсқау жазбайтындығы» жөнінде әзілдеген Карл Маркстің өзі капитализм сынын күшейту үшін коммунизмнің қандай сипатта болатындығы – жеке меншіктің жойылуы, еңбек бөлінісінің қысқаруы, еңбектің «негізгі қажеттілікке» айналуы және т.б. – туралы идеяларды қолданған. Дәл осыны кейінгі марксшіл жазушылардан да, яғни күнделікті өмірді манипуляциялау әдістерін суреттеу үшін аутогестия (өзін-өзі ұйымдастыру және басқару) баламасын қолданған Анри Лефеврден, 1960-70 жылдары «ұлы бас тарту» қозғалысында ұсынылған адамзаттың «жаңа субъективтілігін» айрықша көрсеткен Герберт Маркузе немесе қауіпті түрме-өндірістік кешендерге жауап ретінде түрмелерді жабуға үгіттеген Анжела Дэвистен табуға болады. Марксшілдер кей баламалардың пайдалы және бардың тұрақтылығына күмән келтіру үшін қажетті екендігінде ортақ пікірде болды.

>>

Басқа көзқарастағы әлеуметтанушылар да әртүрлі контекстерде сын мен балама арасындағы тығыз байланыстың бар екендігімен келісті. Эмиль Дюркгейм бірнеше балама, оның ішінде мұрагерлікке тыйым салуды ұсынды. Мұрагерліктің индивидуалдық пен меритократияға ерекше назар аударатын қалыптасып жатқан заманауи Франциямен үйлеспейтіндігі көрсетіліп, экономикалық теңсіздіктің проблемалық формаларын тереңдететіндіктен оған тыйым салу қажет. Шотландияда Патрик Геддес өндірістік қаладағы халық тығыздығы мен денсаулыққа зиян жағдайларды «консервативті хирургия» жүйесі, яғни қала дизайнын азаматтық кеңістіктерге артықшылық беру арқылы оңтайландыруға тырысты. Эдинбург ескі шаһары – әлі де Патрик Геддес мұрасының ізі сақталған идеялардың ықпалын көрсететін қала. Ал, АҚШ-та У.Э.Б.Дю Буа нәсілдік теңсіздік режимдерінің ауысуына бірнеше балама ұсынумен жауап берді. Ол оптимистік, либералды сенімнен «Negro Academies»-ті қолдаудан көрініс тапқан ғылым мен білім және капитализмнен тыс баламаның мүмкін екендігін көрсету үшін қара нәсілді экономикалық сегрегацияны батыл талап ету бағытында қозғалды.

К.Райт Миллстің *Әлеуметтанулық қиялдағы* әлеуметтану қоғамды әлде қайда демократиялық етуге ұмтылатындығы туралы пайымдауын ескерсек, демократияны нығайтуға бағытталған баламаларды байқайтынымыз таң қалатын жәйт емес. Чикагода Джордж Герберт Мид барлық адамзат «кемеңгерінің» демократиялық пікірінің қиындығы – саясатты «тұлғалар» қақтығысына алып келіп тірейтіндігін айтып, оның орнына ол әрбір азаматтың демократиялық жолмен пікірін білдіруге мүмкіндігі болатындығына кепілдік беретін бірнеше әлеуметтік реформаларды – әлеуметтік үйлестіру, қала клубтары, иммигрант лигаларын қорғау, ереуілдер төрелігі, сайлау кампаниялары, ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім – қолдады. Ал, Лондонға қуылған Карл Мангейм орталық демократиялық құндылықтар қатаң сақталатын және фашизмнің бас көтеруіне мүмкіндік бермеу үшін әлеуметтанулық білім алған «жаңа билеуші тап» қамтылған «пәрменді демократия» жүйесінің жалпы сипаттамаларын ұсынды.

Феминистік әлеуметтану да баламалар ізденісіне елеулі үлес қосты. Сельма Джеймс пен Мариароса Далла Коста үй шаруашылығындағы жұмыстың әлеуметтендірілуі үшін күрескен Маргарет Бентсон сияқты алғашқы авторлардың көтерген мәселелерін жалғастыра отырып, үй шаруашылығындағы жұмыс үшін төленетін ақыны патриархат әділетсіздігін жеңетін әдіс ретінде қарастырды. Олар дәл осы әдіс арқылы әйелдерді социалистік қоғам үшін революциялық күрестің орталық бөлігіне айналдыруға үміттенді. Кейін, порнография «сексуалдандырылған иерархияға» айналғандығына және әйелдің, ең алдымен, ер адамның қанағаттану нысаны ретінде ұдайы өндірілетініне қауіптенген Андреа Дворкин және Кэтрин МакКиннон порнографияға тыйым салуға тырысты. Линн Сигал және Шейла Макгрегор сияқты феминистер бұған жауап ретінде порнографияға тыйым салуға ұмтылғаннан гөрі, сексуалдықтың феминистік сипатын іздеуіміз қажет деп тұжырымдады.

Осы және Энтони Гидденстің «Үшінші жол», Ульрих Бектің «Азаматтар Еуропасы» немесе негізгі табыс туралы пікірталасқа үлес қосқан көптеген әлеуметтанушылар баламалары әлеуметтануға қоғамдық араласуының сипатын қайта қарастыруы қажеттігін көрсетеді. Майкл Буравойдың «қоғамдық әлеуметтануын» насихаттауы әлеуметтанушыларды қоғамдық қызметі туралы ойлануларына итермелегенмен, кейде ол қоғамдық әлеуметтануының тарихи үлгілерінен алшақтап кетеді. Алайда, тарихқа әлеуметтанушылар ұсынған баламалар тұрғысынан қарасақ, бүгінгі күні сан алуан мысалдарды табамыз: Геддестің қаланы қайта жобалауынан Мидтің қауымды ұйымдастыруы, Дэвистің түрмелерге қарсы белсенділігі мен Мангеймнің радиодәрістеріне дейін. Мұндай бағыт әлеуметтанушылардың өз баламаларын жалпы сипатта түсіндіруіне ықпал еткен фикцияның рөлін есімізге салады. Ең атақтысы – балаларды ұжымдық тәрбиелеу және адамзат пен табиғат арасындағы тұрақты қатынастарға көңіл аударған Шарлотта Перкинс Гилманның *Herland* [Әйел әлемі] феминистік утопиясы.

Рут Левиатас жоюға болатын теңсіздік формалары мен билікті сынауға, белгілі бір жорамалдарды ескере отырып, едәуір күш жұмсайтындығымыздан әлеуметтанушылар жұмыстарыда «үнсіз утопияны» таратады деп тұжырымдайды. Осы қысқа мақала әлеуметтанушылардың ұсына алатын баламалары, әдетте, үнсіздікте қалмайтындығын көрсетті деп үміттенемін. Әлеуметтану шабыттану, пікірталастыру және сынау үшін баламалардың бай тарихына ие. Бізден «сонымен, қандай балама?» деп сұрағанда, берер жауабымыздың нұсқасы – телегей теңіз.

Хаттарды Мэт Доусонға <Matt.Dawson@Glasgow.ac.uk> жолдауға болады.

> Қалыптасу жағдайындағы болашақ

Райнер Риллинг, Марбург университеті, Германия

Болашағымызды кім және не айқындайды? Суретті түсірген: С. Вастано / Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Трансформация» тарихы қысқа болғанымен, жан-жақты. Ол өзгерістердің барлық түрін күнделіктіден саяси-ғылымиға дейінгі, саяси режимнің ауысуы мен постколониялық тәртіптердің дамуынан либералды демократиялық капитализмге, жаһанданушы капитализмнің әртүрлі сипатына және адам мен табиғат арасындағы кең мағынадағы «Ұлы трансформацияға», капиталистік және басқа да мемлекеттік-социалистік тәптіптерге дейінгі сипаттамаларын қамтиды. Олар, әдетте, әртүрлі акторлардың «осыдан» «мынаған» дейін қалай және кіммен жететіндігі туралы қарама-қайшылықтарға назар аударғанымен, трансформация жайындағы нарративтер, қызығушылық тудыратын тәсілдер арқылы, «болашақ саясатының» кейбір тұстарын елемейді.

«Болашақ осында; ол әлі тегіс таралған жоқ». Бұл туралы ширек ғасыр бұрын «киберкеңістік» терминін ойлап тапқан Уильям Гибсон мәлімдеген делінеді. Алайда, сұрақтың бірнеше ғасыр бұрын алдыңғы шепте қойылғандығына қарамастан, ол осы болашақтың қазір немесе болашақта таралуы туралы үн қатпаған. Буржуазиялық модернизмде уақытқа заманауи қатынастың қалыптасуы өткен шақ, осы шақ және болашақ арасында айырмашылықты түбегейлі ажыратып қана қоймай «болашақтың» мәнін пассивтен белсендіге дейін («болашақ жасалды») өзгертті, сондай-ақ жақын уақыт, яғни болашақтар, тиімділік пен есепті жаңа экономикалық жүйенің орталығына ығыстырды. Нәтижесінде, өткенге бағытталатын капитализмге дейінгі қоғамдар болашаққа бағдарланатын капитал жинақтаушы қоғамдарға қайта өзгертілді. Сол уақыттан бері «болашақ континентін» кең игеруге бағытталған стратегиялық жобалар бар.

Нарықтардың универсалдануы мен ақшаның капиталдануы және олардың территориялық, әлеуметтік «disembedding» (Карл Поланьи) арқылы үнемі және барлық жерде болатын «осы болашақ» (Никлас Луман) сияқты стратегиялық үлгілер пайда болды. Бүгінгі күні бұл – мысалы, қаржы индустриясының ақша билігі кешенінің басымдығы болашағына жаһандық бәс тігу, қауіпсіздік пен сақтандыруды, мықты әрі әскери мемлекеттің «болашақ аппараттарының» кеңеюіне уәде беру немесе геоинженерия мен «жасыл капитализмнің» пост кен өндірісі шикізатының бірігуін трансформациялаумен экологиялық тұрақтылыққа және экономикалық табысқа бағытталған

>>

есептер. Басқаларға қарағанда Индустрия 4.0 арқылы технологиялық-әлеуметтік инновациялардың кешенді орналасуы құрастырылуда, big data, цифрлық қоғам, ақылды кеңістіктер, цифрлық басымдық заманауи капитализмнің ақпараттық-өнеркәсіптік өндіріс күштері трансформациясы үшін жаһандық консолидацияның алып мүмкіндіктерін көрсетеді.

Уақытпен байланысты индивидуалдық және әлеуметтік-мәдени ғадет үлгілерін, сондай-ақ он тоғызыншы ғасырда қалыптасқан сақтық, алдын алу, ығыстыру, дайындық және бейімделу (тұрақтылық) сияқты әлеуметтік практикаларды түбегейлі өзгертетіндігі туралы көп болжамдар бар.

Осы үлкен форматтар – сәйкес болашақта белгісіздік жағдайында табыс пен билікке қол жеткізу жолын тазалауы қажет бір уақытта болашаққа бағдарланған капиталистік мүмкіндіктердің мемлекеттік және жеке сегменттері. Олардың динамикасы зорлық-зомбылықтан, дағдарыстан ада емес, себебі бір уақытта әрекет етпегендеріне қарамастан, олар өз денелері мен билік тәсілдерін дамытты, сондықтан орасан трансформациялаушы және планеталық күш болып табылады.

Дәл осы кезде «болашақ континентін» қанауға бағытталған жобалардың әрқайсысы заманауи капитализм өміршеңдігі жүйесінің негізін құрайтын аса терең және кең жаңа жаһандық тиімді көзқарасты, утопияны, аңыз бен үмітті (Йенс Беккерт) қалыптастырады. Бұл жобалар «мағына генераторлары» (Георг Болленбек) ретінде қызмет етіп, әлемнің негізгі интерпретациялары мен олардың «қазіргі болашағына» өз үлесін қосады.

Біз болашақты қалыптастырғанда, ол туралы әңгімелегенде, есептегенде, жазғанда, үміттенгенде, жоспарлағанда және қиялдағанда не болып жатады? Нәтижесінде болашақтар осы шаққа (өзектіге, шынайыға) айналады. Болашақтар атау беру, интерпретациялау және көмкеру арқылы анықталып, осы жерде және қазір қалыптасып жатып, осы шаққа ауысады да «қазіргі болашақтарға» айналады. «Қатердегі барлық болашақтарға атау берілді, ұғынылды, интерпретацияланды және тиісті осы шаққа сәйкестендірілді, бұл оларды өзекті, шешім қабылдауға дайын етті. Бүкіл процесс шынайы «болашақ шынайылық» пен осы шақтағы «шынайы болашақ» арасындағы айырмашылықты азайту ұмтылысымен байланысты, себебі әрбір «шынай болашақ» «осы жерде және қазір» мен «анау жерде және сол кезде» аралығында сақталады. Шынайы болашақ бар және сол мезетте жоқ, себебі әлі орын алған жоқ, ол жақта емес және ешқашан орын алмауы мүмкін. Дәл осы шақта орын алмаған немесе ешқашан да орын алмайтын нәрсенің бар болуы – шынайы болашақты шешім қабылдау, әрекет ету және әрекетсіздік нысанына айналдырады.

Сонымен, әңгіме болашақ шынайылықта шынайы болашақтың «уақыт ізін» (*Zeitabdruck*) кім қалдыратындығы туралы. Екіншіден, осы шақта шынымен де орын алатын – белгісіз және болжауға болмайтын – нақты болашақ шынайылықты сипаттайтын сенімділікті, нақтылықты, қабылдауды, мақұлдауды және, нәтижесінде, қауіпсіздікті қалыптастыру үшін қолдану мүмкін болатын, болашаққа бағдарланған идеяларға, үлгілерге, қиялдарға, нарративтер мен әрекеттерге қатысты шешім қабылдау қажет. Бұл – «болашақ саясатының» ерекшелігі. Ол әлсіз болса да алыптардың аяғында тұр.

Дегенмен, шынайы болашақтың дамуы оны басқалардан тартып алу дегенді де білдіреді, британдық футуролог Барбара Адам айтқандай, «Біз болашақты жасаймыз және аламыз», мысалы, қаналушылардан, өте кедейлерден, үйсіздерден, құжаты жоқтардан, түрмеге қамалғандардан немесе босқындардан. Мұнда, кез келген мықты және гегемониялық болашақ артынан еретіндер болашақ шынайылығының үлгісін жасайды, қалыптастырады және қиратады. Дағдарыстар, кедейлік, қиындықтар мен қатаң үнемдеу олардың уақытын ең қажеттіге дейін сығымдайды: қатерлі осы шақта аман қалу. Осылайша, болашақ тартымдылығы, жақсы өмір және өз қиялы үшін уақыт тапшы болады. Қатаң үнемдеу – кедейлер болашағына үздіксіз шабуылдау. Болашақтың осы алаңын – «мүмкіндіктер қоймасын» (Луман) – жабу және биліктен параллель субқұрылымдар арқылы басым жобаларға қарсы келетіндердің барлығын шығару – осы жердегі және қазіргі басым болашақ саясатының белгісі.

Қалай болғанда да, мәселе – соңғы 50 жылда ұлы мәдени үлгілер мен болашақтың капиталистік уәде нарративтерінің емес, олардың қалыптастыру және тұрақтылығы қабілетінің әлсірегенінде. Соңғы онжылдықтағы экономикалық дағдарыс тәжірибесі, тәртіптің социал-демократиялық-либералды үлгілерінің тез құлдырауы және оңшылдардың зорлық-зомбылық саясатының күшеюі тұрақсыздықты жылдамдатты. Нарық емес, кінәлі элиталар туралы ұлтшыл және фашистік нарративтер қайта жаңғырып жаңартылуда. 2008 жылғы қаржылық әрекет пен қаржылық дағдарыс миллиондаған қиялдағы болашақ шынайылықты құнсыздандырды және жойды. Сондықтан, мыңжылдықта жиналған тәжірибе мен мүмкіндіктер қайта жаңғыртылған немесе біріктірілген болашақтың жаңа, негізінен, мәдени бағыттары оңшыл регрессиялық ретромәдениеттерді мәжбүрлеу мақсатымен экономикадағы мегатенденциялар мен сәтсіздіктерге сенім артады. Яғни, өткеннің саяси контрнарративтері күшейіп, институттық және экономикалық тұрғыдан өзін тұрақтандыруда.

Бүгінгі капитализмді сынағысы, реформалағысы немесе түбегейлі трансформациялағысы келетіндерге нақ қазіргі дұғасы өткеннің саясаты туралы жаппай сұрау болып табылатын капитализм алғаш рет тарихта ықтимал, шынайы және мүмкін болашақтармен жұмыс жасайтын болашақ қоғамы болып табылатындығын ескеруі қажет екендігі айқын. ■

Хаттарды Райнер Риллинге <rillingr@mailer.uni-marburg.de> жолдауға болады.

> *Buen Vivir*-дің көп даусы

Матео Мартинес Абарка, Universidad Nacional Autónoma de México, Мексика және Әлеуметтік зерттеулер орталығы, Коимбра университеті, Португалия

Арбу иллюстрациясы.

Соңғы жылдары Латын Америкасында – әсіресе Анд аймағында – *Buen Vivir* идеясына қатысты маңызды пікірталастар орын алды. Алғашында 1990-шы жылдары байырғы халық күресінің шырқау шегінде әзірленген ұсыныс болса, кейін солшыл интеллектуалды және академиялық ортада қызу талқыланды және Эквадор сияқты елдерде 2008 жылы жаңа ұлттық конституцияны құрастыруда (және нәтижесінде жария саясатқа ығыстырылған) негізгі ұғымға айналды. *Buen Vivir* – қысқа ғана уақытта ұзақ жолды бағындырған мықты идея. Дегенмен, *Buen Vivir* дегеніміз не? Оны тек Латын Америкасы емес, бүкіл әлемде балама қоғамды құру үшін практикалық мәні бар ұсыныс деп есептеуге болады ма?

Buen Vivir-ді анықтау әдісі көп, ол негізінен қалыптасу орнымен байланысты. Дәл осы мағынада осы идея өзіне үндейтін дауыстың екпіні мен күшін қабылдайды. Сондықтан *Buen Vivir* бүтін байырғы халық немесе байырғы халық әйелдері, экологиялық белсенділер, интеллектуалдар, ҮЕҰ, керек десеңіз, Эквадор үкіметі үшін де бір мағынаны білдірмейді. Испан тілінен ағылшын тіліне тікелей «жақсы өмір» деп аударылатын *Buen Vivir* – бай, бірақ оңай тұрақтандыру мүмкін емес, қалыптасып болмаған бұлыңғыр ұғым, себебі ол үнемі қалыптасу және қайта қалпына келтіру, талқылану және қайта қарастырылу жағдайында.

Мысалы, байырғы халықтар үшін *Buen Vivir*-ді белгілі бір философия мен шындықты репрезентациялауға терең қадам жасамай түсіну мүмкін емес. Эквадорда кичва халықтары *Buen Vivir* баламасы ретінде *Sumak Kawsay* концептісін қолданады. *Sumak Kawsay*-ды адамдар мен табиғат арасындағы әлеуметтік қатынастар

>>

өзаратәуелділік, өзараәрекеттесу, ынтымақтастық және теңдік принциптеріне қатысты қауымдастыққа кіріктірілген *Pachamama*-ға (Жер-Ана деп аударуға болады) негізделген утопиялық идея ретінде анықтауға болады. Кичва тілінде сөйлейтіндер үшін *Sumak Kawsay* – «жаман өмірге», қауымдастық болмаған жағдайда өмірдің сәтсіз сипаты *Llaki Kawsay*-ға қарама-қайшылық. Боливиялық Аймара ұқсас, бірақ *Suma Qamaña* деп аталатын басқа концепцияға ие. Парагвайдың гуарани халқы оны *Ñandereko* десе, Чили мен Аргентиналық мапуче *Küme Mongen* дейді және тағы сол сияқты...

Интеллектуалдар мен ғалымдар, әсіресе латынамерикалық солшылдар үшін *Buen Vivir* даму, өсу және экстрактивизм мәселелерімен тығыз байланысты. Өмірдің капиталистік ұйымдастырылуында экономикалық өсу адам әрекеті өнімділігі мен табиғаттың (адам мен табиғаттың «өнімсіздік» процестерін ескергенде де) тауарға айналуына негізделеді. Осылайша, *Buen Vivir* нарықтық қоғамды бағалау әдістерінің радикалды антитезасы: айырбас құнымен салыстырғанда тұтынушылық құнының дәлелдемесі болар еді, себебі он тоғызыншы және жиырмасыншы ғасырлардағы материалдық теоретиктер айырмашылықты қалыптастыра алар еді. Яғни *Buen Vivir* пост-дамудың әлеуметтік логикасына сәйкес әрекет етуге ұмтылысын ғана емес, сондай-ақ мүлдем басқа посткапиталистік экономикалық рационалдылықты құрастыратынын білдіреді.

Қалай болғанда да *Buen Vivir*-ді жаһандық биліктің – әдетте, марксизм деп аталатын – колониялық, евроцентристік үлгілері дағдарысы жағдайында батыстық емес әртүрлі онтологияларға негізделген заманауилық сыны деп ұғыну керек. Теориялық дамуы тұрғысынан *Buen Vivir* өз идеяларын сын теориясынан, постколониялық теориялардан, феминизмнен, мәдени, нәсілдік және гендерлік зерттеулер мен саяси экологиядан алады. Алайда, оның тарихи маңыздылығы, ең алдымен, тар, жиі әлеуметтік қозғалыстардың қатаң тәжірибесінен, атап айтқанда ойлары мен міндеттемелерін күрестерінің нұсқаулығы үшін идеалдар жиынтығына айналдырған байырғы халықтар қозғалысынан шығады. Дәл осылай *Buen Vivir* ұғымның материалдануынан, өзгермелігінен аулақ болуға тырысады. Бұл – жиі теориялық тоқырауға ұшырайтын осындай басқа утопиялардың алдындағы артықшылықтарының бірі.

Қауымдастықтар бірнеше рет *Buen Vivir* идеясынан күрес барысындағы нақты мәселелерге бағытталған жаңа, практикалық ұғымды қалыптастырды. Мысалы, Эквадордың Амазонка бассейнін мекендейтін сараяку байырғы халқы қалыптастырған *Kawsak Sacha* немесе «тірі орман» ұғымы. Бұл ұсыныс өз территорияларында мұнай өндіру қаупіне жауап ретінде қалыптасты және басты мақсаттарының бірі 2000 жылдардың басынан бастап кен игеру үлгісіне балама ретінде қауымдастықтың «өмір жобасын» әзірлеу болды. Бірнеше жылдан кейін сараяку және біріккен агенттіктер *Kawsak Sacha* бастамасын 2015 жылы СОР 21 Париждегі ауа-райы саммитінде, кейін 2016 жылы Гавайяда өткен ХТҚО табиғатты қорғаудың дүниежүзілік Конгресінде таныстырды.

Buen Vivir шынында да байырғы халық тарихи жадындағы кейбір дәстүрлі элементтерді құтқарып және тірілткенімен «дәстүрлі дүниетанымды» жаңғырта қоймады. Дұрысы, концепция жұмыс пен табиғатты қанау орталық мәселе болып қала беретін шындықтың ырғағына үнемі бейімделіп отыратын алдыңғы қатарлы идеялар мен практикаларды құрастыруды ұстанады. Бұл, яғни В*uen Vivir*-ді байырғы халық пен олардың одақтастарының өздерін қоршаған әлем қирап жатқанда толық ай астында дауылпазда ойнауы арқылы Жаңа Заман руханилығының соңғы лебі ретінде елестету – Жаһандық Солтүстік, сондай-ақ Жаһандық Оңтүстік академиктері мен белсенділеріне тән әдеттегі қателік. Осылай *Buen Vivir* кемшілігін ескермеу және рационалды-прагматикалық көзқараста болу, шындығында, түп нұсқасы нағыз және терең саяси мәселе болатын ұсыныстың абайсызда саясатсыздандырылуына ықпал етті.

Осындай интерпретациялық қателіктер мен оның принциптерінің кейбір үкіметтермен тек мемлекеттік логика және мемлекеттік логика үшін доктринасының саясатсыздандырылған серіктестігі *Buen Vivir*-дің радикалды трансформациялаушы ұсыныс ретіндегі беделін жойды. Бұл 2008 жылдан бастап *Buen Vivir*-дің ұлттық конституцияның бір бөлігіне айналған Эквадорда орын алды. *Buen Vivir* өзегінің трансформациялаушы әлеуетіне қарамастан, оның Оңтүстік Америкадағы «алқызыл өрлеу» деп аталатын үкіметтің нақты жобасына бағынуы нәтижесінде эквадорлық қоғам үшін әлеуеті бюрократиялық таусылды, себебі тәртіп қарқынды экстрактивистік күн тәртібіне, авторитарлық тәжірибелерге және жемқорлықпен байланысты бірнеше жанжалға батты. Дегенмен, осы кемеңгер контрсаяси эксперименттің қысқа сәтсіздігі бүгінгі күнге дейін жобаға сенетін және өздерін жобамен бірегейлендіретін көптеген бағынышты топтар арасында қажетті өз-өзіне сыни талдау жасау, жаңару және үйрену процесіне түрткі болды. Ақыр соңында, дәл осы көзқарастар өз күресінде философиялық және саяси құрал ретіндегі *Buen Vivir*-дің болашағы туралы әңгімеге нүкте қойды. ■

Хаттарды Матео Мартинес Абаркаға
<abortocronico@gmail.com> жолдауға болады.

> Араб әлемінің басқа болашағы

Әбдіқадыр Латрече, әлеуметтанушы және демограф, Катар/Алжир



Алжирдегі демонстрация, плакаттағы жазу: «Сендер бәрін ұрладыңдар: біздің бірегейлігімізді, тарихымызды, революциямызды, тәуелсіздігімізді, ресурстарымызды, өткеніміз мен бүгінімізді. Бірақ, сендер, ешқашан болашағымызды ұрлай алмайсыңдар!»

Араб елдерінің немесе араб әлемінің болашағын болжау, іздеу және қалыптастыру – қиын әрі күрделі процесс. Сын-тегеурін рухтанған болашақ, ғажайып өткен шақ пен осы шақтың бейнеті арасындағы мемлекеттермен байланысты. Олар – дәстүрлі (*qadim*) мен заманауилық (*jadid*) арасындағы мәңгі дау мен жарқын болашақты іздеудегі, оның ішінде «араб ұлты» туралы аңызды жаңартудың мәңгілік ізденісі, алшақтау пен сабақтастық арасындағы үздіксіз диалектика қоғамдары. Араб мемлекеттері XIX ғасырдан бері өзгерістер кезеңінде болғандықтан жағдай қиын: деколониялықтан кейін ұлттық мемлекетті құру басталды; содан кейін араздықтар, шиеленістер және жаңарту (*tajdid*) түрткі болған әртүрлі дағдарыстар орын алды. Еркіндік үшін күресті қабылдау жаңаруды (модернизм) дәстүрлілікке қарсы шығарып, алшақтауды тудырады. Сондықтан да араб мемлекеттері әлсіз және барлығын қайтадан жасағысы келетін болып көрінеді; олардың, XIX ғасырдағы Еуропадағы революцияларға ұқсас, еркіндік үшін революцияларында осы шақ белгілері жойылуы тиіс тарихқа үнемі қарсы. Керісінше, болашақ жаңару, алшақтау және модернизм синонимі, мұны араб қоғамының стагнациясын сынаған және жаңа заманауи саяси кеңістіктің қалыптасуына ықпал еткен он тоғызыншы ғасырдағы араб қайта өрлеу қозғалысынан байқауға болады.

Арабтардың, «араб ұлтының» немесе араб мемлекеттерінің болашағы туралы идея араб ойында, саяси қозғалыстар мен партияларда араб мемлекеттерінің тәуелсіздігіне дейін де, кейін де болған. Араб мемлекеттерінің жаңа тарихынан, әсіресе қайта өрлеу қозғалысы (*Nahda*), деколониялық, модернизация мен жаңа ұлттық мемлекет құрудан бөлуге болмайтын бұл идея көптеген жылдар бойы араб бірлігі мен/немесе арабтардың ортақ әрекеті идеясымен тығыз үйлесімде болды. Араб арманымен байланысты әлеуметтік және қоғамдық күш-жігер әлі де әртүрлі әдеби, шығармашылық, спорт және басқа да кеңістікте жалғасып жатыр. Араб болашағы идеясы ұрпақтан да, уақыттан да басым екені айқын. Бірақ, бұл, бір жағынан, араб халқының демографиялық өсімімен байланысты күрделеніп барады.

> Басқа болашақ

Тәуелсіздік алған уақыттан бері араб мемлекеттері жаңа ұлттық және өңірлік институттарды, құқықтық және заңнамалық шектеулер мен әртүрлі ұлттық және өңірлік даму стратегияларын әзірлеу және қабылдау арқылы мемлекетті басқаруды модернизациялауға дайын екенін көрсетті. Осы ұлттық және өңірлік күш-жігер ұлттық ресурстың үлкен көлемін мобилизациялауды талап етті және байлықтың негізгі бір көзіне – мұнай немесе газға, туризм немесе ауыл шаруашылығына – тәуелді болды. Алғашқы сектордағы дағдарыс – мысалы, мұнай мен газ бағасының ауытқуы – үлкен дефицит тудырып, мемлекеттік инвестицияларды тоқтатады, осылайша экономикалық және әлеуметтік дағдарысқа алып келеді. Араб экономикаларының бірегейлігі мен олардың бір секторға толық тәуелділігі жалғаса алмайды; араб мемлекеттері өз экономикаларын әртүрлі басқаруы және өз ресурстарын, әсіресе мұнай мен газды, пайдалану әдістерін өзгертуі қажет. Елеулі өзгеріс немесе «алшақтау» экономиканың мұнай-газ саласының шеңберінен шығып, өндіргіш еңбек құндылығын жоғарылататын,

>>

сондай-ақ жергілікті өндіргіш бастамаларды жан-жақты ынталандырып қолдауы үшін нағыз әртараптандыруды қажетсінеді. Бұл жынысқа, жасқа, дін мен этникалық, сонымен бірге экономикалық, әлеуметтік, өңірлік және тайпалық қатыстылығына негізделген барлық ерекше тәжірибелердің жойылуы керек дегенді білдіреді. Араб мемлекеттері тұрақтылығының болашағы халықтың барлық қабаттарының қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету және жиырмасыншы ғасырда араб саяси алаңында басым болған өмірлік көшбасшы (*président à vie*) туралы көзқарастан алшақтау үшін саяси жүйелерінің реформалануын және модернизациясын талап етеді. Басқа институттық алшақтау ұлттық саяси институттар тиімділігін жоғарылатуға, өңірлік араб институттарының модернизациясы мен кәсібиленуіне қатысты; оларға өкілеттілік беріліп, саясаттан тәуелсіз болуы тиіс.

Арабтардың «басқа» болашағы дегеніміз – экономика, саясат және қоғам өміріне қатысатын «жаңа азаматтарды» қалыптастыру мақсатымен жергілікті (жеке және топтық) бастамаларды күшейту мен жақсартуға негізделген жаңа стратегияларды қабылдай отырып, барлық ұстанымдарынан алшақтау және айырылу. Қоғамның дамуында қатыстылық еркін және автономды әртүрлі әлеуметтік және кәсіби қауымдастықтарды құру, сондай-ақ кәсіпкерлер, кәсіби мамандар (заңгерлер, инженерлер, мұғалімдер), студенттер, жастар, әйелдер сияқты адамдардың әртүрлі топтары мен әлеуметтік институттардың үздіксіз қатысуы арқылы азаматтық қоғамды ұйымдастыруды талап етеді. Ұлттық саясатты әзірлеу жөніндегі жалпы пікірталас та керек. Бұл – мемлекет құзыреттілігін төмендету емес, үкімет пен басқарылатындар арасындағы қатынасты нығайтуға бағытталған басқарудың инклюзивті үлгісін қалыптастыру мақсатымен үкіметтік емес серіктестіктердің белсенді қатысуы.

Мінез-құлық пен ойлаудағы алшақтау, популизмнің барлық түрлерінен бас тарта отырып, басқару үлгілері мен әдістерін, араб елдеріндегі әйелдер жағдайын саналы әрі батыл талқылауды қамтиды. Сонымен қатар, мемлекеттегі орталық орнын дәлелдеу үшін қоғамдағы ислам орны да байсалдылықпен талқылануы керек.

XXI ғасырдың аяғына қарай араб мемлекеттерінің болашағы тек институттық және мінез-құлықтық алшақтау мен айырылуға тәуелді болады: сондай-ақ, ол арабтар ұлт және өңір ретінде әлемдегі орны, рөлі мен қызметін қалай көретіндігіне де байланысты. Олар мәңгіге мұнай мен газ өндірушісі мен әртүрлі қажетті және қажетсіз тұтыну тауарларының импорттаушысы болып қала бере ме? Араб өңірі үнемі босқындар мен керексіз адамдарды өндіретін шиеленістер мен соғыстар мекені болып қалады ма? Немесе араб мемлекеттері шиеленіссіз және үйлерінен айрылған адамдары қалмаған, мықты әлеуметтік қорғау, білім беру және денсаулық сақтау жүйесі бар тұрақты аймақ қалыптастырғысы келеді ме? Өндіріс, медицина, технология және ғылым тұрғысынан арабтардың жаңа ұрпағы не өндіреді? Олардың қосатын үлесі қандай болмақ?

Әртүрлі институттық және мінез-құлықтық алшақтау мен айырылу өзараәрекеттесуі әлемде араб мемлекеттерінің жаңа рөлі мен орнын қалыптастырумен қатар жүруі керек. Бұл арнайы институттар мен заңнаманы, басқа араб әлемінің мүмкін болатындығына сенімді талап етпейді. Бұл арабтар қалайтын болашақты жаңадан іштей талқылаудың бастапқы нүктесіне айналуы мүмкін. Бұл болашақ импровизацияланған саяси реформалармен, қайта бірігумен немесе одақпен шектелмейді, керісінше, шиеленістерді тоқтатып, шешімін табатын, тұрақтылықты, гүлденуді, қауіпсіздікті, аймақаралық айырбас пен ынтымақтастықты сақтайтын прагматикалық, іргелі және араб мемлекеттерінің ортақ мүдделеріне негізделген өңірлік көзқарасты әзірлеуге ұмтылады.

Болашақ ұрпақ Жаңа Араб Әлемінің – импортталған немесе жасанды емес, бастамасы ішінен басталып әзірленетін – негізін қабылдай алу мүмкіндігіне ие болулары үшін XXI ғасырдың соңында орын алатын арабтар болашағын қазір құрып, жоспарлау қажет. Бұл өткеннің барлық жетістіктерінен толық алшақтау немесе айырылу болмайды; өткен ғасырларда араб елдері елеулі өзгерістерге ұшырап, болып жатқан оқиғаларға үнемі жауап қайтаратын, сондықтан осыларды болашақты құрудың негізі ретінде пайдалану дұрыс болар еді. Жақын әрі алыс болашақтағы ішкі және сыртқы сын-тегеуріндердің артатындығын ескере отырып, өткен мен осы шақта орын алған апатты оқиғалардың, фрустрациялардың, сәтсіздіктердің қайталанбауы үшін болашақты қазір басымдық ретінде қарастыруымыз қажет.

Арабтар, олардың көршілері мен достары ұмтылатын жаңа гүлденген араб әлемінің пайда болуы үшін қажетті объективті жағдайлар әртүрлі. Алшақтау мен айырылу жүруі қажет жерлерде ол зорлық-зомбылық пен жатсыну жолымен емес, диалог пен айырбас арқылы жүзеге асуы керек. Бұл – арабтардың осы және болашақ ұрпағының маңызды міндеттерінің бірі. Сондықтан, арабтар болашағы бүгінгі арабтардың барлығы үшін басымдық болуы, бір мемлекеттің емес, өңірдің мүддесіне айналуы қажет. ■

Хаттарды Әбдіқадыр Латречеге <ablatre@yahoo.fr> жолдауға болады.

> Стигма саясатты қалай тежейді:

Оңтүстік Африкадағы қоқыс жинаушылар

Тереза Перес, Кейптаун университеті, Оңтүстік Африка

Қоқыс жинаушылардың Оңтүстікафрикалық қауымдастығы. Авторлық құқық: SAWPA.

Өткен айда, Кейптаунда өткізген жеті жылдан кейін, Ұлыбританияға қайту үшін заттарымды жинауды аяқтадым. Маған қажет еместің барлығын үйімнен шығардым, ол бір сағат ішінде жоқ болды. Қоқыс жинаушылар менің заттарымды жинап, сұрыптап және сатып жатты. Мен үшін бұл – бір уақытта қалдықтарды азайтудың ең жылдам және ыңғайлы әрі табыс табатын адамдарды қолдау әдісі. Басқалары үшін мен, күмәнсіз, ақшаны ішімдік пен заңсыз заттарға жұмсайтын үйсіз адамдарды көрші болуға тартатын және ынталандыратын жауапсыз адам болдым. Бірнеше аптадан кейін көршілерін бақылайтындар ұрлыққа таң қалмас еді: «қоқыс жинаушылар» деп атауға болатындар – қылмыскерлердің көзі мен құлағы.

Мұндай қарама-қайшы қатынасты қоқыс жинаушылар бетпе-бет келетін стигматтауды саясаттың әлі де еңсермегендігімен түсіндіруге болады. Негативті стереотиптер қоқыс жинаудың «жасыл жұмысқа» айналу немесе қоқыс жинаушылардың өңдеу өнеркәсібі жұмысшыларына ауысу мүмкіндігіне де ықпал етеді. «Қоқыс жинаушы» тіркесі теріс коннотацияға ие, ол басқа сөздерді, мысалы, «утилизатор», пайдалануды насихаттауға алып келді. Мен пайдаланып отырған «қоқыс жинаушы» еңбек жағдайларын жақсартуға күресіп жүрген *South African Waste Pickers' Association (SAWPA)* [Оңтүстік Африка қоқыс жинаушылары қауымдастығы] мен *Global Alliance of Waste Pickers* [Қоқыс жинаушылардың жаһандық альянсы] қолданатын ұғыммен сәйкес. Олардың жұмсап отырған күш-жігеріне қарамастан қоқыс жинаушыларға қолдау көрсетілуі қажет жағдайлар (егер олар бар болса) туралы ортақ пікір жоқ.

> Полиция және имидж

Қоқыс жинауға қатысты белгісіздік әртүрлі саяси деңгейлер мен өңірлер арасындағы позициялардың көптігімен тереңдеп отыр. Жаһандық деңгейде қоқыс жинау Халықаралық еңбек ұйымының «лайықты еңбек» жобасына кіреді. Қоқыс жинаушылар БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына жету үшін маңызды деп бейнеленеді. Бұл дегеніміз қоқыс жинаушылар – жаһандық Оңтүстіктегі жасыл экономиканың әлеуетті

>>

жұмысшылары. Кейде *freegans* [фригандар – тамақ пен қажетті заттарға ақша жұмсамай, оларды, мақсатты түрде, қоқыстан іздейтін адамдар] немесе *dumpster divers* [қоқыс контейнерінің дайверлері] деп аталатын жаһандық Солтүстіктегі әріптестеріне қарағанда, бұлар қоршаған ортаны қорғау қозғалыстарымен байланысты емес. Қоқыс жинаушылар белсенді таңдау жасайтын адамдар ретінде сирек қарастырылып, әдетте үмітсіздікпен байланыстырылады. Бұл бейне ұлттық деңгейде маңызды мәнге ие. Бір жағынан, үкімет қалдықтарды азайтудың дене еңбегі, яғни қоқыс жинаушыларды пайдалануға болатын әдістерін таңдауы мүмкін, бірақ ол кедейліктің жоғары деңгейін көрсетеді. Екінші жағынан, олар заманауи еуропалық әдістерге еліктейтін, «қалдық энергияға» сияқты технологиялық шешімдерді қолдануы мүмкін, бірақ ол аз жұмыс орнын ұсынады және осы орындарға бүгінгі күні қоқыс жинаушы болып жұмыс жасайтын адамдардың келуі екіталай.

Кейптаун 2017 жылы Африкадағы алғашқы ірі масштабтағы қалдықтарды энергияға өңдейтін зауыт мекеніне айналды. Электр қуатының тапшылығы мен осы мақаланы жазу кезінде электр қуатын жүйелі өшірудің қайта оралуы жағдайында коммуналдық қызметтің ұлттық тасымалдаушысына (Eskom) кез келген балама – арзан сауда. Зауытты іске қосқан кезде қол жеткізілген тағы бір артықшылық – жұмысшылардың (шамамен 80) қоқыс үйіндісіндегі сияқты қалдықтарды жинамауы. Шындығында, қоқыс жинаушыларға кооперативтер құруға көмектескен басқа жергілікті билік органдарына қарағанда, Кейптаун қоқыс үйінділерінде қалдықтарды жинауға тыйым салынған. Мұндай өзгерістердің Оңтүстік Африкада орын алуы әбден мүмкін, себебі ұлттық заңнама (The Waste Act [Қалдықтар туралы Заң]) жергілікті билік органдарында қалдықтарды басқару жоспарының болуын қарастырғанымен, қалдықтардың нөлдік деңгейіне қол жеткізу тетіктері толығымен жергілікті саясаткерлер қолында. «Әлем қалалары» болуға ұмтылатын қалалар үшін заманауи имидж шетелдік инвестицияларды тарту үшін маңызды. Футболдан әлем чемпионаты сияқты жоғары деңгейде өткізілетін іс-шараларға дайындық барысында қоқыс жинаушылар орталық іскерлік аудандардан шеттетіледі. Жергілікті шенеуніктер көше деңгейін қалпына келтірудің кез келген әрекетін ерікті деп қарастырғанымен, жалпы тежеп отырады. Бір жағынан бұл тұрғындардан түсетін арыздармен де байланысты, әсіресе тарихи «ақ» қала маңы аудандарының тұрғындары лас нәрсені қылмыспен байланыстырады.

> Тұрғындардың қабылдауы

«Жасыл» жұмыс орындарын көбейту қоғамның қатысуын талап етеді. Жол бойында қоқыс жинау сызбасының сәтті жүзеге асуы тұрғындардың қалдықтарды сұрыптауына тәуелді және олар бұрынғы қоқыс жинаушылардың өз тұрмыстық қалдықтарына қол жетімділігі мен сұрыптай алатындығына қуанышты. Бүгінгі күні қоқыс жинаушылар өздерін әлеуетті жұмысшы және мемлекеттік қызметкер ретінде ұсынуға бар күш-жігерін салып жатыр. Қоқыс шелегін сұрыптайтын адамдардың кім екендігі және оларды қандай түрткі итермелейтіндігі туралы күдік бар. Сырт келбеті бойынша қоқыс жинаушылардың қайыршы қаңғыбастардан еш айырмашылығы жоқ. Жиі bergies - қоқыс шелегін сұраптайтындар – деп анықталатындар «қалыпты» адамдар қиын жағдайда арқа сүйей алатын қатынастарды, яғни достарымен және отбасымен байланысын үзгендер деп топшыланады. Қоқыс жинаушылардың сыртқы келбеті сенім тудырмайтын сезімдердің пайда болуына алып келуі мүмкін. Қоқыс жинаушылардың көбінде, дискредитациялаушы таңба қызметін атқаратын, түрмелік тату, тыртықтары және денесінің басқа да белгілері болады. Бұл – қылмыстан арылып, жұмыс тапқандардың өзін адам ретінде қабылдауына кедергі. Оның орнына қоқыс жинаушылар қол жетімсіз болып көрінеді. Өзараәрекеттестіктің жоқтығы тұрғындар қоқыс жинаушылар туралы пікір қалыптастыру үшін ақпараттың басқа көздеріне сенетіндігін білдіреді.

Бай қала маңы аудандарында жеке меншік күзет фирмалары қоқыс жинаушыларға қалдықтарды бермеуге кеңес беріп, соқыр сенім мен кемсітуді одан әрі күшейтіп отыр: бұл солардың бизнесінің іргетасы болатын қорқыныш сезімін күшейтеді. Дәл осылай, көрші бақылау топтары өмір сүруге қажетті табыс жолындағылар мен үйлеріне баса-көктеп кіргісі келетіндерді ажырата алмайды. Тұрғындар қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіруші ретінде қарастырылатын кез келген туралы мәлімет беретін және шектететін, «нәсілі», жасы мен жынысына қарай алдын-алу шараларын жүзеге асыратын көше патрульдерін құру үшін кеңесшілерімен бірікті. Жақын маңайда жағымсыз адамдар типтерін қадағалау үшін тұрғындардың WhatsApp топтарында «ВМ» «қара нәсілді адам» коды ретінде пайдаланылады. Сондықтан, қоқыс жинаушылар көше мен тұрмыстық қалдықтарға рұқсат алу үшін үнемі келіссөз жүргізіп, алдын-ала келісіп отыруы қажет. Қазіргі жағдайда қоғам қоқыс жинаушыларды қызмет көрсеу саласының әлеуетті жұмысшылары деп қабылдауы күмәнді. Оңтүстік Африканың үкімет қолдау көрсететін және ақпараттық-насихаттау топтары жұмыс жүргізіп жатқан кей бөліктерінен басқа жерлерде қоқыс жинаушылар – маргиналдық жағдайда. Оңтүстік Африканың кейбір бөліктерінде байқалып отырған қоқыс жинаушыларға ұжым құруға немесе жалдамалы жұмысшы болуға көмектесуге бағытталған саясат жағымсыз ретінде стигматталған адамдардың барлығына тегіс жетіп отырған жоқ.

Жаһандық және жергілікті деңгейлерде жүйесіз саясатпен тереңдеп отырған стигматтау – Оңтүстік Африка қоқыс жинаушыларының кедергісі. Тарихи менсінбеушілік негізінде кең таралған стереотиптер бақыланбайтын (еуропалық емес) жұмысшыларға жасыл экономикаға қатысуға қажетті қолдау алуға мүмкіндік беремейді. Қоқыс жинаушылар қаңғыбас, ішімдікке немесе заңсыз заттарға тәуелді, рационалды ойлауға қабілетсіз және бай қала маңы аудандарының қауіпсіздігіне қауіп-қатер ретінде интерпретацияланады. Қоқыс жинау артта қалған, лас және қалдықтарды азайтудың тиімсіз әдісі деп қарастырылады. Қоқыс жинаушылар мен қоқыс жинау дамушы ел белгісі болып табылатын саясат аясында бұл жағымсыздық сақталып отыр. Осылайша, туризм мен бизнеске бағдарланған қалаларда өңдеудің, дене еңбегі әдісіне қарағанда, механизацияланған түрлері кең таралуы әбден ықтимал. ■

Хаттарды Тереза Переске <tpz031@googlemail.com> жолдауға болады.

> Климаттың өзгеруіне бейімделу: Зимбабведегі ұсақ фермерлер

Кристофер Мабеза, Зимбабве Ашық Университеті, Зимбабве

Жаһандық климаттың өзгеруі күмән туғызбайды. Климат өзгерісінің ықпалы бүкіл әлемде пропорциялық сезіліп отырған жоқ, себебі негізгі ауырлық дамушы елдердегі адамдарға тиіп отыр. Зимбабве де тыс қалмады. Зимбабве ауылдық жерлерінде климат өзгеруінің әсері тегіс байқалады. Жауын-шашын өзгермелігінің артуы аласапыранға алып келді: ұсақ фермерлердің тіршілік әрекетіне әлдеқайда қауіпті төндіріп, олар құрғақшылықтан құрғақшылыққа ұшырап отыр. Пікірталастар, әдетте, климаттың өзгеру дағдарысындағы ұсақ фермерлік шаруашылықтардың алдыңғы позицияларын елеусіз қалдырады. Осындай өмірге қауіп нәтижесінде ұсақ фермерлік шаруашылықтар климаттың өзгеруіне бейімделудің керемет стратегияларын әзірледі. Өкінішке орай, климаттың өзгеруіне бейімделуде ауылдық жерлерге көмектесуде жергілікті инновациялардың сыни рөліне мұрындарын тыржитатын перспективалардың арқасында олардың инновациялары саясатты қалыптастыруда екінші орынға ығыстырылып отыр. Технологиялар трансфері климаттың өзгеруіне бейімделуді саясат қалай қабылдайтынына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін. Дегенмен, бұл мақалада ұсақ фермерлер стратегиялары ауылдық жерлердің дамуы үшін маңызды деген тұжырым жасалады.

Үздіксіз эксперименттер – Зимбабве ауылдарындағы ұсақ фермерлік бастамалардың негізі. Мұндай бастамалар олардың табандылықтарын айқын көрсетеді. Инновациялар – көптеген тығырыққа тірейтін жолдарды іздейді. Бұл стратегиялар ұсақ нәзік тіршілік әрекетіне оңай шешімдерді ұсынбайды. Олар жан-жақты шешімдер. Жан-жақты шешімдер – климат өзгеруіне бейімделу үшін түзетулер жиынтығы не қатары. Бұл дегеніміз, климат өзгерісінің салдарымен күресу үшін жалғыз шешімнің жоқ екендігін, қатар жұмыс істейтін бірнеше шешімдердің барын білдіреді.

Зимбабведегі Шона климаттың өзгермелігіне ертеден бейімделген. Олар елдегі ең ірі этникалық топ. Олар еңбекқор адамдарын мақтан тұтады және еріншектікті жақтырмайды. Олар, негізінен, өздерін азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жер жыртады. Олардың тіршілік әрекеті ауыл шаруашылығына тәуелді. Осы фермерлер арасында фермерлік шаруашылық және климаттың өзгермелі жағдайларына бейімделу жөнінен білікті маманға айналған адамдар бар. Мұндай білікті фермерлер жергілікті жерлерде *hurudza* деп аталады. Кей жағдайларда, осы өнімді фермерлер *mutambanevhu* (жермен «ойнайтындар») ретінде белгілі. Олар – табанды экспериментаторлар. Олардың инновацияларының басым бөлігі суды үнемдеуге негізделген.

Су жинау фермерлердің жауын-шашынның өзгеруіне бейімделуіне барынша қолайлы мүмкіндік болып табылады. Мұндай оқшауланған орталарда жаңбырдың тез түсуі және тез тоқтауын ескерсек бұл – өміршең мүмкіндік. Ауылдық Зимбабведе, су жинаушы ретінде әлемге әйгілі фермер, марқұм Зифанах Фири (Zephanaih Phiri) суды жинау дағдылары үшін National Geographic сыйлығына ие болған. Ол өз үйінің жанында тау жотасының астындағы суды жинады. Ол: «Мен су мен топырақты қашып кетпей, менің жерімде отбасын құратындай етіп, бір-біріне қостым» деп айтар еді. Бұл дегеніміз оның инновациялары топырақ эрозиясына жол бермей, судың көп бөлігі егін суаруға кететініне кепілдік береді. Ұсақ фермерлер ағын суларды жинап, оны өз үйлерінде салынған шағын бөгеттерге бағыттайды (1 суретті қараңыз). Олар суды көкөніс шаруашылығы үшін пайдаланады. Өздерін «эрозияны өлтіруші» деп есептейтіндер, бөрене бойымен қабырға салып, оны бау-бақша шаруашылығының мақсаттары үшін пайдаланатын шағын бөгетке айналдырады (2 суретті қараңыз). Осылайша, олар жыралар/сайлар эрозиясын тежейді.

Зимбабведегі бірқатар ауылдық жерлерде кейбір үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) фермерлерге климаттың өзгеруіне бейімделуіне көмектесу үшін *Conservation Agriculture*

1. *Ұсақ фермер учаскесіндегі шағын су бөгеті. Су фондық тәсілмен қызанақтарды суаруға қолданылады.*

>>

2. *Мына шағын су бөгеті – «эрозиялық ажалдың» ісі*

[Ауылшаруашылығын рационалды пайдалану (АРП)] бағдарламасын іске қосты. АРП бағдарламасы жердің минимум бұзылуы мен суды үнемдеуге негізделген. АРП бағдарламасын қолданатын фермерлердің көбі жабындау үшін шөптерді пайдаланады (3 суретті қараңыз). Кейбір инновациялық АРП фермерлері жауын-шашын көрсеткіштерін өлшеу үшін ескі құтыларды пайдаланады (4 суретті қараңыз). Олар осындай жауын-шашын аспаптары арқылы жауын-шашын туралы мәліметтерді жинайды.

Ауылдық Зимбабведе климаттың өзгеруінің артуы өршіп келе жатқан «көк революцияға» алып келді. Көк революция – балық өсіру. Парниктік газдарды аз шығарғандықтан, балық шаруашылықтары мал шаруашылығына қарағанда «жасыл» деп саналады. Зимбабвенің кейбір аймақтарында балық шаруашылығы негізгі шаруашылық түріне айналғанын атап өткен жөн. Ұсақ фермерлер өз үйлерінде балық бөгетін салуда (5 суретті қараңыз).

3. *Мына фермерлер шөпті мулчтеуге қолданады.*

4. *Табиғатты қорғайтын ауыл шаруашылығымен (ТА) айналысатын фермер Шуругвиде бос қалбырдан қолдан жасалған жауын қондырғысымен.*

Басқа фермерлер мен «шекарасыз тауықтар» деп атағанды жөн көретін дала тауықтарын өсірумен айналысады. Шекарасыз тауықтар өсірумен айналысу көп ұсақ фермерлер үшін әйгілі бейімделу шараларына айналды. Фермерлер қиыншылықтың өзінде де мүмкіндік бар екенін түсінді. Бұл өзгерістерге жалғыз саналы жауап ретінде одан тек мүмкіндікті табу екенін түсінуге негізделген. Кейбір фермерлер 2000-ға дейінгі шекарасыз тауық өсіреді. Олар тауықтарын көрші қалаларға, әсіресе елорда Харареге сатады, онда органикалық өсірілетін тауықтарға үлкен сұраныс бар. Осылайша, бизнес өте қызу үстінде, ал фермерлер өз тауықтар санын көбейтуге үміттенеді.

5. *Ұсақ фермердің балық тоғаны.*

6. *Мопане құрты (amacimbi).*

Кәсіпкерлікпен айналысатын фермерлер өздерінің өмірлік мүмкіндіктерін әртараптандырады. Олар жергілікті жерлерде amacimbi ретінде белгілі, мопан құрттары сияқты орман өнімдерін жинайды (6 суретті қараңыз). *Amacimbi* - деликатес өнімі және жергілікті базарда оңай қол жетімді. Түсім азық-түлік сатып алуға және мектеп балаларының ақысын төлеуге жұмсалады.

Ұсақ фермерлік шаруашылықтар климаттың өзгеруіне бейімделу дискурсында маңызды рөл атқарады. Олар саяси сарапшыларға қарағанда өздерін қоршаған ортаны жақсы түсінеді. Олар қауымдастықтарға климаттың өзгеруіне бейімделуде көмек көрсете алатын білімнің басты сақтаушылары болып табылады. Саясатты әзірлеуге жауапты тұлғалар ұсақ фермерлердің инновациялық жан-жақты шешімдерін ескеруі қажет. ■

Барлық сурет: Кристофер Мабеза

Хаттарды Кристофер Мабезаға <cmmabezah@gmail.com> жолдауға болады.

> Эрик Олин Райт: Шынайы утопист[1]

Майкл Буравой, Берклидегі Калифорния университеті, АҚШ

Эрик Олин Райт өзінің «шынайы утопия»тұжырымы туралы айтып жатыр. Роза Люксембург Қоры / Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Бұл неден басталды? Айту қиын. Эриктің өзі 1971 жылға дейін әскерге шақыртудан қашып, Берклидегі унитарлық-универсалдық семинарияның студенті болған кезде өзінің утопияға деген қызығушылығын жоғалтқан жоқ. Тап сол кезеңде американдық қоғамның революциялық өзгерістерінің болашағын талқылау үшін «Утопия және революция» атты студенттік семинар ұйымдастырды. Содан кейін ол Сан-Квентиннің мемлекеттік түрмесінде студент-капеллан ретінде жұмыс істеді, түрме реформасымен айналысатын белсенділердің ұйымына қосылды.

Бұл жағдай оның буырқанған жетпісінші жылдардың басында Берклиде аспирантураға түсуіне жақсы дайындық болды және сол күндердің әлеуметтануды марксшіл пән ретінде қайта жаңғырту зияткерлік жобасында маңызды тұлғаға айналды. Осылайша, Эриктің диссертациясы үстем әлеуметтанудың идеологиялық тұғырын емес, ғылыми пайымдауларына дүдәмалдықты орнатты. Ол таптың қайта жаңғыртылған маркстік анықтамасы қолданыстағы стратификация үлгілері мен адам капиталының теориясынан гөрі кіріс айырмашылықтарын жақсырақ түсіндіре алатынын көрсетті.

Сонымен қатар, Эрик әлеуметтануды өзгертуге үндей отырып, марксизмді қайтадан дүниеге алып келді. Орта тап ұзақ уақыт бойы марксизм үшін жазылмас жараға айналған еді – ол жойылып кетуі керек болатын, бірақ арта түскен сияқты. Лука Перронмен бірге Эрик «қарама-қайшы таптардың локациясы» деген ұғымды енгізіп, мәселені шешті. Осындай қарама-қайшы үш таптық локация орын алды: ұсақ буржуазия мен ірі капитал арасындағы ұсақ кәсіпкерлер; капитал мен жалдамалы еңбек арасындағы жетекшілер мен басқарушылар; жалдамалы еңбек пен ұсақ буржуазия арасындағы жартылай тәуелсіз жалдамалы қызметкерлер.

>>

1976 жылы Висконсин-Мэдисон университетінде доцент болып жүргенде Эрик таптарды талдаудың зерттеу бағдарламасын әзірлей бастады. Сол кездегі зерттеулер оның ұсынып отырған жаңа категорияларын салыстыруға арналмағандықтан, ол тың таптық категорияларды жинақтау үшін өзі ұлттық зерттеу жүргізді. Марксшілдер үстемдік еткен дәуірде оның идеялары таралып, көп ұзамай басқа біршама елдерде де параллель зерттеулер жүргізіп, топтар ұйымдастырды.

Оның ғылыми жұмысына тән белгі бар болса, – және, шындығында оның өмірін де сипаттайтын – ол – бәрін дұрыс жасауға деген құлшыныс. Бұл теориялық тұжырымдар мен эмпириялық зерттеулер арасындағы тығыз байланысты дамытып ғана қойған жоқ, сонымен қатар аналитикалық сызбаларының ішкі логикасын тереңдетті. Оның пайымдарының эволюциясын *Class, Crisis and the State* [Тап, Дағдарыс және Мемлекет] (1978) бастап, диссертациясы жарияланғаннан кейін іле-шала жарық көрген *Class Structure and Income Determination* [Таптық құрылым және кірісті анықтау] (1979) және *Classes* –те [Таптар] (1985) Джон Ремердің қанау туралы түсінігін және *The Debate on Classes* -та [Таптар туралы пікірталастар] (1989) оның сынға жауабын қабылдағаннан кейін қалыптасқан терең тұсына дейін кітаптары арқылы түсіне аласыз.

1981 жылы Эрик тамаша әлеуметтанушылар мен философтар тобына қосылды, олардың арасында, әсіресе философтар Г.А.Коэн мен Филипп Ван Парийс және экономист Джон Ремер оған қатты ықпал етті. Олар бір-бірін өз жұмыстары арқылы аяусыз қуыра жеп марксизмнің негізін түсіндіретін көбіне «қызыл сөзден ада марксизм» деген атауға ие «Аналитикалық марксизмнің» алғашқы қарлығаштары еді.

Марксизм әуелден-ақ утопиялық ойға қарсы болғанына қарамастан, 1989 жылдан кейінгі саяси конъюнктура тап осыны талап етті. Эрик үндеуді қабылдады. Жаңа консерватизмнің пафосын тікелей сынай отырып, ол капитализмге балама ретінде социалистік бағыттағы күн тәртібін ұсынды, бірақ оның қайнар көзін капиталистік қоғамнан тапты.

Жаңа жоба 1991 жылы-Кеңес Одағы ыдырағанда басталды. Эрик «нақты утопияларды» – қандай да бір алыпсатарлық идеалды әлем емес, нақты бар қоғамдарда табуға болатын нақты баламаларды талдау үшін конференция топтамасын ұйымдастырды. Конференция тақырыптары ассоциациялық демократия, нарықтық социализм, қатысу негізіндегі демократия, табыстың универсал гранттары және гендерлік теңдік. Конференция баяндамалары Эрик жинақған кітаптар сериясында жарияланды, ең шарықтау шегі оның белгілі *Envisioning Real Utopias* [Шынайы утопия туралы пайым] жазбасы болды.

Эрик әлеуметтануды оның негізін қалаушыларына – Маркс, Дюркгейм және Веберге қайтарды, олар заманауи кәсіпқойларға қарағанда, өз теорияларының архитектурасын адамгершілік құндылықтар негізінде құруға жиіркенген жоқ. Эрик әлеуметтану жобасын осы құндылықтарды жүзеге асыру үшін институттық мүмкіндіктерді түсіну ретінде дәл айқындады.

Өмірінің соңғы жылдары Эрик шынайы утопия белсенділер үшін өте тартымды екенін байқады. Оның идеялық-зияткерлік көзқарасын өз жобаларына пайдалануға мүдделі топтармен кездесіп, көп уақытын әлем бойынша саяхатта өткізді. Сондықтан антикапитализм бойынша *How to Be an Anti-Capitalist in the 21st Century* [21 ғасырда қалай Антикапиталист болуға болады] деп аталатын оқулықты жасау мақсатында «Шынайы утопия туралы пайымды» қолжетімді қалыпқа түсіруді қолға алды, академиялық мәтіндегі жүйесіздікті жойды.

Азаматтық қоғам өкілдері осы позитивті жолдауды ынтамен қабылдады. Бұл олардың тіпті көзге ілінбейтін еңбектеріне деген интеллектуалдық құрмет еді, кемсіту мен зорлық-зомбылыққа шыдап, ештеңеден тайсалмай капитализмді сынау болатын.

Эрик бізге ерекше ойлау тәсілін және өмір салтын қалдырды. Турасын айтуға рұқсат етіңіз. Мен Эриктен басқа айқын, қисынды, жылдам және қиналмай пайымдайтын ешкімді білмеймін; кез келген мәселеде, кез келген газетте, кез келген кітапта күрмеуі қиын сұрақ пайда болғанда ешкім ол сияқты тиімді шешімнің түбіне жете алмайтын. Біз оған ұқсауымыз мүмкін емес, бірақ ол негізін қалаған нәрседен шабыттана аламыз, оның бағытын басшылыққа алып ізіне еріп, оны өзгерте отырып, алға қарай жүруге мүмкіндігіміз бар.■

1. Бұл 2019 жылы қаңтарда *Jacobin* –де жарияланған мақаланың қысқартылған нұсқасы. Түп нұсқасы мына жерде.

> Эрик Олин Райтты еске алу

Мишель Уильямс, Витватерсранд Университеті, Оңтүстік Африка

Мен Эрик Олин Райтты тәлімгер, әріптес, дос және жолсерік ретінде санай алатын көптеген адамдардың бірімін. Көпшілік оның ораса зор интеллектаулдық әлеуетіне, аңызға айналған жетекшілігі мен тәлімгерлігіне, оның капитализмнен тыс жолдарды іздестіруге және марксизмге қосқан үлесіне назар аударады. Мен Эриктің осы қасиеттеріне де көңіл бөлгеніме қарамастан,мен өзім етене араласқан гуманист Эриктің толып жатқан ерекше қызығушылығы, еліктеуге тұрарлық қиялы және адамдардың шығармашылығына тәнтілігі туралы айтқым келеді.

Мен тұңғыш рет Эрикпен 90-шы жылдардың соңында оның ең жақын досы әрі менің жетекшім Майкл Буравойға (мен Берклидегі аспирантурада оқитынмын) жыл сайынғы сапарларының бірінде кездестім. Алғашқы әңгімелеріміздің бірінде Эрик маған: «Сенің көкең екенімді білесің бе», – деп айтты.Оған мен: «Шыныңда ма? Мен түсінбедім»,- деп жауап бердім. Кейін маған Майкл менің академиялық әкем және оның ағасы болғандықтан Эрик маған көке болып келетінін түсіндірді.

Мен мұны өз әлеміне енгізудің бірден-бір жолы деп ұқтым, кейін осы Эриктің жылы құшағы мені отбасының мүшесіндей қалай өз тереңіне батырғанын да түсіндім – ол әрқашан адамдарды өзінің айналысына топтастырудың тәсілдерін табады, көп жағдайда жалған туыстары арқылы. Алғашқы кездерден бастап, барлық бастамада Эриктің рөлі айқын болды – теория мен тұжырымдаманы құрастырудағы айырмашылықтар мен қиындықтарды түсіндіргенде, немесе Оңтүстік Африка мен Кераланың коммунистік партияларының демократиялық импульстері туралы және антикапиталистік бастама туралы ұзақ пікірталастарда, не біздің сүйікті фантастикалық және көркем әдеби кітаптармен бөлісуіміз немесе пьесалар қарауымыз (ол Оңтүстік Африканы сипаттайтын саяси пьесаларды жақсы көретін), не рецептілерді талқылауымыз, оның танымал Coq au Vin тауығын вегетариандық тағамға айналдыруында (Coqless Coq au Vin деп атаған нәрсеге мен дәмін татқанға дейін күмәнмен қарағанмын!). Эрик әрдайым іске жан-тәнімен және жарқын көңілмен кірісетін. Оның жыл сайынғы Берклиге сапары Майкл студенттері үшін қуанышты сәт болатын, өйткені Эрик әрқашан тамаша тағамдар дайындап, бізді Майклдың пәтеріне шақыратын (басқа уақыттары біз әрқашан Майклдың пәтеріндегі кездесулерге өзіміз тамақ әкелуіміз керек болатын, себебі ол ас дайындамайды).

Эрикпен қарым-қатынасым екеумізге ортақ анти-капиталистік баламаларды іздеу құштарлығымызға, әсіресе, әріптесім Вишвас Сатгармен бірге зерттеген кооперативтер мен ынтымақтастық экономикасына қатысты ортақ ұстанымымызға байланысты тереңдей түсті. Біз нақты баламаларды іздестірудің маңыздылығына келіссек те, әрдайым ұсақ-түйекте келісе бермедік – мен көбіне оның қатал аналитикалық ұстанымымен, мәдениет идеялары туралы ойымен, ұғынудың маңыздылығы мен жүйесіз нақтылығымен келіспейтінмін. Бұл кездесулерде Эрик қандай да бір наразылықты немесе көңілінің қалғанын ешқашан көрсетпейтін, керісінше идеяларды іздеуді жақсы көрді, тіпті менімен келісетін сияқты әсер қалдырып, келіспей қоятын. Сондай-ақ ол жомарт еді – мен оның кем дегенде екі авторға - Рохинтон Мистри мен Закс Мдаға - ойдан шығарылған саяси жұмыстарына алғыс жазғанын да білемін. Йоханнесбургке барған сапарының бірінде Мданың *The Dying Screams of the Moon* [Айдың өлім алдындағы айқайы] көргенде, ол жылап жібере жаздап, бұл ол көрген ең керемет қойылым екенін айтты.

> ***“Өмір бойы Эрик тіл табысқыш, мейірімді, ынтызар және кішіпейіл адам болды, сондай-ақ ол заманымыздың ең мықты әлеуметтанушылары мен марксистерінің бірі еді.”***

Эрикті Берклиде алғаш кездестіргеннен бастап, осы жиырма жыл ішінде біз бірге алыс жерлерге сапар шектік: Керала, Барселона, Гетебург, Буэнос-Айрес, Падуя, және ол Оңтүстік Африкаға үш рет сапар жасады. Алғашқы алыс сапарымыз 2000 жылы Керала, Үндістанға болды (Мен Кералада далалық жұмыстарымды енді бастап жатқан кезім). Тап сол Кералада болғанымызда мен Эриктің кез келген жастағы адаммен тіл табысып кете алатынын түсіндім: бірде кедей ауылдың таулы аймағындағы мектеп оқушыларына She’ll be coming down the mountain [Таудан түскен сұлу] әнін салып беріп, бірге рахаттана күлгені есімде. Жаныма жылу берген кездесу Майкл мен Эрик үшеуміздің Йоханнесбургке барғанымыз шығар. Үшеуіміз бірге кешкі ас ішіп отырғанымызда, бір сағаттан астам екеуінің марксизм туралы пікірталасына куә болу бақытын бастан кешірдім. Пікірталастың мазмұны ғана емес, сонымен қатар олардың талқылау тәсілі де өте қызықты болды. Эрик өте байсалды болды! Шындығында, Эриктің көңіл-күйіне аса еш нәрсе әсер ете алмайтын (ұйқының жеткіліксіздігі, қолайсыздық немесе мезі етер кестелер). Менің байқағаным, өмір бойы Эрик тіл табысқыш, мейірімді, ынтызар және кішіпейіл адам болды, сондай-ақ ол заманымыздың ең мықты әлеуметтанушылары мен марксистерінің бірі еді. Хамбе Кале, Эрик! ■

> Гендерлік мәселе және теңсіздік: кіріспе

Биржит Риграф, Падерборн университеті, Германия, және ХӘҚ әйелдер, жыныс және қоғам мәселелері бойынша зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК32), **Лина Абирафех**, Ливан-Америка университеті, Ливан, және **Кадри Авик**, Таллин университеті, Эстония және Хельсинки университеті, Финляндия



Теңдікке қол жеткізу – жеке немесе дербес іс емес. Оны құрылымдық, саяси және экономикалық деңгейде шешу қажет. Суретті түсірген: Нгуен Хай Ха / Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Гендерлік және әлеуметтік теңсіздік әлеуметтанудың, гендерлік зерттеулердің және басқа да көптеген пәндердің негізгі саласы болып табылады. Бұл зерттеулердің маңызды жалпы қорытындысы – әйелдер бүкіл әлемде кедей және маргинал топтардың едәуір бөлігін құрайды. 2018 жылғы Дүниежүзілік Экономикалық Форумның Жаһандық гендерлік баяндамасы бойынша әлемдегі экономикалық гендерлік айырмашылықты жою үшін 202 жыл қажет.

Экономикалық теңсіздіктің түрлері саналуан. Мысалы, 2018 жылғы The Global Gender Gap Report 2018 [Жаһандық гендерлік алшақтық туралы баяндамаға] сәйкес әйелдер зерттелген елдердің 41% ғана жерге иелік ете алады. Кәсіби салада әйелдер басшылық лауазымдардың 34% ғана құрайды. Тағы бір гендерлік проблема экономиканың бейресми секторындағы әйелдердің рөлі. Әйелдер экономиканың биресми секторында басым көпшілікті құрайды және ерлерге қарағанда, ақы төленбейтін жұмысқа екі есе көп уақыт жұмсайды. Бейресми экономика әзірге қадағаланбайтындықтан, қазіргі таңда әйелдердің жұмыс күшін пайдалану әрі асыра пайдалану басым. Осы статистикалық деректердің көпшілігін саясатқа елеулі өзгерістер енгізу арқылы жақсартуға болады. Әйелдер өз мүдделерінің ең үздік қорғаушылары болғанмен де, олар әлі күнге дейін саяси қызметке жеткілікті түрде қамтымаған. Баяндама үшін тексерілген 149 елдің 17-сінде ғана қазіргі уақытта мемлекет басшылары – әйелдер. Сонымен қатар, әлемде әйелдер министрлердің тек 18% және парламентарийлердің 24% құрайды.

Кейбір елдердегі гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жолындағы біраз прогреске қарамастан, әйелдер үшін, атап айтқанда, басқасымен бірге олардың секторараралық бірегейлігінің нәсіл, тап және сексуалдық сияқты толық ауқымына негізделген мүмкіндіктердегі елеулі олқылықтары әлі де сақталуда. Әйелдердің кейбір мәртебелі топтары прогрестен пайда көріп жатса, ал, басқалары қауіпті жағдайларда өмір сүруді жалғастыруда. Жекелеген мемлекеттерде әлеуметтік және мәдени шығу

>>

тегі әртүрлі әйелдер арасындағы айырмашылықтар күшейе түсуде. Бұл айырмашылықтар әйелдердің әлеуметтік қамсыздандырылуы мен мүмкіндіктеріне үлкен әсер етеді. Мысалы, ЮНИСЕФ деректері бойынша, Америка Құрама Штаттарында ана өлімінің салыстырмалы түрде төмен деңгейі сақталуда және тексерілген 182 елдің ішінде олар 54-ші орынды алады. Сонымен қатар, Ауруларды бақылау және алдын алу орталықтарының деректеріне сәйкес, АҚШ-та қара нәсілді әйелдерінің өлімі ақ нәсілділердікіне қарағанда үш есе көп.

Көптеген мемлекеттер прогреске қол жеткізуде, дегенмен оның қарқыны әр елде әртүрлі. Жаһандық ауқымда Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы гендерлік алшақтық – ең үлкен өңірлік гендерлік алшақтық, алайда олардың әйелдердің өмір сүру жағдайын жақсарту ісіндегі ілгерілеу қарқыны Солтүстік Америка аймағына қарағанда, жоғары. Бағалау бойынша, Оңтүстік Азия Солтүстік Америка, Таяу Шығыс және Солтүстік Африкаға дейінгі жүз жыл ішінде өзінің гендерлік алшақтығын 70 жылда қысқартуы мүмкін.

Алайда, бұл өңірді зерттеу барысында анықталған этникалық тазалаудың салдарынан өте қауіпті жағдайларда өмір сүретін Мьянмадағы рохинджа әйелдері үшін бұл статистиканың маңызы бар ма деген сұрақ қоюға болады. Мұндай статистикалық мәліметтер бізді гендерлік теңсіздік саласындағы прогресті қалай анықтаймыз және өлшейміз деп ойлауға мәжбүрлейді.

Жаһандық диалогтың осы шығарылымында гендерлік және әлеуметтік теңсіздіктің өзара қатынасы және қалай қалыптасатынының әлеуметтік-кеңістіктік айырмашылықтары әңгіме болады. Шығарылымның мақсаты – әр түрлі үрдістердің негізгі өзегін табу және ең бастысы әйелдер үшін әлеуметтік және саяси өзгерістер алып келетін болашақ зерттеулер мен пікірталастар алаңын жасақтау.

Әлемдік жоғары білім беру саласында әйелдер қол жеткізген елеулі жетістіктерге қарамастан, лауазым жоғарылаған сайын әйелдердің саны кеми беретіндігін байқаған Лииса Хусу осы тұжырымдардың шымылдығын ашты. Өзінің «Зерттеулерді қаржыландырудағы гендерлік мәселелер» деген мақаласында ол еуропалық және солтүстік елдер мысалында әйелдердің қатыстырылмауының салдарын талқылайды.

Бланка Ныклова «Чех Республикасындағы гендерлік теңдік мәселелері» деген мақаласында Чех Республикасының мысалында неолибералды идеология мен консервативті көзқарастардың Орталық Еуропадағы гендерлік және әлеуметтік теңсіздікке ықпалын сипаттайды. Ол кейбір әйелдердің басқалар есебінен алатын артықшылықтарын айқындау үшін бұрмаланған эмансипация тұжырымдамасын пайдаланады.

Маргарет Абрахам «Тұрақтылық пен өзгерістер: АҚШ-тағы гендерлік теңсіздік» мақаласында АҚШ-тағы теңдік үшін күрестегі қатар жүретін жетістіктер мен сәтсіздіктерді қалай бақылап отырғанымызды талқылайды. Ол теңдік пен әділеттілік жолындағы бұл жетістіктер өзінен-өзі болмайтынын және әлеуметтік әрекеттеріміз бен әлеуметтанулық талдауға сәйкес алға жылжуымыз керек екенін баяндайды.

Лина Абирафех өзінің «Гендер және араб аймағындағы теңсіздік» мақаласында араб әлеміндегі гендерлік теңсіздікті қарастырады. Өңір ұзақ уақыт әлеуметтік-мәдени кедергілер мен тамырланған патриархаттың жүйенің ықпалымен күшейе түскен экономикалық және саяси тұрақсыздықтан зардап шегіп келді. Осы зәрлі тор гендерлік теңдікке қол жеткізудегі прогресті – көп жағдайда мойындамайды да – тежеп отыр. Аймақ араб әйелдерінің теңдігін толық орнатпаса, бейбітшілікке немесе дамуға қол жеткізе алмайды.

Никола Пайпердің «Азия жағдайындағы гендерлік еңбек пен теңсіздік» мақаласында гендерлік еңбек пен теңсіздік азиялық контексте талданады және тұрғындардың қомақты бөлігінің тұрақты орын ауыстырулары ғалымдар мен практиктердің назарын аударып отырғаны айтылады. Атап айтқанда, мигрант әйелдер феминизацияланған секторларда шоғырланған және көбінесе құқықтары мен қорғаныстан айырылған. Олардың проблемалары мен осал тұстарын өңірдегі гендерлік теңсіздіктен іздеу керек.

«IPSP: әлеуметтік прогресс, кейбір гендерлік пайымдар» атты мақаласында Джефф Хирн Әлеуметтік Прогрестің Халықаралық Алаңы (IPSP) баяндамасының барысы мен нәтижелерін атап көрсеткен. Ол баяндамадағы гендерлік мәселені қалай тұжырымдау керектігі туралы ұсыныстарға назар аударады.

Хаттарды Биржит Риграфқа <birgitt.riegraf@uni-paderborn.de>,
Лина Абирафехқа <lina.abirafeh@lau.edu>,
Кадри Авикке <kadri.aavik@tlu.ee> жолдауға болады.

> Зерттеулерді қаржыландырудағы гендерлік мәселелер

Лииса Хусу, Ханкен экономика мектебі, Финляндия және Эребру университеті, Швеция, Ғылым және техника әлеуметтануы бойынша ХӘҚ зерттеу комитетінің (ЗК 23) басқарма мүшесі және Әйелдер, гендер және қоғам ХӘҚ зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК32)

Академиялық орта мен ғылыми мансаптағы гендерлік теңсіздік тұрақты және жаһандық мәселе болып отыр. Бүкіл әлемде және Еуропада зерттеушілердің тек үштен бірі – әйелдер. Мәртебе жоғары болған сайын әйелдер санының азаюы көрініс табатын тамыры тереңге кеткен үлгі әлі де сақталуда. Бұл жағдай әлем бойынша әйелдердің жоғары білім беру саласына қосқан үлкен жетістіктеріне қарамастан орын алып отыр. Соңғы еуропалық және солтүстік елдер статистикасы көрсеткендей профессорлардың басым көпшілігі – ерлер және оқытушылардың жынысы бойынша теңдестірілуі бағытындағы өзгерістер қарқыны өте баяу.

> Зерттеулерді қаржыландыру гендерлік бейтарапты ма?

Зерттеуді қаржыландыруға қол жеткізу – әйелдер мен ерлер үшін академиялық орта мен ғылыми зерттеулердегі мансаптық ілгерілеудің маңызды мәселесі. Көп елдерде бұл – әдетте, қатаң бәсекелестік жолымен қол жеткізуге болатын зерттеулерді сыртқы қаржыландыруды іздеудегі сәттілікті білдіреді. Зерттеуді қаржыландырудағы гендерлік динамика бойынша зерттеулер қаржыландырудың барлық контекстінде әйелдер үшін қаржыландыру сәттілігінің жүйелі төмен көрсеткішін көрсетпеді, бірақ басқа гендерлік мәселелермен байланысты күрделі жағдайды ашып берді. Олар жеке зерттеушілермен, зерттеу топтарымен және университеттермен, қаржыландыру ұйымдарымен, зерттеу мазмұны және зерттеу саясатымен байланысты. Бұл қиыншылықтар қаржыландыруды бөлу, делдалдарды қаржыландыру, рецензиялау, қаржыландыруды ұйымдастыру мен оларды басқаруды, саясат және тәжірибені, сондай-ақ ненің және кімнің үздік екенін және үздік болуды кім анықтауына да байланысты болуы мүмкін. Гендер және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру бойынша соңғы және қазіргі зерттеулер ғылыми қаржыландыру процесі мен қаржыландыру ортасын барынша кеңірек әрі жан-жақты түрде сыни талдау қажеттілігін анықтады.

Зерттеуді қаржыландыруда гендерлік динамиканы кеңірек түсіну, мынадай салаларда ықтимал гендерлік паттерндерді талдай отырып, тұтас қаржыландыру циклін қамтиды: өтініш берушілердің мінез-құлқы (өтініш беретіндер), үміткерлер (өтініш беруге құқылылар), зерттеу тобының құрамы, қаржыландыру құралдары, хабарландыру мәтіндері, үміткерлер үшін нұсқаулар, жарамдылық критерийлері (жасы немесе позициясы), бағалау критерийлері, бағалау процедуралары, бағалаудағы ықтимал бұрмаланулар, рецензенттерді іріктеу, рецензиялау процесі, табыстылық көрсеткіштері, өтініш берілген және бөлінген қаржы көлемі, зерттеу мазмұны, қаржыландырушының жалпы және гендерлік теңдікке қатысты саясаты туралы мәлімдемесі, жалпы қаржыландыру жүйелерінің ашықтығы, гендер тұрғысынан статистиканың мониторингі мен қол жетімділігі және алынған қаржыландырудың ұзақмерзімді мансаптық әсері.

Жоғары деңгейдегі қаржыландыру құралдары ерекше қызығушылық тудырады: жоғары жетістіктер ортасы, әртүрлі жоғары деңгейдегі бастамалар, беделді профессура және тағы басқалар. Соңғы бірнеше эмпириялық зерттеулер мен мониторинг көрсеткендей, тіпті жалпы гендерлік теңдіктің жоғары деңгейіне жетіп отырған Швеция сияқты елдерде де мұндай жоғары деңгейдегі бастамалардың артықшылығын әйелдерден гөрі, ер адамдар жиірек пайдаланады.

Қаржыландыруды іздеуде ресми және бейресми академиялық желілер маңызды рөл атқарады. Көп салаларда ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, әдетте, индивидуалдық емес, топтық болып табылады. Осы бағытта

>>

"Саяси ерік немесе оның жетіспеушілігі мемлекеттік қаржы ұйымдары гендерлік теңдікке басымдық беруі мен зерттеуді қаржыландырудағы гендерлік мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады"

академиялық желілердің гендерлік үлгілері саласындағы зерттеулер мен ғылыми орталарға интеграциялану өте маңызды.

> Европалық тәжірибе

Зерттеуді қаржыландыру - зерттеулер саясатындағы ұлттық және аймақтық басты мәселелердің бірі. Европалық Одақ деңгейінде және кейбір европалық елдердің ұлттық саясатында зерттеулерді қаржыландырудағы гендерлік мәселе 1990 жылдардың аяғынан бастап 2000 жылдардың басында саяси мәселе ретінде көтерілді. 1980 жылдардың ортасынан бастап Европалық Одақта зерттеулерді қаржыландыру «негізгі бағдарламалар» ретінде ұйымдастырылды. Алғашқы европалық негізгі бағдарламаларда, технологияны қолдаушы рөлін қоспағанда, әлеуметтік ғылым аспектілерін қамтымады, ал гендер туралы мүлдем ештеңе болған жоқ. Тек төртінші негізгі бағдарламада (1994-1998 жж.) әлеуметтік зерттеулерді қаржыландыру бөлініп, гендерлік мәселелер күн тәртібінде көтеріле бастады. 1990 жылдардың соңында бірте-бірте кеңею жүре бастады: ең алдымен «ғылымдағы әйел» мәселесін қарастырудан бастап зерттеу мазмұнындағы гендерлік аспектілер, зерттеушілер мен зерттеу топтарының, сонымен қатар шешім қабылдаушылар мен бағалаушылардың гендерлік теңдігіне дәстүрлі бағытты қамтитын ғылымдағы гендерлік «тергеуге» дейін. Гендерлік теңдік – Европа Зерттеу Аймағындағы (ERA) бес басымдықтың бірі. Бұл үш мәселеге қатысты: зерттеу топтарындағы гендерлік теңдік, бағалаушылар арасындағы гендерлік теңдік және зерттеу мазмұнындағы гендерлік аспект.

Европалық саясат атқарған жұмыстың бір бөлігі – 2009 жылы әлемнің 33 елінде гендер және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру бойынша алғашқы жүйелі шолу. Ол ұлттық зерттеу саясаты мен ұлттық қаржыландыру агенттіктерінің гендер мәселелерін шешуде Европада елеулі айырмашылықты анықтады: көп елдерде ұлттық зерттеулерді қаржыландырауда гендерлік тұрғыда мониторингтің «салыстырмалы түрде әрекетсіздігі» мен мүлдем жұмыс істемеуінен бастап Солтүстік аймақ сынды кейбір елдерде ұлттық қаржыландыру жүйесінде гендерлік теңдікті белсенді насихаттауда әртүрлі бастамалық шараларға, мониторингке және белсенді араласуға дейін.

Европалық зерттеудің үздік үлгісі Европалық Зерттеу Кеңесі (ЕЗК) кез-келген саладағы және кез-келген елдегі жас, орта жастағы және алдыңғы қатарлы зерттеушілердің үздік дамып келе жатқан зерттеулерін қаржыландыру үшін 2007 құрылды және 2014-2020 жылдарға арналған 13,1 млрд. еуро бюджеті бар. Дегенмен, ЕО зерттеу саясатындағы гендерлік қызығушылық танытуына қарамастан, бастапқыда ЕЗК басқару принциптерінде гендерлік теңдік болмады. ЕЗК қаржысын бөлуде гендер тұрғысынан мониторингті бастағанда, 2007-2013 жылдар аралығында жас зерттеулер деңгейде ерлердің жетістігі - 30%, әйелдердікі - 25% болды, ал тәжірибелі зерттеулерде 15% ерлер және 13% әйелдер грант иелері атанды. Тек бір ғана салада, ерлер басым зерттеу саласы болып табылатын жаратылыстану және инженерлік ғылымдарда, жастардың зерттеулері бойынша гендерлік айырмашылық болмады. Әдетте әйелдер басым болатын тіршіліктану, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар сияқты салаларда ер адамдар пайдасына анық айырмашылық анықталды.

Саяси ерік немесе оның жетіспеушілігі мемлекеттік қаржы ұйымдары гендерлік теңдікке басымдық беруі мен зерттеуді қаржыландырудағы гендерлік мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, Скандинавия қоғамдары гендерлік теңдікді халықаралық салыстыруда, сонымен қатар жаһандық инновациялық индексте жоғары бағаланады. Гендерлік теңдік зерттеу саясатының күн тәртібінде маңызды орынға ие, әсіресе, Норвегия мен Швецияда. Швецияда, Швед Зерттеу Кеңесі және Vinnova ұлттық инновациялық агенттігі сияқты, қоғамдық зерттеуді қаржыландыру ұйымдарының барлығында өз қызметінде гендерлік мәселенің ескерілуі қажеттілігі туралы үкіметтік талаптары бар. Дамуға мониторинг жасағанда швед зерттеушілері тек статистиканы ғана емес, сондай-ақ қаржы комитетінің мәжілісінде гендерлік бақылаушылар сияқты сапалық әлеуметтану құралдарын да пайдаланады.

2000 жылдан бастап Финляндияда, Норвегияда және Швецияда қоғамдық зерттеуді қаржыландыру қорларындағы гендерлік теңдік жүзеге асырылды, алайда көп европалық елдердегі кеңестерде әлі де ер адамдар басым болып отыр. Қаржыландыру кеңестеріндегі гендерлік теңдік тең репрезентациялау мен әділеттіліктің мәселесі ғана емес; сонымен қатар, мұндай басқарушы позицияларда теңдікті сақтау маңызды рөл атқарады, себебі ол қаржыландыру жүйесінің қалай жұмыс істейтіні туралы ішкі ақпаратпен қамтамасыз етеді және қатысушылардың ғылыми желісін кеңейтуге мүмкіндік береді. ■

Хаттады Лииса Хусуға <liisa.husu@oru.se> жолдауға болады.

> Чех Республикасындағы гендерлік теңдік мәселелері

Бланка Ныклова, Чех Ғылым Академиясының Әлеуметтану Институты, Чех Республикасы

MASARYKOVA UNIVERZITA
FAKULTA SOCIÁLNÍCH STUDIÍ
Genderová studia FSS MU

Брнодағы таратылған гендерлік зерттеулер департаментінің логотипі.

Биылғы жылы Еуропаның жартылай периферия-сында темір шымылдықтың жойылуына 30 жыл толады, немесе 30 жылдық біркелкі емес неолиберализация демократия үшін жалғыз мүмкін жол деп танылды. Демократияның бұл серпілісі меритократияға көшу болып көрініп, Коммунистік партияның құрамына негізделген бұрынғы билік құрылымдарын жоюға негізделді. Ол кезеңдегі медиа жеке себептері бойынша лайықсыз деп саналатын адамдардың теңсіздіктерін ақтайтынын меритократия геосаяси орталыққа қарай секіруге мүмкіндік беретін үлкен энтузиазммен рухтандырылып отырды. Қазіргі уақытта дейін Чех Республикасын 1989 жылға дейін жасырын агент болған және көптеген чех миллиардерлері сияқты өзінің 1989 жылға дейінгі артықшылыққа ие позициясын жекешелендіру үрдісі арқылы экономикалық қуатқа айналдырған олигарх премьер-министр басқарып отыр. Сонымен қатар, халықтың оннан бір бөлігі алдын-ала бүлдіруге бағытталған заңнаманың нәтижесінде қарызға батып, олардың 70 мыңға жуық үйсіз және 120 мыңнан астамы үйден айырылуы қаупін бастан кешірді. Бұл жерде мен неолиберализацияға негізделген саяси рационалдылықтың Орталық Еуропалық Вышеград тобының елдеріндегі, әсіресе, Чех Республикасындағы, әлеуметтік/гендерлік теңсіздікке тигізген кейбір салдарына назар аударамын. Әрі қарай мен гендерлік зерттеулердің тағдырын қолдану арқылы теңдік және әділеттілік мәселелеріне қатысты осы рационалдылықтың әсерін зерттеймін.

Неолиберализм – бүгінгі жаһандану жағдайында теңсіздіктің себептерін, соның ішінде гендерлік теңсіздікті түсіндіретін тұжырымдамалық рационалды тәсіл. Осыған байланысты, неолиберализм өмірдің барлық аспектілерінің түпкілікті анықтамасы ретінде еркін нарыққа оралу ретінде түсініледі. Сыни теоретиктер мұндай шамадан тыс қарапайымдандыруға өзара байланысты салалардағы қызметін зерттеу арқылы қарсы әрекет етуге тырысты. 1998 жылы француз антропологы Пьер Бурдье неолиберализмді ұжымдардың жойылуы және жұмыс күшінің зиян атомдалуымен байланыстырды, ол ғаламдық капиталдың күштеріне қарсы тұруда адамдардың мүмкіншіліктерін жояды. Қазірдің өзінде шамамен жиырма жыл өткеннен соң Британия мәдени теоретигі Анджела Макробби біреудің өмірін жоба ретінде қарастыратын экономикалық уәкілдіктің мәдени репрезентацияларының – әдебиет және фильм кейіпкері болған Бриджет Джонс сынды – өзін сонымен идентификациялайтын жас әйел адамдардың өміріне әсерін зерттейді. АҚШ-тың саяси теоретигі Уэнди Браун нарық логикасының әлеуметтік өмірдің экономикалық өлшеміне ғана емес, одан гөрі демократиялық институттардың саяси рационалдылығына әсерін зерттеді.

> Вышеград елдеріндегі неолибералдану және гендер

Жоғарыда көрсетілген авторлар нақты мысалдарды пайдаланады, олар әлі де феноменді контекстік зерттеуге үндейтін, көбінесе неолиберализмнің әмбебап валидті теориясын ұсынады. Орталық Еуропалық Вышеград елдеріне демократияландыруды жеңілдету үшін Халықаралық Валюта Қоры мен Дүниежүзілік Банк сияқты ұйымдардың нұсқауларын әртүрлі іске асыру салдарын бақылау үшін лабораториялармен қамтамасыз етеді. Әсіресе, 2000 жылдан кейін геосаяси контингент түрінде неолиберализацияның сыни зерттеулерінің саны арта түсті. Гендерлік теңсіздік және оның трансформациясын талдау заманауи эмансипациялық жобаны Зузана Ухде «бұрмаланған эмансипация» деп атаған, әйелдердің белгілі бір топтарының өкілеттіктері басқа әйелдер есебінен күтім сияқты бұрын нарықтан тыс салалардың комодификациялануына әкелді. Бұрмаланған эмансипация толық емес болуымен қатар, әділетсіздікке ықпал етеді және оны сақтап қалуында капитализмнің басты рөлін ескермей күресе алмайды.

Чех Республикасында әйелдер парламенттің 20% құрайды; еңбек ақысы төлемдеріндегі гендерлік алшақтық жалпы алғанда сол қалпында 22%, ал бір кәсіпорындағы

>>

Неолибералдық эвристикаға сәйкес емес зерттеулер мен білім Венгрияда, Чех Республикасында және Еуропаның көптеген басқа елдерінде қарсылыққа ұшырап отыр. Суретті түсірген: Кристофер Домбрес / Flickr. Creative Commons.

бірдей лауазым үшін 10% құрайды; әйелдерге ата-аналар демалысының 98,5% тән, бұл – Еуропадағы ең ұзақ ата-аналық демалыстың бірі; ал жалғызбасты ата-аналары бар отбасыларын 90% жағдайда аналар басқарады. 1989 жылдан бері әйелдер экономикалық тұрақсыздық деңгейінің артуымен бетпе-бет келіп, олардың жоғары деңгейде кедейлікке ұшырау қаупі басым; елдің нақты аймақтарындағы экономикалық және әлеуметтік теңсіздік тереңдей түсуі мен этникалық/мигрант мәртебесімен бірге егде жастағы әйелдер үшін кедейлік қаупі жоғары. Бастысы, бұрмаланған эмансипацияның жазасыз қалуына мүмкіндік бере отырып, Чехиядағы және Вышеград елдеріндегі гендерлік мәдениет консерватизммен және сексизммен ерекшеленеді; кейбір аймақтағы экономикалық қиындықтар үшін әйелдердің эмансипациясы мен оны күшейту айыпталуда.

Гендерлік зерттеулерге маманданған ғалымдар гендерлік қатынастардағы консерватизм мен неолиберализация бір-бірін қаншалықты қолдайтынын көрсетті. Радка Дудова мен Хана Хашкова рефамилизация саясатының құрамдас бөлігі ретінде 1989 жылдан кейінгі ата-аналық демалыс саясаты 1989 жылға дейінгінің кеңеюі болғанын көрсетті. Либора Оатс-Индручова (Libora Oates-Indruchová) және Хана Ханелькова (Hana Havelková) коммунисттік дәуірдегі эмансипация саясатына әйелдер мен феминистік қозғалыстың танылмаған/мойындалмаған үлесіне назар аударады, ал Катерина Лишкова (Kateřina Lišková) сексуалдық айналысындағы қосарлы стандарттың 1960-шы жылдардың соңындағы медицина дискурсына қайта енгізіліп, сол уақыттан бері басым болғанын көрсетті. Аймақтағы гендерлік зерттеулер мен феминистік теориялардың саны өспейінше мұндай үлестің ешқайсысы мүмкін болмас еді.

> Гендерлік зерттеулердің ахуалы

Аймақтағы гендерлік зерттеулер неолиберализмге негізделген демократиялық жобадағы гендерлік теңсіздіктің табандылығы мен өзгергендігін түсінуге көмектеседі. Пәннің қалыптасуы жергілікті қаржыландырудың жеткіліксіздігі жағдайында жергілікті феминистік белсенділікті АҚШ және кейінірек ЕО донорлары қаржыландырумен байланысты болды. Гендерлік зерттеулер 2004 жылы шамамен екі ірі Чех университетінде енгізілді, ол жартылай студенттер санының ұлғаюына байланысты неолибералды жоғары білім беру реформаларының ұсынған мүмкіндіктер «терезесі» нәтижесінде болды. Дегенмен, дәл осындай саяси рационалдылық жақында тек Венгрияда ғана емес, сонымен қатар Чех Республикасында гендерлік зерттеулер бағдарламаларының тоқтауына ықпал етті, бұл Орталық Еуропадағы гендерлік бағытта зерттеулер жүргізу мүмкіндіктеріне теріс әсер етті. Уэнди Браун атап өткендей, неолибералдық рационалдылық нәтижесінде нормативті болып табылады - нарықтық логиканың ережесі болжанбай, көптеген феминистік жобалардың негізі болатын эмансипациялық рационалдылық сынды әртүрлі жолмен негізделген рационалдылық арқылы институттанады. Коммунистік дәуірдегі әлеуметтік инженерия сияқты тең емес әлеуметтік қатынастарға бағытталған, кез-келген ашық саяси әрекеттерден бас тартуымен ерекшеленетін гендерлік консервативті аймақта неолибералдық саяси рационалдылық, алдымен, гендерлік зерттеулерді институттауға талпынған, кейбір феминистік күштермен жақсы үйлеседі. Венгрияда гендерлік зерттеулерге тыйым салу ұқсас саяси рационалдылықты пайдаланады, бірақ, ең маңыздысы, ол экономикалық (еңбек нарығында гендерлік зерттеулерді аяқтаған түлектерге сұраныстың жоқтығы туралы жалған ақпарат негізінде) және бейсаяси ретінде негізделеді. Бұл ықтимал әлеуметтік сынға қарсы тұру және антигендерлік қозғалыс (2017 жылы Агницка Графф пен Эльзбита Корольчуктің жұмыстарында (ұшырап осы парақша сипатталған) арқылы танымал болудың саяси мақсаттарына қызмет етеді. Чехияда 2018 жылы Брно гендерлік зерттеулер бағдарламасының жабылуы бағдарламаның «табыс алып келмеуі» себебімен негізделген, себебі ол студенттер санына тәуелді мемлекеттік білім беру жүйесіне студенттерді тарта алмайды деген мәлімдеме жасады.

Мотивациялар, кем дегенде сырт көзге қарағанда, әртүрлі болса да, екі жағдай арасындағы ұқсастық ерекше. Венгрия кейсінде пән қатаң идеологиялық және ғылыми емес деп сипатталғанда, саяси пайымдау анық болды, ал Брно кейсіндегі неолибералдық саяси рационалдылық, шешімнің этикасын шеше алмаған кезде университеттің басшылығымен институттанды. Гендерлік теңсіздікке, оның экономикалық өлшемінде, шын мәнінде қарсы тұру, сонымен қатар қоғамдық қайраткерлер мен саясаткерлердің сексуалдық зорлық-зомбылығы мен жыныстық қудалауына толеранттылық тұрғысынан, оның неолибералдық саяси рационалдылыққа кірістірілуі айқын болуы керек. Егер неолиберализмнің нормативтік қағидаларына қарсы тұруда сәттілікті қаласақ, онда бұл тәуелділіктерді мойындауымызға тура келеді, себебі олар әлеуметтік, атап айтқанда гендерлік теңсіздіктің феминистік сынын негіздейтін нормативтік логиканы бұзу қаупін төндіреді. 1989 жылдан бергі 30 жыл неолибералды саяси рационалдылыққа теңсіздікті жою жүктелгенде, оның сәтсіздікке ұшырайтынын нақты көрсетті, себебі, ол, шын мәнінде, өзінің түп-тамырын қорғауға жұмсалды. ■

Хаттарды Бланка Ныкловаға <blanka.nyklova@soc.cas.cz> жолдауға болады.

> Тұрақтылық пен Өзгеріс:

АҚШ-тағы гендерлік теңсіздік

Маргарет Абрахам, Хофстра университеті, АҚШ, Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының бұрынғы президенті (2014-18), ХӘҚ Әйелдер, Гендер және Қоғам (ЗК 32), Нәсілшілдік, Ұлтшылдық, Байырғылық және Этникалық (ЗК 05), Көші-қон әлеуметтануы (ЗК 31) зерттеу комитеттерінің Адам құқықтары және Жаһандық әділеттілік (ТТ 03) тақырыптық топ мүшесі.

2017 және 2018 жылдары әйелдер шеруі мен басқа да маңызды наразылық қозғалыстары орныққан және қанаушы жүйелерге қарсылықтың алдыңғы шебіне шығып, бұрқ ете қалды. miawicks9 от Pixabay.

2018 жылғы қарашадағы аралық сайлауда әйелдердің рекордтық саны сайланып, қазір олар Америка Құрама Штаттарының 116-Конгресінде қызмет етеді. Сайлау алғаш рет екі жергілікті американдық әйел, екі мұсылман әйелі, алғаш рет ашық бисексуал әйел, сондай-ақ Конгреске сайланған ең жас әйел сияқты тарихи оқиғалардың куәсі болды. Қайтадан осы лауазымға ие болған жалғыз әйел Палатаның Төрағасы болып қайта сайланды. 2019 жылы 5 ақпанында даулы губернаторлық жарыста жеңіліп қалған Стэйси Абрамс АҚШ Президентінің жыл сайынғы жолдауына (State of the Union address) Демократиялық жауап берген алғашқы афро-американдық әйел болу арқылы тарихқа енді. Абрамс нәсілшілдікпен күрес, дауыс берушілерді басу мен иммиграция туралы айтып, адамдардың өмірлерінде ауыр және негізсіз қиындықтар мен бүлік пайда болуына себеп болған, президент Трамптың үкімет жұмысын тоқтатып қоюын сынға алды.

Бұл кішігірім күрес пен жеңіс гендерлік теңдік пен әділеттілік үшін үлкен күреске үміт береді. Осы шағын жеңіс гегемониялық құрылымдарды бұзуға бағытталған ұжымдық күрестің ұзақ тарихымен, сондай-ақ қоғамда кең таралған және тамырын терең жайған қысым көрсету және теңсіздік жүйелері мен мәдениеттерін анықтаумен байланысты. Қысқа қадамдар үміттің белгісі болғанмен, олар жеткіліксіз. Біз әлеуметтік трансформация мен құрылымдық өзгерістерді жалғастыра беруіміз керек.

> Американдық контекст

Конгресте әйелдер көп болғанымен, Америкада гендерлік теңсіздік кең таралды.

• БАҚ назарына қарамастан, еңбек ақысын төлеудегі алшақтықтар жалғасты: ақ әйелдер ерлерге қарағанда 20% аз жалақы алса, қара нәсілді әйелдер одан да аз жалақы алды.

>>

• Бала күтімі және мейрамхана қызметі сынды әйелдердің басымдықтағы кәсіптерде жалақы төмен деңгейде қала берді.
• Американдық экономикада ер адамдар ең көп жалақы алатындар бөлігін құрады.
• The Institute for Policy Studies analysis of World Bank indicators [Дүниежүзілік Банк Индикаторларының Саясатты зерттеу институты] деректері бойынша, әйелдер еркектерге қарағанда төленбейтін еңбекке екі есе артық қатысады, оның ішінде: балаларға күтім жасау, үлкендерді күтіп-бағу және үй шаруашылығы.
• 2017 жылы ерлерге арналған медиа-жинақ (savings) $123 000 болса, әйелдерге $42 000 тиесілі болды.
• The American Association of University Women [Университет Әйелдері Американдық Қауымдастығы] хабарлауынша, кез-келген басқа демографиялық топқа қарағанда, қара нәсілді әйелдер жоғарырақ қарызбен бітіреді.
• АҚШ-тағы санақ бюросы елдегі кедейлік деңгейінің ең жоғары деңгейіне қара нәсілді әйелдерге тән екенін мәлімдейді.
• Трансгендерлік жұмыссыздық АҚШ-тың орташа көрсеткішінен үш есе жоғары.
• Афро-американдық әйелдердің бас бостандығынан айырылу деңгейі (imprisonment rate) ақ әйелдерден екі есе көп, ал афро-американдықтар ақ нәсілділерге қарағанда, бес есе көбірек қамауға алынған.
• Американдағы әрбір үшінші әйел өмірінде сексуалдық зорлық-зомбылықты бастан кешіргенін хабарлады.

> Алға жылжу

2017 жылдың 21 қаңтарында Вашингтондағы Women's March [Әйелдер Шеруі] аясында Америка Құрама Штаттары мен бүкіл әлем бойынша миллиондаған адам Трамп сайлауына наразылық білдірді. Мынадай бірнеше ғана атаумен #BlackLivesMatter [Қара өмірдің мәні], #SayHerName [Оның атын ата], #MeToo [Мен де] белгілі әйелдер қозғалысы мен түрлі қозғалыстар мен ұйымдардың көптеген жылдар бойы жасаған жұмыстарының жалғасы болды. Көптеген жылдар бойы осы және басқа топтар «интерсекциялық» (қиылысу теориясы) ұғымы (Кимберли Креншоу термині) мен бұл қанау матрицасының өзаратәуелді және қайталанатын кең қолшатырын күшейтіп, интеграциялауға көмектесті. Women's March [Әйелдер Шеруі] ауқымы мемлекет пен қоғамдағы патриархаттық және әйелді кемсіту құрылымдарының сақталуы мен таралуына қарсы тұру үшін ұжымдық күш пен жаһандық қоғамдастықтың қарсы тұру қажеттілігін көрсетті.

Қатал және қанау жүйелеріне қарсы тұру үшін алға шығып, өзгерісті ұйымдастыру мен коммуникацияның өміршең құралы ретінде Women's March [Әйелдер Шеруі] мен басқа маңызды наразылық қозғалыстары 2017 және 2018 жылдары пайда болды. Жас ұрпақ гендерлік теңдік пен интерсекциялықты шешілетін мәселелердің құрамдасы етуде, сыни жаһандық мәселелерді мобилизациялау мен шешуде технологиялар мен әртүрлі құралдарды пайдаланады. Бұл әртүрлі қозғалыстар репродукциялық құқық, гендер, интерсекциялық күш көрсету, мигранттар құқықтары, еңбек құқықтары, азаматтық құқықтар, нәсілдік сот төрелігі, сөз бостандығы, экологиялық әділеттілік және т.б. мәселелерін шешу үшін жұмылдыруға көмектесті. Олар үмітпен қатар, қиындық тудыратын серпін жасады. Бұл ұсақ қадамдар мен «сейсмикалық» өзгерістер арқылы тұрақты өзгерісті қамтамасыз ету үшін қоғамдағы көпшілікті біріктіреді.

Зерттеу мен белсенділік мемлекеттік және әлеуметтік жүйелердің гендерлік теңсіздік және қысымшылықпен тығыз байланысуы арқылы қалай ықпал ететінін көрсетті. Әйелдерге қарсы күш көрсету мен гендерлік зорлық – гендерлік теңсіздік, билік теңсіздігі, жемқорлық және бақылаудың нәтижесі. Гендерлік зорлық жүйелі және терең патриархатқа негізделген, бірақ ол оның пайда болуы мен салдарына қарай интерсекциялық. Патриархаттық құрылымдар мен қарым-қатынастар қайта қарастырылуы қажет.

Мұндай өзгерістердің пайда болуының бір жолы – теңсіздік пен қысымның барлық түрлерін бұзу мен жоюда интерсекциялық тәсілді қолдану: нәсілдік, экономикалық, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысты дискриминация және т.б. Бұл – патриархаттық құрылымдардың, тәжірибелердің және тарихтардың бір бөлігі. Бізді жіктейтін, азшылықты құрайтын артықшылыққа ие топтардың мүддесі үшін тұрғындарды бір-біріне қарсы ететін әртараптанған көзқарастар мен таяз ойларды тануымыз және оларға қарсы тұрумыз керек. Бізге теңдік пен әділеттілікті бұзып, адамзат үшін ғана емес, бүкіл адамзатқа зиян келтіретін күштерге қарсы тұрудың жаңа жолдарын қайта ойластыру қажет.

Баламалы парадигмаларды іздестіруде, барлық үндеулерге сезімтал әлеуметтанулық көзқарастар өте маңызды. Әлеуметтану гендерлік теңсіздік туралы құнды түсініктерді ұсынса да, алайда көп нәрсе біздің назарымызды талап етеді. Әлеуметтануға мына сұрақтарды байыппен қарастыру міндеті қойылады: әлеуметтік теңдікке қатысты (оның ішінде жеке пәндеріміз бен институттарымыз аясында) әлеуметтанулық қиялды оятуға не қажет? Жүйелік теңсіздікті жоюда қандай теориялар мен құралдар көмектеседі? Теңсіздіктерді арттыратын қаржыландыру түрлерін араластырудың орнына, зерттеулерімізде теңдікке апаратын жолдарды қалай көрсете аламыз? Әлеуметтану бұқараға уәде және жік тудырушы саясатпен қуаттандырылатын қайшылықтар арқылы бір-бірін есту мүмкіншілігін қалай бірлесе ұсына алады? Әлеуметтану басқа пәндермен бірлесе отырып, зерттеулер мен іс-әрекеттер арқылы шынайы теңдік пен әлеуметтік әділеттілік үшін нақты шешімдер ұсына алады ма? Әрине, теңдік орындалған арман болуы үшін шағын қадамдар мен сейсмикалық өзгерістер қажет болады. ■

Хаттарды Маргарет Абрахамға
<Margaret.Abraham@Hofstra.edu> жолдауға болады.

> Гендер және араб аймағындағы теңсіздік

Лина Абирафех, Ливандық-Американдық Университет, Ливан



Ұсынған: Жасмин Фаррам.

Гендерлік теңсіздік жаһандық қайғылы шындық болғанымен, араб өңірі тек ең үлкен алшақтықты ғана емес, сонымен қатар осы теңсіздіктің алдын алуда едәуір қиыншылықтарға тап болады. Өңір әлеуметтік-мәдени кедергілер және қатаң патриархат жүйесімен күрделенген экономикалық және саяси тұрақсыздықтан зардап шегіп отыр. Бұл зиянды комбинациялар гендерлік теңдікті қамтамасыз етудегі прогресті тоқтатады, көптеген жағдайларда кедергі болады.

Ол Сирияда, Палестинада, Йеменде және Ирактағы сияқты ұзаққа созылған гуманитарлық дағдарыстармен одан әрі күрделене түседі. Өңірдегі тұрақсыздық нормаға айналуда. Бұл қақтығыстар әлеуметтік қорғау жүйелерін бұзды, қауіпсіз қызметтер мен қолдауға қолжетімділікті азайтты, қауымдастықтарды ығыстырып, әлсіздіктің өсуіне әкеп соқтырды, осылайша әйелдерге жаңа тұрақсыздықтар алып келді. Шиеленіс орын алған жағдайда гендерлік теңдік мақсаттары күн тәртібінен жедел түрде жоғалады.

2018 жылғы Жаһандық гендерлік айырма баяндамасы Дүниежүзілік экономикалық форумы Араб өңіріндегі гендерлік теңсіздіктің дәрежесін терең түсінуді қамтамасыз етеді. Баяндама төрт критерийді өлшейді: Экономикалық Қатысу және Мүмкіндік, Білім алу, Денсаулық сақтау және Өмір сүру, Саяси Уәкілеттілік. Қазіргі уақытта Жаһандық гендерлік теңсіздік көрсеткіші 68% құрайды, бұл дегеніміз – жаһандық деңгейде 32% алшақтықтың сақталуы. Таяу Шығыс және Солтүстік Африканың гендерлік теңдіктен қашықтығы: 40%.

Біріккен Араб Әмірліктері мен Кувейт сияқты Парсы шығанағындағы елдер экономикалық қатысу мен денсаулық тұрғысынан алшақтықты азайтқанымен, жалақы теңдігіндегі алшақтықтар сақталып отыр. Катарда 2017 жылы парламентте әйелдер болмаған болса, 2018 жылы ол шамамен 10% -ға дейін әйелдердің саяси қатысуын арттырды.

Сауд Арабиясы әйелдердің теңдігі тұрғысынан нашар көрсеткішке қарамастан, жалақы теңсіздігін азайтып, әйелдердің еңбек ресурстарына қатысуын арттырды. Дегенмен, әйелдердің еркіндігі мен ұтқырлығын шектей отырып, ерлердің қауіпсіздікті сақтау сынды қысымшыл жүйесі әлі сақталып отыр.

Ливанның парламенттегі әйелдердің үлесіндегі минималды прогреске қарамастан, Иордания мен Ливан елеулі өзгеріссіз

>>

қалды. Өткен жылдарға қарағанда экономикалық қатысудың төмендеуіне байланысты Оманда гендерлік алшақтық бар.

Әлемдегі ең нашар көрсеткіші бар төрт мемлекетте басқарушы қызметтердің 7% әйелдер алып отыр, олардың үшеуі – Египет, Сауд Арабиясы және Йемен. Өңірде қарастырылып отырған он сегіз елдің ішінен он екісі құлдырады. Ағымдағы қарқынмен өңірге гендерлік алшақтықты жабу үшін 153 жыл қажет.

> Гендерлік теңсіздік: Ливанның кейсі

Ливанның прогресшіл бейнесіне қарамастан, бұл тұрғыда ол – құнды кейс. 2018 жылғы Жаһандық Гендерлік Айырма Баяндамасы курсы Ливанды әйелдер үшін ең нашар елдердің бірі қатарына қосты. Жаһандық деңгейде Сауд Арабиясы, Иран, Мали, Конго Демократиялық Республикасы, Чад, Сирия, Ирак, Пәкістан, Йемен және Ливан елдері – гендерлік теңдікке қатысты ең нашар 10 ел қатарында. 2016 жылы Ливан 144 елдің ішінде 135-ші орында болды. 2017 жылы ол 144 елдің ішінен 137-елге дейін төмендеді. Ал 2018 жылы Ливан 149 елден 140-шы орында болды – көрші Араб елдерінің, соның ішінде Египет, Тунис, Марокко, Иордания және Бахрейннің артында қалды.

Ливандағы азаматтық шиеленістер, саяси тығырық пен экономикалық лимбоның кеңейген эпизодтары гендерлік теңдік күн тәртібін екінші орынға ығыстырып тастады. Бір қарағанда, елде әйелдерге арналған либералды және прогресшіл ортаның қалыптасуына ықпал етілсе де, шындық теңдіктен әлдеқайда алыс.

Ливан негізгі халықаралық конвенцияларды, оның ішінде Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияны (CEDAW) және 1995 жылғы Бейжіңдегі әйелдердің төртінші Дүниежүзілік конференциясын ратификациялады. Елде 1998 жылы National Commission for Lebanese Women [Ливан әйелдерінің ұлттық Комиссиясы] мен 2016 жылы Ministry for Women's Affairs [Әйелдер Істері Министрлігі] үлгісінде ұлттық әйелдер құрылымы құрылды. Ливан әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған ұлттық стратегияларын (қаржыландырмайды немесе жүзеге асырмайды) жасауды жалғастыруда. Осы жетістіктерге қарамастан, ел гендерлік теңдіктен артта қалып отыр.

Әйелдердің саяси өмірге қатысуы қабылдауға келмейтіндей төмен. 2017 жылдың маусым айында парламент Ливанда әйелдердің 30% парламенттік квотасы бойынша ұсынысты қабылдамады. Бұл әйел құқықтарын қорғаушылар үшін айтарлықтай кедергі болды. Қазір 128 орынды парламентте алты әйел бар. Ливандық әйелдер өздерін репрезентациялаудан гөрі, бұрынғы саясаткерлердің жесірлері ретінде «қарадағы» саясатты жалғастыруда. Осылайша, Ливанға ұзақ уақытқа кедергі келтірген жіктерді жандандырып, олар феминистік мүдделерге қарағанда, сектант мүдделерін қайталайды.

Әйелдер арасында сауаттылық көрсеткіштері мен білім деңгейінің жоғары болуына қарамастан, экономикалық белсенділік пен мүмкіндікте гендерлік алшақтық байқалады. 2017 жылы әйелдердің жалпы еңбек ресурстарының шамамен 25% құрады, бұл Ливандағы жұмыс күшіндегі гендерлік теңсіздіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Жұмыссыз ересек әйелдердің үлесі ер адамдардан екі есе көп. Жұмыспен қамту саясаты да, заңдар да тең мүмкіндіктер, төлемдер немесе жұмыс уақытының балансын қорғамайды. Ливан әйелдері көбіне феминизацияланған және бейресми экономикамен байланысты – минималды әлеуметтік төлемдер мен жалақылар түрінде немесе еңбек қауіпсіздігі жағдайында тиісті сыйақысы немесе қорғауы жоқ, пайдалану коэффициенті төмен экономикалық секторда қала берді. Онымен қоса, әйелдер басқарушы лауазымдарда, әсіресе ерлер басымдық секторларда жеткіліксіз.

Ливандағы реформа жүргізуге елдің түрлі діни қауымдастықтарына арналған он бес жеке заңнама кедергі келтіреді. Осы Personal Status Codes [Жеке Статустық Кодекстер] әйел тағдырын некеге тұру, ажырасу, мұрагерлік, балалар және т.б. тұрғысынан анықтайды. Бұл – елдің қатаң патриархаттығының абсолютті көрінісі. Бұл кодекстер ерлі-зайыптылар арасындағы теңсіздікті қолдайды және олардың өміріндегі барлық аспектілерде әйелдерді ашық түрде кемсітеді. Нәтижесінде, әйелдер және олардың өмірін елдегі түрлі діни соттар реттейді.

Ливанның заң жүйесі гендерлік зорлықтың кейбір түрлеріне қарсы қорғауды қамтыса да, дәйекті және тең қадағалау әбден жеткіліксіз, ал оқиғалар салыстырмалы түрде жазасыз қалып отырады. Жақын адамның зорлығы – елдегі гендерлік зорлық-зомбылықтың кең таралған түрі. 2014 жылы Law on Protection of Women and Family Members from Domestic Violence [Әйелдер мен Отбасы мүшелерін Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау туралы Заң] Ливан Парламенті қабылдады, бірақ бұл жаңа заң некедегі зорлауды қылмыс ретінде танымады.

2017 жылы Парламент, егер айыпталушы өз жәбірленушісіне үйленген жағдайда, қылмыстық қудалау айыпталушыдан алынып тасталу мүмкіндігін беретін, Қылмыстық кодекстің 522-бабын жойды. Сондай-ақ, 2017 жылы қоғамдық және жұмыс орындарындағы жыныстық зорлықты қылмыстық жазалау туралы заң дайындалды. Бүгінгі күнге дейін бұл жоба болып қалып отыр.

Ұзақ жылдық ақпараттық-насихаттауға қарамастан, Ливанда балалар некесіне тыйым салатын заңның болмауы, билікті діни соттың қолында қалдырып отыр. Бұл мәселе босқындар кейсінде күшейе түсті: сириялық босқындар арасындағы некеге тұру қарқыны дағдарысқа жауап ретінде өсіп келеді, ал некеге тұруға мәжбүр болған қыз балалар Ливан үкіметі тарапынан ешқандай құқықтық қорғауға қол жеткізе алмайды. Шиеленістен құтылу – әйелдер мен қыз балаларға, міндетті түрде, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді дегенді білдірмейді.

Ливандағы жағдай тұтастай алғанда Араб өңірін сипаттайды: теңдікке қол жеткізу үшін көп жұмыс атқарылуы керек. Өңір бұл өзгерісті жеделдету керек; 153 жыл күту – амал емес. ■

Хаттарды Линда Абирафехке <lina.abirafeh@lau.edu> жолдауға болады.

> Азия жағдайындағы гендерлік

еңбек пен теңсіздік

Никола Пайпер, Мария патшайымның Лондон университеті, Ұлыбритания және ХӘҚ кедейлік, әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік саясат мәселелері бойынша зерттеу комитетінің (ЗК19) мүшесі

Азия «Оңтүстіктен Оңтүстікке» және ішкі аймақтық миграцияның отаны болып табылады. Еңбектің халықаралық ұйымының есебі бойынша, 2013 жылы 150,3 мллион еңбек етуші мигрант, оның ішінде 83,7 миллионы ер адамдар, 66,6 миллионы әйелдер болды. Біріккен Ұлттар Ұйымының бақылауынша, азиялық миграциялық қордағы әйелдердің үлесі 42,7%, ал әлемдік миграциялық қордағы әйелдердің үлесі 48,4%. Көбінде бұл Азиядағы мигрант ер адамдардың санының әйел-мигранттар санына қарағанда тез өсуімен байланысты.

1990 жыл мен 2000 жыл аралығында он алдыңғы қатарлы мемлекеттерді жалғастырушы «дәліздердің» тек үшеуі ғана Азияда болды, бірақ 2010 мен 2017 жылдар аралығында бұл көрсеткіш алтыға дейін жетті. Парсы шығанағы субаймақтарына жататын мемлекеттер мен (БҰҰ «Батыс Азия» деп атайды) Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері арасындағы еңбек миграциясындағы айырмашылық Парсы шығанағында өмір сүретін, бірақ сол мемлекеттердің азаматы болып табылмайтын адамдар үлесінің көп болуымен байланысты. Катар мен Біріккен Араб Әмірлігінде жалпы халық санының ішінде мигранттар үлесі көп – 90% және 88%, олардың көбі континенттен және Африкадан келген. Азиялық мигранттар үшін негізгі миграция ошақтары – Оңтүстік-Шығыс Азияның (Сингапур, Малайзия) және Шығыс Азияның (Корея, Тайвань, Жапония) экономикалық даму көрсеткіштері жоғары елдері. Сонымен қатар, Филиппин, Индонезия, Шри-Ланка, Бангладеш және Вьетнам.

1970 жылдардан бастап ірі көлемді, тұрақты халықтың көші-қонының жүзеге асуы – ғалымдар арасында Азиядағы миграцияның сипаты мен ерекшеліктеріне назар салуына түрткі болды. Азияның ішіндегі миграцияның бірегей ерекшелігі – оның мигранттарға екі-төрт жыл шетелде жұмыс жасауға және ол уақытты созуға мүмкіндік беретін, жұмыс берушімен байланысты уақытша келісім беру түріндегі үстем нормативті-құқықтық базасы. Біліктілігі төмен, аз жалақы алатын жұмысшылардың көбісі отбасын сол елге көшіріп, сонда тұрақты тұруға мүмкіндіктері жоқ. Келісімшарт бойынша уақытша миграция «бір жұмысшы» феноменінің пайда болуына себепкер болды. Мигрант ер адамдардың өндірістік секторда жұмысқа тұруға мүмкіндігі көп (мысалы, құрылыс саласы), ал әйел мигранттардың репродукциялық салада, яғни күтім секторы, әсіресе отбасындағы күтім саласында жұмысқа тұруға мүмкіндігі жоғары, сонымен қатар олар да өндірістік салада жұмысқа орналаса алады.

Осы аймақтағы үй шаруашылығы мен күтім секторында әйел мигранттардың көп екендігі сөзсіз. Үй шаруашылығына бақша ісі, жүргізушілер, күзет және аспаздар кіретін Батыс Азияда үй шаруашылығы секторында мигрант ер адамдар да еңбек етеді: араб аймағындағы үй шаруашылығын жүргізетін барлық жұмысшылардың 10% ер адамдар құрайды. Еңбектің халықаралық ұйымының мәліметтері бойынша, 15 жастан асқан 53,6 млн әйелдер мен ер адамдардың негізгі жұмысы үй шаруашылығын жүргізумен байланысты, кейбір ақпарат көздерінде бұл көрсеткіш – 100 млн. адамға дейін жетеді. Үй шаруашылығын жүргізетін жұмысшылар постиндустриялық елдердегі жұмыспен қамтудың 2,5%, дамушы елдердегі жұмыспен қамтудың 4%-10% дейінгі үлесін құрайды. Гендерлік құрылымды қарастырсақ, үй шаруашылығын жүргізетін әйелдердің үлесі – 83%, бұл әлемдегі әйелдерді жұмыспен қамтудың – 7,5%. Көбінде әйелдер отбасын тастап, мыңдаған шақырым аралықты артқа тастап, толық реттелмеген немесе мүлдем реттелмеген, қауіпті, жалақысы аз жұмысқа тұрып, үй шаруасындағы жұмысшы ретінде еңбек ету үшін миграцияға ұшырайды.

Жаһандық зерттеулер мен миграция саласындағы саясатта кеңінен пайдаланатын «көмек тізбегі» сияқты концепциялар азиялық елдердің мигранттарының мысалына сүйенеді. Әйел мигранттардың дамыған мемлекеттердегі күтім саласындағы қажеттілікті өтеп, сол салада еңбек етуі олардың елдеріндегі күтім саласында жұмыс жасайтын мамандар тапшылығына алып келді. Жаһандық тізбек негізінде болған үй

>>

> **“Мемлекеттік саясат көші-қонға бақылау жасауға және шетел жұмысшылары есебінен экономикалық пайда табуға, олардың құқықтарын елемеуге негізделеді”**

шаруашылығындағы күтімнің еңбек қызметінің бір қалпы ретіндегі коммодификациясының, макроэкономикалық болжамдарға сәйкес, әлеуметтік-экономикалық салдарларына, әйелі немесе күйеуінің басқа елге еңбек етуге кетуінің нәтижесінде қалып қойған отбасылардың психологиялық жай-күйі саясаткерлер назарынан тыс қалған мәселе.

Азиялық ішкі еңбек мигранттарының көбі жалақы деңгейі төмен секторларда жұмыс істейтіндігі – көші-қон мен даму арасындағы өзарабайланыс туралы пікірталасты қайта жандандыратын өзекті мәселе. Соңғы жылдарда көші-қонның дамуына ықпал еткен көп факторлар біліктілікті көтеруді презумпциялау және «ми ағыны» қағидасына негізделген, осы мигранттар шыққан елдер үшін көші-қонның пайдалы болуына мүмкіндік береді. Бұл уақытша еңбек мигранттарының көбісінің, әсіресе әйел-мигранттардың атқаратын жұмысын елемеуге алып келеді. Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия бойынша «біліктілігі төмен» жұмысшылардың көбі шетелде қысым көреді. Осы жағдай көбінде қысқа мерзімді келісімшарттар шеңберінде орын алады, себебі Парсы шығанағында кеңінен қолданылатын, жұмыс берушілерге қатысты визаның қызметі бойынша демеушілік көрсететін kafala жүйесі, жалданбалы брокерлер мен агенттер көші-қон процесінің қатысушыларының екі тарапына да манипуляция жасайды. Сыни зерттеу күтім бойынша жұмыстың коммодификациясы «адами капиталды» толықтыруға мүмкіндік бермейтіндігін және жалақы мен өмір деңгейіне ықпал етпейтіндігін көрсетті. Даму туралы айтпағанда, ешқандай «дағдылар» алынбайды. Өнімді жұмыстың көрініс таппауы осы пайда болған күтім тапшылығын дамыту үшін қажетті құрамдас бөліктерді жасырады. Бұл жіберуші елдер үшін маңызды: азаматтары үй жұмысшылары болып қызмет атқару үшін басқа елге көшу барысында елге ақшалай аударымдардың үлкен ағымы келді, бірақ осы процесс барысында пайда болған әлеуметтік-экономикалық мәселелер ескерілмеді. Үкіметтегілердің басым бөлігі және саяси алаң тек ақшалай аударымдарға көңіл бөледі және негізделеді, олар мигранттардың салым жасауына мүмкіндік жасауға тырысады, ал отбасыларға келіп түсетін көші-қонның әлеуметтік шығындарын елемейді.

Осы даму парадигмасы әйел-мигранттардың тәжірибесін және көші-қонмен байланысты шығындарды елемейді және олардың құқығы, қорғалуы, бірегей субъективтілігіне қатысты мәселелерге мән бермейді. Мемлекеттік саясат көші-қонға бақылау жасауға (яғни белгілі бір тұлғалардың көшіп кетуі мен көшіп келуі, олардың еңбек нарығына және жұмыс орындарына қолжетімділігі) және шетел жұмысшылары есебінен экономикалық пайда табуға, олардың құқықтарын елемеуге негізделеді.

Жалпы, азиялық мемлекеттер гендерлік аспектілерді ескеретін, әйелдердің трансшекаралық еңбек мобилдігіне мүмкіндік беретін көші-қон саясатын жүргізуден бас тартады. Кейбір елдер қорғау мақсатымен деген сылтаумен әйелдердің еңбек миграциясына құқықтық шектеу қояды. Дегенмен, қабылдап алушы елдердің көбінде еңбек туралы заң әртүрлі құрылымдық факторлар негізінде қиындықтарға кездесетін және жынысы, тап, жасы, этникалық шығу тегі, ұлты бойынша дискриминацияға ұшырайтын әйел-мигранттардың құқығын қорғай алмайды немесе әлсіз қорғайды. Осы факторлар олар кездесетін қиындықтарды одан сайын күрделендіре түседі.

Нәтижесінде еңбек жалақысының көлемі аз экономиканың феминизацияланған секторында (мысалы, үй шаруасы немесе киім өндірісі) шоғырланған әйел-мигранттарға басқа секторлардағы жұмысшыларға қолжетімді еңбек құқығы мен әлеуметтік қорғау қолжетімсіз болады. Мигранттар шыққан елдердегі еңбек нарығындағы құрылымдық теңсіздік пен гендерлік дискриминация және шектеуші иммиграциялық бақылау бірігеді, сондықтан әйелдерде көші-қонға қол жеткізу жолдары аз, сол себепті олар рекрутерлер арқылы мәселені шешуге тырысады (көші-қон процесінде көмек көрсететін жеке тұлғалар мен ұйымдарға ақша төлейді). Ер адамдарға қарағанда, әйелдер жиірек басқа елге уақытша жұмысшылардың біліктілігі төмен сызбасы немесе жұмысқа орналасудың құжаттық реттелмеген арналары бойынша, көбінде кәсіподақ өкілдігі жоқ реттелмейтін секторларда жұмыс істеуге барады. Әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтың жоғары деңгейі, географиялық оқшаулану және әйелдер мен әйел-мигранттардың саяси тұрғыда құқықтарының қорғалмауы Азиядағы гендерлік теңсіздікке себеп болады.■

Хаттарды Никола Пайперге <n.piper@qmul.ac.uk> жолдауға болады.

> IPSP: әлеуметтік прогресс,

кейбір гендерлік пайымдар

Джефф Хирн, Ханкен экономика мектебі, Финляндия, Эребру университеті, Швеция және Хаддерсфилд университеті, Ұлыбритания, ХӘҚ әйелдер, жыныс және қоғам мәселесі бойынша зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК32)

Әлеуметтік прогресс бойынша халықаралық Алаңның есебіне 300 жуық зерттеуші жұмылдырылды. Ұсынған: Софи Уолзерс (2015).

Әлеуметтік Прогрестің Халықаралық Алаңын (IPSP, https://www.ipsp.org/) құру туралы ой шамамен 2012-2013 жылдары Ауа-райының өзгерісін талдау бойынша үкіметаралық сарапшылар тобымен (IPCC) қатарлас ірі тәуелсіз мемлекеттік емес қоғамдық-ғылыми операция ретінде пайда болды. Бұл идея 2013 жылғы мамырдағы «Think Global» конференциясында (https://penserglobal.hypotheses.org/35) талқыланды және 2014 жылы комитет басшылығы және ғылыми кеңес жүргізген алғашқы жиналыстардан кейін әлеуметтік прогресс бойынша халықаралық топтың ресми жұмысы басталды. Осы орын алған процестердің көшбасшылары – Марк Флербей (Принстон университеті), Оливье Буэн (RFIEA) және оларды қолдаған әлеуметтанушы ғалымдар – Амартья Сен, Хельга Новотна, Рави Канбур және Элиза Рейс.

Жалпыға ортақ мақсат әлеуметтік пайымдау аспектілерінің жан-жақты қамтылуын қамтамасыз ету; заманауи қоғамдық ғылымның қолжетімді және өзекті болуына ықпал ету; тек үкіметке ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қайраткерлер мен азаматтарға алдағы болашақ туралы идеяларды сіңдіру; қоғамдық пікірталастарға ықпал ету; ғалымдарды әлеуметтік әділдіктің орнауы туралы ұзақ мерзімді келешегі бар ойларға итермелеу болды.

2015 жылы тамыз айында Стамбул қаласында әлемнің алдыңғы қатарлы 200 әлеуметтанушы ғалымдардың қатысуымен өткен бірінші ірі авторлық конгреске қатысуға шақырту алдым. «Отбасының, жыныстың және жыныстылықтың плюрализмі» деп аталған ұжымдық топ ішіндегі топқа қосылуға шақырту болды. Әдеттегідей, іс-шара барысында «Отбасының, жыныстың және жыныстылықтың плюрализмі» деген тақырыпты «Отбасылардың плюрализмі» деген тақырыпқа өзгертіп, оған гендер тақырыбы да қосылды. Бұл өзгеріске ықпал еткен – ұжымдық топ ішіндегі топтың мүшелері. Мен соңғының алдындағы бөлімге қатыстым – «Әлеуметтік дамудың

>>

есепсіз бағыттары: алға жылжу жолдары», сонымен бірге гендер мәселелері бойынша өтпелі топты құруға қатыстым (ол туралы айтылатын болады). Екінші ірі конгресс 2017 жылдың қаңтарында Лиссабонда өтті.

IPSP (әлеуметтік прогресс бойынша халықаралық топ) бірігіп жазған авторларды қосқанда 282 автор өз мақалаларын жариялады. Әртүрлі комитеттер мен ғылыми кеңесті қосқанда жалпы саны 350-ге жетеді. Алғашқы кезде саясаттанушылар авторлардың төрттен бірін құрады; әлеуметтанушылар мен экономистер бестен бір бөлігінен аз; қалғандары басқа әлеуметтік ғылым өкілдері болды, оның ішінде гуманитарлық ғылым өкілдері. Көбі Еуропа мен солтүстік Америкадан. Шамамен 60% – ер адамдар.

IPSP (әлеуметтік прогресс бойынша халықаралық топтың) негізгі ұстанымдары: алқалық жауапкершілік негізінде «төменнен жоғарыға қарай» ұстанымы негізінде жұмыс жасау; үкімет пен лоббистердің, университеттер және т.б. 50 серіктес-демеуші ұйымдардың қолдауы мен қаржыландыруынан тәуелсіз болу; пәнаралық бағыт пен мүдделі топтардың пікірлеріне көп көңіл бөлінеді. Авторларға келіспеушіліктерді бой ұсынушылық пен сыйлау арқылы шешу, келісіп тұрып келіспеу, тәжірибе шегін мойындау ұсынылды. IPSP шартты түрде нұсқаушы болуға тырысты: «егер сіздің мақсатыңыз осы болса, онда ең жақсысы – осы әдіс». Әлеуметтік прогрестің негізгі элементтері анықталды: тең атақ, негізгі құқықтар, демократия, заңның үстемдігі, плюрализм, әл-ауқат, еркіндік, оқшауланбау, ынтымақтастық, құрмет және мойындау, мәдени құндылықтар, экологиялық құндылықтар, бөлудегі әділеттілік, ашықтық, есеп беруге міндеттілік.

Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде үш ұжымдық том жарияланды: *Rethinking Society for the 21st Century: Report of the International Panel on Social Progress* [XIX ғасырдағы қоғам туралы ойдың өзгерісі: әлеуметтік прогресс бойынша халықаралық топтың баяндамасы], сонымен қатар Кембридж университеті баспасы шығарған бірыңғай авторлық том - *A Manifesto for Social Progress: Ideas for a Better Society* [Әлеуметтік прогресс манифесті: ең мықты қоғам үшін идеялар]. IPSP авторлары көптеген форумдарда белсенді, мысалы, T20 (2017 жылы Германияда, 2018 жылы Аргентинада жиналған халықаралық аналитика желісі), The Conversation [Әңгіме»] журналының арнайы шығарылымдары мен деректі фильмі https://www.instagram.com/a_new_society/.

Мәселелер спектрі туралы кейбір идеялар үш томның тарауларында кеңінен көрініс тапқан: 1 том. *Volume 1. Socio-Economic Transformations* [Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер]: Әлеуметтік үрдістер мен жаңа география; Әлеуметтік өрлеу: Компас; Экономикалық теңсіздік; Экономикалық өсім, тұлғалық даму; әл-ауқат; Қалалар; Нарық, қаржы, корпорациялар; Жұмыстың келешегі; Әлеуметтік әділеттілік, аман-саулық, экономикалық ұйымдасу; *Volume 2. Political Regulation, Governance, and Societal Transformations* [2 том. Саяси реттеу, басқару және қоғамдық өзгерістер] Демократияның қарама-қайшылығы мен заңның үстемдікке ие болуы; Зорлық-зомбылық, соғыстар, бейбітшілік, қауіпсіздік; халықаралық ұйымдар, басқару технологиялары; Басқарушы капитал, еңбек және табиғат; БАҚ және байланыс; *Volume 3. Transformations in Values, Norms, Cultures* [3 том. Құндылықтар, ережелер, мәдениеттің өзгерісі]; Мәдени өзгерістер; Дін; Отбасының плюрализмі; Жаһандық денсаулық сақтау; Білім; Тиістілік; Әлеуметтік өрлеудің көптеген бағыттары; Әлеуметтік ғылымдардың саясат пен институттық өзгерістерге қосқан үлесі. Әр тақырып бойынша ағымдағы жағдай, тарихи және келешегі бар үрдістер, әлеуметтік әділеттілік ұстанымы негізінде болған өзгерістердің бағыттары және осы өзгерістердің қозғаушы күштері мен кедергілері қарастырылады. Өтпелі тақырыптар: Ғылым, технология және инновациялар; Жаһандану; Қоғамдық қозғалыстар; Денсаулық; Гендер. Пәнаралық гендерлік топ бөлімдердің жобасына түсініктеме берді және мынадай сұрақтарды қосатын гендерлік мәселелерді қарастыратын авторлардың тізімін жасады:

• гендерлік қарым-қатынастар, билік пен гендерлік процестер арасындағы қарым-қатынастар, гендер түсінігін тек зат есім ретінде ғана емес, сонымен қатар құбылмалылар мен нақты гендерлік категориялар арқылы қарастыру;
• гендерлік құрылым және әйелдер мен феминистердің, ер адамдар мен маскулинистердің гендерлік билігі;
• «Әйелдер мен ер адамдар» ретінде жынысты түсіндіру гендерлік әртүрлілікті азайтуы, ЛГБТ бағдарын төмендетуі мүмкін;
• гендерлік тәртіптер арасындағы жалпылаулар кейде қате болуы мүмкін болғандықтан, түрлі қоғамдардағы және олардың арасындағы гендерлік қарым-қатынастардың ұйымдасу әдістерінің әртүрлілігі;
• балалар, «қыздар» және «ұлдар» санын азайтып көрсетпеу керек;
• «гендерлік теңдік» пен «гендерлік әділеттілік» түсініктерін мұқият және белгілі бір ретпен ажырату;
• «гендерлік көзқарасқа бейтарап» және «гендерлік емес» аланда гендерлік процестер мен гендерлік жүйелерді қарастыру, мысалы, халықаралық қатынастар және транспорт;
• сексуалдық (sexuality), оның ішінде гетеронормативтілікке негіз болатын ережеге сәйкес емес сексуалдық;
• жыныс пен сексуалдықтың келешегі, мысалы, жаңа технология салдарлары;
• гендер бірегейліктің әртүрлі деңгейінен бастап жаһандық әлеуметтік қарым-қатынастарға дейін құрылады.

Жалпы, IPSP есебінде құрылымдық әлеуметтік өзгерістердің мүмкіндіктері туралы барынша заманауи білімді жинақтауға және қоғамдық институттардың ұстанымдары, мүмкіндіктері мен оларды жетілдіру әдістері туралы білімді жалпылауға ұмтылыс жасалады. Көптеген ұсыныстар жасалды, мысалы, соңғысынан бұрынғы бөлімде: тұрақты әлеуметтік өрлеу жолында болатын кедергілерді еңсеру; нарықтық белсенділіктің капиталистік емес қалыптарын және адамның қажеттіліктерін өтеуде мемлекет пен қауымдастықтардың рөлін кеңейту;

>>

динамикалық кооперативті нарықтық секторларды құру; капиталистік фирмаларды кооперативтерге айналдыру және жұмысшыларды жою; ірі капиталистік корпорацияларды демократизациялау; шартсыз негізгі табыс; әмбебап табыс қызметтері; институттар мен саясаттағы күштілер мен үстемдігі барларды тағайындау немесе ауыстыру; жаһандық оңтүстікте жиналған тәжірибесін ескере отырып, саясатты құрастыру үшін транұлттық ұйымаралық альянстарды құру; «белгіленбеген» және трансұлттық саяси аспектілерге теңдікті қамтамасыз ету бойынша бағдарламалар аясын кеңейту; демократияны демократизациялау; ортақ бюджеттендіру. ■

Хаттарды Джефф Хирнге <hearn@hanken.fi> жолдауға болады.

> Кедейлік және теңсіздік:

Оңтүстік Африка – Африка материгі үшін ескерту

Джереми Сикингс, Кейптаун университеті, Оңтүстік Африка, ХӘҚ Кедейлік, әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік саясат мәселелері бойынша зерттеу комитетінің (ЗК19) мүшесі, ХӘҚ Қала және аймақтық даму бойынша зерттеу комитетінің (ЗК21) бұрынғы вице-президенті.

Соңғы 25 жылда жұмыссыздардың абсолютті саны екі есеге артқан Оңтүстік Африкада жұмыс іздеу. Суретті түсірген: Джереми Сикингс.

Оңтүстік Африкадағы кедейлік пен теңсіздік – өзіне назар аудартатын өзекті мәселе. Оңтүстік Африкадағы стандартталған ақшалай кірістің көрсеткіштері арқылы есептелетін кедейліктің абсолютті деңгейі ұзақ уақыт бойы мемлекеттің жан басына шаққандағы ЖІӨ есептегенде жоғарғы көрсеткіштерді құрайды. Бұл, әрине, Оңтүстік Африкадағы табыстың тең бөлінбеуіне байланысты. Жоғары табысы бар кедейлік пен теңсіздіктің Оңтүстік Африкадағы апартеид дәуіріне дейінгі және кейінгі кезеңдегі нәсілдік оқшаулану мен дискриминацияға негізделген тарихи тамыры бар құбылыс. Дегенмен, демократиялық жолмен сайланған Үкімет орнағаннан кейін, 25 жыл ішінде кедейлік деңгейі әлі де жоғары болып қала берді, ал теңсіздік ұлғайды. Осы жерден демократияның табысы бойынша кедейлік пен теңсіздік деңгейінің төмендеуіне міндетті түрде ықпал етпейтіндігін көруге болады.

> Оңтүстік Африкадағы кедейлік пен теңсіздіктің сақталуы

Кедейлік пен теңсіздіктің сақталуы бірнеше факторлардың бар екендігін көрсетеді. 2005 жылы Николи Наттраспен бірігіп жазған *Class, Race and Inequality in South Africa* [Тап, нәсіл және Оңтүстік Африкадағы теңсіздік] атты еңбегімізде (Йель университетінің баспасымен шыққан) теңсіздіктің апартеид дәуірінен кейін де жалғасқандығын айттық, себебі ол енді айқын нәсілдік кемсіту негізінде болып жатқан жоқ. Апартеид кезеңінде ақ түсті оңтүстік африкалықтар тек меншік пен қаржылық активтер ғана жинап қойған жоқ, сонымен қатар олар адами және әлеуметтік капитал (біз мәдени капиталды да қосуымыз керек еді) жинады (нәсілдік-кемсіту мемлекеттік құрылым арқылы). Бұл нәсілдік кемсітудің жойылуы барысында ақ түсті оңтүстік африкалықтардың артықшылықтарына залал келтірмейтіндігін көрсетті. 1994 жылдан кейін демократиялық жолмен сайланған Үкімет айқын нәсілдік кемсітудің қалдықтарын жойды және қара түсті оңтүстікафрикалықтардың пайдасына бағытталған айтарлықтай позитивті әрекеттер жасады. Бірақ ақ түсті оңтүстікафрикалықтардың көбі тап артықшылығын пайдалануын жалғастыра берді. Керісінше, кейбір

>>

қара түсті оңтүстікафрикалықтар нәсілдік шектеулер жойылғаннан кейін(одансоңпозитивтіәрекеттерден кейін) ұтымды жағдайда болып, өркендегенімен, көптеген қара түсті оңтүстікафрикалықтар қандай да бір капиталдың болмауына байланысты зардап шегуді жалғастыра берді. Ересек оңтүстікафрикалықтардың оннан төрт бөлігі дағдысыз, біліктілігі, әлеуметтік капиталы, жерінің жоқ болуына байланысты жұмыссыз болды.

2015 жылы жазылған *Policy, Politics and Poverty in South Africa* [Саясат, саясат және Оңтүстік Африкадағы кедейлік] (Palgrave Macmillan) атты кітабымызда Наттрас екеуміз демократияға өткеннен кейін кедейлерді мықтырақ қолдайтын саясаттың орнамау себебін түсінуге тырыстық. Біз кейбір үкіметтік саясаттың кедейлерді қолдауға бағытталғандығын мойындадық. Оңтүстік Африкадағы әлеуметтік көмек көрсету бойынша бай салық төлеушілердің табысынан кедей үй шаруашылықтардың пайдасына қарай ресурстарды бөлу арқылы жүзеге асатын бағдарламалар ЖІӨ-нің үлкен бөлігін құрайды (3% 4% дейін). Бұл кедейлікті жояды, бірақ теңсіздікті жоя алмайды. Соған қарамастан, кедейлік пен теңсіздік сақталып отыр. Бұл құбылыстың ең бірінші себебі – жұмыссыздықтың жоғары деңгейі. Демократиялық басқару орнаған 25 жыл ішінде тек жұмыссыздық деңгейі ғана өсіп қоймай, жұмыссыздардың абсолютті саны екі еселенді. Салықтар есебінен бөлінетін әлеуметтік көмекті қоспағанда, экономикалық өсімнің артықшылықтарының аз ғана бөлігі өте кедейлерге бағытталады. Еңбек нарығындағы көп еңбекті қажет ететін секторларына саясаттың тигізетін зияны осы жерде көрініс табатындығын айтқанбыз.

> Өсіп келе жатқан жалпы африкалық құбылыс

Оңтүстік Африканың тарихы осы құбылысты айырықша етеді. Бірақ Оңтүстік Африкадағы кедейліктің сақталуы және тереңдеп келе жатқан теңсіздік – жалпы Африкаға тән құбылыс. 1990 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде әлемдегі кедейліктің ақырғы деңгейінде өмір сүретін халықтың саны үштен бірге қысқартылды – 47%-дан 14% дейін. Табыс деңгейі бойынша кедейліктің ақырғы деңгейінде өмір сүретін халықтың үлесі 1990 жылдағы 2 миллиард адамнан 2015 жылда 836 миллион адамға қысқарған. Алайда, Африкадағы кедейліктің ақырғы деңгейінде өмір сүретін халықтың абсолютті саны өскен кезде кедейліктің жалпы деңгейі тек 57%-дан 40%-ға қысқарды. Оңтүстік Африкадағыдай кедейлік экономикалық өсім болса да сақталып отыр. Өсімнен кедейлерге келіп-кетер пайда жоқ. Африкадағы кедейлік өсімінің икемділігі 1990 жылдан 2015 жылдар арасында басқа аймақтарға -2 құрағанда, - 0,7 болды, бұл Африкадағы экономикалық өсімнің 1% кедейлікті 0,7% қысқартты, басқа елдерде осындай өсім кедейлікті 2 % қысқартты. Африкадағы экономикалық өсім кедейліктің қысқаруына емес, теңсіздіктің өсуіне көбірек ықпал етеді.

Оңтүстік Африкаға қарағанда, Африкада кедейлер әлі де ауылдық жерлерде шаруа қызметін атқарады. Шаруа қожалықтары көптеген (бірақ барлық емес) аймақтарда төменгі өнімділікке ие және активтерді жоятын құрғақшылыққа төтеп бере алмайды. Үкімет көп жағдайда ауылдық жерлерді елемеді. Шаруа фермердің зорлауымен жүзеге асқан «Даму» үлкен табыстар алып келмеді. Африканың үлкен бөлігі бір кездері кең аумақты жерге ие болды және онда жұмыс күшіне жетіспеушілік орын алды. Қазір оған жұтаң жерлер мен жұмыс күшінің шамадан тыс саны тән. Шаруа қожалықтарындағы шаруалардың еңбек өнімділігінің өсуі ұлттық азық-түліктік қауіпсіздікке және ауылдық жерлердегі кедейліктің қысқаруына қажетті алғышарт екендігі анық. Бірақ өсіп келе жатқан еңбек күшін толығымен жұмыспен қамту мүмкін емес. Нәтиже белгілі: көбі қалалық аудандарға көшіп кететін және саяси элита саяси қауіпті топ деп есептейтін жастар арасындағы жұмыссыздықтың өсуі.

> Белсенді еңбекті талап ететін өндіріске қажеттілік

Оңтүстік Африкада және Африканың біраз бөлігінде кедейлік көлемінің қысқаруына белсенді еңбекті талап ететін ауыл шаруашылық емес сектордың кеңеюі ықпал етеді. Әрбір тұрақты экономикалық өсімнің тарихи жағдайы мен кедейліктің қысқаруы белсенді еңбекті талап ететін өндірістің дамуы арқылы жүзеге асты. Николи Наттраспен жазған жаңа *Inclusive Dualism: Labour-Intensive Development, Decent Work, and Surplus Labour in Southern Africa* [Инклюзиялық дуализм: белсенді еңбекті қажет ететін даму, лайықты еңбек және Африканың оңтүстік бөлігіндегі шамадан тыс еңбек] атты кітабымызда (Oxford University Press, 2019) экономика бойынша Нобель сыйлығын алған жалғыз африкалық шығу тегі бар экономист У.Артур Льюистің жұмыспен қамтуды кеңейту мен кедейлікті қысқартудағы тігін өндірісінің рөлі туралы классикалық еңбегін пайдаландық. Тігін өнеркәсібі кедейлерді жұмыспен қамтудағы маңызды табыс көзі. Бангладештегі киім өндірісі саласындағы төрт миллион жұмыс орнында еңбек жалақысының деңгейі төмен болуы мүмкін, бірақ олар кедейліктің қысқаруына елеулі үлес қосты, себебі ауылдық жерлердегі әйелдер өнімді және жоғары жалақысы бар жұмысқа ауысты. Сонымен қатар, тігін өнеркәсібі қоршаған ортаны қорғауға үлес қосады, оны көмір шахтасында «шымшық құс» ретінде пайдаланады. Көмір шахтасында тордағы «шымшық құс» тау-кеншілерге газдан төніп тұрған қауіптің көрсеткіші болады. Егер елдегі жұмыс күші артық болып, тігін өнеркәсібі дамымаса, бұл жағдай саяси ортадағы кемшіліктерді көрсетеді.

>>

Инклюзиялық дуализм Оңтүстік Африкадағы жұмыссыздықтың өсуі мен киім өндірісіндегі жұмысбастылықтың қысқаруы қатар жүрген кездегі тәжірибені талқылауға мүмкіндік береді. Оңтүстік Африкадағы өңдеуші өнеркәсіпте жұмысбастылықтың артуы икемділігі теріс салдарға алып келгендігі толқу тудырады, себебі өндіріс көлемінің ұлғаюы осы сектордағы жұмыспен қамтылудың қысқаруымен қатар жүрді. Жұмыс берушілер капитал жинауға көбірек мүмкіндік беретін технологияларға өз инвестициясын сала бастағандықтан, еңбек өнімділігі өсті, бірақ жұмыспен қамтылу қысқарды. Бұл – әрине, тұрақты теңсіздік пен кедейліктің өсуіне алып келетін алғышарт. Біз бұны «лайықты еңбектің фундаментализмі» деп атаймыз, яғни жұмыспен қамту үшін салдарын ескерместен «лайықты еңбекке» ұмтылу. Киім өндірісі дамитын орта құрмаса, Оңтүстік Африка мен басқа да африкалық мемлекеттерде теңсіздік пен кедейлік сақтала береді.

Африкадағы кедейлік туралы мәліметтер *UN's Millennium Development Goals Report* [Мыңжылдықтағы даму мақсаттары туралы БҰҰ есебінен] (Нью-Йорк:Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2015), Кэтлин Бигл және т.б. *Poverty in a Rising Africa* [Дамушы Африкадағы кедейлік] (Вашингтон, Колумбия округі: Әлемдік банк, 2016), Заробабель Бикаба және т.б. "Eliminating Extreme Poverty in Africa: Trends, Policies and the Roles of International Organizations" [Африкадағы кедейліктің ақырғы шегін жою: үрдістер, саясат және халықаралық ұйымдардың рөлі], Working Paper 223 [223 Жұмыс Құжатынан] (Абиджан: Африкалық даму банкі, 2015) алынған.

Хаттарды Джереми Сикингске <jeremy.seekings@uct.ac.za> жолдауға болады.

> Оңтүстік Африкадағы Елуіншілер және харизмалық христиандық

Моконг С. Мападименг, Гуманитарлық ғылым саласындағы зерттеулер кеңесі, Оңтүстік Африка және ХӘҚ Өнер әлеуметтануы (ЗК37) мен Еңбек қозғалыстары (ЗК44) зерттеу комитеттерінің мүшесі.

Елуіншілер шіркеуінің пасторы қауым мүшесінің бетіне Doom инсектицидін себуде.

1994 жылғы Оңтүстік Африкадағы демократиялық сайлау отарлаушы апартеид-тіңресмиқұлдырауымен қара нәсілді көпшіліктің демократиялық басқаруға ауысуына алып келген өзгерістердің бетбұрысты кезеңі болды. Бұл өзгерістер ескі институттар, құрылымдар мен оған ілеспелі тәжірибелер жүйесіндегі өзгерістермен қатар жүреді. Олардың ішінде Елуіншілер немесе харизмалық христиандық шіркеулер арқылы өздерінің қызметін жүзеге асырған христиандық діни қозғалыстар саны өсті. Бұл шіркеулер Оңтүстік Африкада жаңа құбылыс болмағанымен, шамамен жиырмасыншы ғасыр ширегінде пайда болған, олар 1994 жылдан кейін қала орталықтарында, сонымен қатар алыс ауылдық жерлерде біршама өсті.

Осы шіркеулердің экспоненциялық өсімі қиындықтар мен қарама-қайшылықтарсыз болмады. Соңғы уақытта осы шіркеулердің шынайы христиан дініне қарама-қайшы келетін қызметі туралы жиі естиміз. Соның ішінде – жын-перілерден арылту немесе олармен күресу үшін адамдарды жылан, шөп, жанармай және пестицидтермен емдеу (1 және 2 суреттерді қараңыз). Осы мақаланы жазған кезде сексуалды зорлық-зомбылық, адамдарды сату және рэкетпен айналысқаны, малавиялық мультимиллионерге айналғаны үшін «Иисус-Доминион Интернешнл» (JDI) шіркеуінің өкілі, нигериялық пастор Тимоти Омотосаға, алаяқтық пен ақшаның ізін жасырғаны үшін «Рухани тазарған христиандық жиналыс» (EGG) шіркеуінің пасторы Бушири мен оның әйеліне қатысты сот процесі жалғасып жатты. Сонымен қатар, жуырда конголық пастор Альфа Лукау құдайға құлшылық етіп, табытта жатқан адамды қайта тірілттім деп сендірген видеожазба кең таралып, резонанс тудырды.

Осы шіркеулер туралы бітпейтін қарама-қайшылықтар, оның ішінде олардың жеке меншік мекемелер ретінде әрекет етіп, сонда да нормативті базаларының болмауына орай салық төлеуде ұтатындары үшін айыптаулар, Оңтүстік Африка үкіметінің осы қарама-қайшылықтар мен заңсыз бизнес тәжірибесін жүзеге асыру бойынша істі тескеру үшін комиссия құруға итермеледі. Бұл тапсырма мәдени, діни және тілдік қауымдастықтарды марапаттау және қорғау комиссиясына (CRL құқығы бойынша комиссия) жүктелді. Тексеріс адамдардың көңіл-күйі мен рухани өміріне залал келтірген алаяқ шіркеулерге қатысты

>>

Елуіншілер шіркеуінің пасторы қауым мүшесіне тірі жыланды жегізіп тұр.

жүрді. Аталмыш шіркеулердің біразы, олардың қатарындағы діни қауым мүшелерінің кедей болғанына қарамастан, шіркеу көшбасшысының коммерциялық пайдасы үшін құрылған деп есептеледі.

Елуіншілер мен харизмалық христиандық шіркеулердің танымалдылығы мен қарама-қайшылығының өсу үрдісі туралы әлеуметтанулық есептердің жоқтығы көзге түседі. Бұның себебі – Оңтүстік Африкада дін әлеуметтануы әлі даму үстінде. Нәтижесінде осы шіркеулерге қатысты көптеген мәселелер зерттелмей отыр: осы шіркеулер санының өсуі мен олардың экспоненциялық өсімін және тұрғындар арасында танымалдыққа ие болуын қалай түсіндіруге болады? Оңтүстікафрикалық қауымдастықтың қандай сегменті осы шіркеулерге табынады және олардың қызметіне белсенді араласады? Осы шіркеулердің харизмалық болуына ықпал еткен көшбасшылар кім? Осы шіркеулер қызметінің қауіпті екендігін шіркеуге құлшылық ететіндерге қалай түсіндіруге болады? Оңтүстік Африкадағы діни ұйымдарға қатысты нормативті-құқықтық база қалай жүзеге асады (қалай жұмыс істейді)?

Мен алдын-ала әлеуметтанулық есеп жасауға тырысып, дін мен оның қоғамдағы рөліне теориялық талдау жасаймын, яғни дінді адамдар қалай түсінеді, оның қоғамдағы рөлі қандай және қоғамға ықпалы қандай деген сұрақтарға жауап беруге тырысамын. Дін түсінігіне анықтама беруде қарама-қайшылықтар бар, оны Джеймс А. Бекфорд діннің оған әртүрлі, динамикалық және белгіленбеген мағына беретін әлеуметтік-саяси, тарихи мәтіндегі әлеуметтік конструкция болып табылатындығымен байланыстырады. Осы көзқарас 1994 жылдан кейінгі Оңтүстік Африкадағы Елуіншілер және харизмалық христиандық шіркеулердің өсуін түсіндіруге көмектеседі. Бұл ешқашан жүзеге аспаған, «барлығына ең жақсы өмір сүресіңдер» деп уәде берген саяси кезең болды. Кедейлерге негізгі қызметтерді кең көлемде көрсетуге қол жеткізу арқылы болған кейбір алға жылжуға қарамастан, ол мінсіз қоғам туралы уәденің жүзеге аспағаны рас. Қазіргі уақытта 2,2%, құрайтын Оңтүстік Африкадағы жыл сайынғы баяу экономикалық өсім жұмыспен қамтудың жоғары деңгейімен қамтамасыз ете алмады (ресми жұмыссыздық 27% асады). Кедейлік пен теңсіздік тереңдей түсті: елдегі Джини коэффициенті 0,63 құрайды, бұл – әлемдегі ең жоғарғы көрсеткіш. Осы ауыр жағдай саяси элиталардың өзін-өзі байыту үшін мемлекеттік қаржыны жымқыруы мен тыйымсыз жемқорлықтың өсуі және моральдық азғындаумен күшейіп келеді. Осы мақала жазылған уақытта мемлекеттік қаржыны жымқырған, сыбайлас ұжымдық мүдделер негізінде парақорлық пен алаяқтыққа бой алдырған жемқорларға қатысты істі тексеру комиссиясының жұмысы жүріп жатты.

Осы контекст арқылы оңтүстік африкалықтардың арасында харизмалық христиандық шіркеулердің танымалдылығы мен экспоненциялық өсімін түсінуге болады. Аталмыш шіркеулер өздерінің артынан ерушілерді кедейліктен, аурушаңдықтан, жұмыссыздықтан, материалдық игіліктердің жоқтығынан шеккен зардаптарының ақыры болатынына, «ғажайып өмір» келетіндігіне сендіреді. Осы мақсатпен шіркеуге құлшылық етушілерді қаржылық қайырымдылық жасауға ынталандырады, нәтижесінде пасторлар шамадан тыс бай болады. Бекфордтың айтуынша, дін – өз алдына қойған мақсаттарға тәуелді, әртекті, күрделі және сан алуан әлеуметтік конструкция. Ғажайып сауығуды қосқанда, Елуіншілердің харизмалық элементтері өздерін ғажайыптарды жасаушы пайғамбар деп есептейтін пасторлардың баюына қызмет етті. Стив Брюс үшін дінге құлшылық ету құдайдың қалауын жүзеге асыру арқылы жүзеге асады, соның нәтижесінде адам келесі өмірінде таусылмайтын байлық пен рақатқа кенеледі, ал Оңтүстік Африкадағы Елуіншілер мен харизмалық христиандық шіркеулердің қазіргі толқыны осы өмірдегі материалды игіліктерге қол жеткізуге тырысады.

>>

Христиан миссионерлік шіркеулері мен батыстық білім жүйесі арқылы қол жеткізген отарлаудың тарихи салдарларын ескермей, қорытынды жасау қиынға түседі. Христиан шіркеулерінің миссионерлік рөлі – африкалықтарды *Modimo/Unkulunkulu* құдайына апаратын рухани делдал ретінде Badimo немесе *Amadliozi* ата-бабалар рухына табынуға негізделген отарлау алдындағы діннен алшақтату. Соның нәтижесінде осы шіркеулерге құлшылық еткен африкалықтар жынпері рухтары бар деп, *Badimo* немесе *Amadliozi* ата-бабалар рухынан бас тартты, бұл – білім жүйесі арқылы беки түскен, отарлаушы теориялық концепциялар мен категорияларға негізделген отарлаудың сәтті жобасы. Бұны Брюстің дін адамдарды құдай және ортақ космология үшін біріктіретін ауызбірлікке алып келетін немесе қалыптасқан тәртіптік жүйені бұзатын конструкция деген ойы дәлелдейді. ■

Хаттарды Моконг С. Мападименгке <mmapadimeng@gmail.com> жолдауға болады.

> Ғарыштық басқыншылар: жерастындағы кенші әйелдер

Асанда Беня, Кейптаун Университеті, Оңтүстік Африка

Шахтадағы жұмыс.
Суретті түсірген: Асанда Беня

Әйелдер Оңтүстік Африка шахталарында жерасты жұмыс күшіне араласқанына он бес жыл өтті. Қазіргі уақытта тау-кен өнеркәсібінде 50 000 жуық әйел жұмыс істейді, бұл тұрақты қызметкерлердің жалпы санының 10,9% құрайды. Тау-кен өнеркәсібі қызметкерлерінің шамамен 11% әйелдер құрағандықтан, олардың араласуын жеңілдететін және жеделдететін заңнама қабылданса да, өндіріс өзін ерлер саласы ретінде көрсетіп, ұсынады, сондай-ақ жер асты тау-кен жұмысына ер адамдар ғана жарамды деп танылады. Жер асты тау-кен жұмыстарына ерлердің жарамдылығы қалыптасқан және дискурс пен тау-кен кәсіби мәдениетінде бұрыннан қабылданып, мәңгі сақталып отыр.

Тау-кен өнеркәсібінде ерлердің қабылданғаны өткен шеттетулерді түзетуге бағытталған заңнамаға қарамастан, әйелдерді әдейі алып тастауға ықпал етті. Мен басқа жерде атап өткенімдей, Оңтүстік Африка шахталарындағы әйелдер «Жұмысқа араласып отырғанмен, шеттетіледі». Шындығында, Нирмал Пювардың сөздерін пайдалансақ, олар «ғарыштық басқыншылар» және «бағытын жоғалту жағдайы мен онтологиялық дабыл» тудыратындар ретінде көрінеді. Оларды тек өнімділік пен қауіпсіздікке кері әсер еткені үшін кінәлап қоймай, сонымен қатар, нәзіктік туралы қоғамдық нормаларға сәйкес келмегені үшін шахталардың ішінде де, одан тыс жерлерде де масқараланып, олардың моралі күмәнді деп саналады.

Теориялық тұрғыдан әйелдер кез келген жерасты жұмысын орындай алса да, іс жүзінде оларға белгілі бір жұмыспен айналысуға тыйым салынады. Мен өз зерттеулерімді жүргізген барлық шахталарда әйелдер бұрғылаушы бола алмайды екен, аз бөлігі темір өрімімен айналысатындар немесе жүкшығырлардың жүргізушілері болды. Мен жұмыс істеген бірнеше жүкшығырлардың жүргізушісі ешқашан жер астында жүкшығырларды жүргізбеген. Протекционистік дискурсты пайдалана отырып, шахталар жер астындағы кейбір мамандықтарға әйелдерді жұмылдырудан, оқытудан және орналастырудан стратегиялық түрде бас тартады. Әйелдерді мұндай «ауыр жер асты жұмысынан» қорғау, оларды қаржылық жағынан тиімсіз

>>

етеді, өйткені кейбір жағдайларда олар ерлер сияқты өндірістік сыйақыларға үміткер бола алмайды.

Төменде мен қалай мәдени және протекционистік дискурс әйелдерді шеттету күн сайын нығайып, тамырын жайғанын, ал олардың көбі мәселені көтеруді насихаттай отырып, оны бекіту мен тамырлануға мүмкіндік беретін жерасты оқиғаларының біріне сілтеме жасаймын.

Зерттеуімнің бастапқы кезінде, жүкшығыр жүргізушісімен жаттыққан кезде, маған әйелдерге бұрғылау жұмыстарына баруға рұқсат бермейтінін айтты. Әйелдерді мұндай жұмыстан шеттету олардың дене бітіміне негізделді, оларды нұсқаушылар мен шахта бұрғылау қондырғысын пайдалану үшін жарамсыз және «тым нәзік» деп қарастырды. Оқытушылар бұрғылау машиналары әйелдердің жатырына кері әсерін тигізетіндіктерін айтты. Менің жағдайымда, табандылықпен сұрағаннан соң бұрғылау сыныбына қосылуға рұқсат етілгеннен кейін, маған ештеңені ұстамай тек бақылауға ғана қатаң бұйрық берілді, өйткені «қыздырылған кенжар мен бұрғылау» ерлерге арналған, ал бұл әйел анатомиясымен сыйыспайды. Машиналар дизайны мен тазалау кенжарындағы желдету себеп ретінде аталмады.

Оқу орталығындағы бірнеше сабақ пен бірнеше күнгі бақылаудан кейін барлық жұмысшыларға машиналарды сынап көруге мүмкіндіктер берілді және нұсқаушылар тәжірибелі қызметкерлерге мүмкіндігінше жақын болуды талап етті - олардың аяқтарының орналасуы, машинаға жамбастарын мейлінше тақап отыруы, тыныс алу және дене ырғақтарын бақылауға мүмкіндік берді. Бірақ, менің кезегім келгенде сабақ мүлде басқаша болды. Басында оқытушы маған машинаны басқаруға тыйым салып, әйелдер машинаны басқара алмайтыны туралы айтты. Дегенмен, машинаны басқару және тұрақты болу үшін машинаны айдай білу керек. Менің нұсқаушым маған аяғымды біріктіруді ұсынды. «*Сіздің аяқтарыңыз әйелдердікі секілді бір жақта болуы керек*» деп ескертті. Бұл, оның бірнеше рет ер балаларды итермелеп жатқанын көріп, олардың аяқтарын кең ашып отыруын қадағалап, машинаға отырып және жамбасымен сезініп «*қатты ұстап, итеруді*» талап еткеніне қарамастан, ол маған аяғымды біріктіріп, бір жағына жылжытуды ұсынды, «*әйтпесе балаңыз болмайды ... сіз өз ұрпағыңызды өлтіріп жатырсыз*» деп айтты. Сонымен қатар, жұмысшылар машинада отырған әйелдің «ерсі» көрінетінін атап өтті.

Күтілгендей, мен олардың нұсқауларын орындағаннан кейін бір жаққа екі аяғымды «ханымдай» бұрғыланғанымда, машина мені сүйретіп ала жөнелді. Мен машинаны сөндіріп, осы қалыпта бұрғылау мүмкін еместігін айтайын деп, оларға басымды бұрған сәтте, нұсқаушы былай деді: «*Көріп тұрсыз ба, әйелдер бұрғылай алмайды, мен шахтада ұзақ уақыттан бері жұмыс жасаймын, мен не айтып жатқанымды білемін. Әйелдер мұны жасай алмайды, бұл мүмкін емес ... бұл машина өте ауыр*» (*мен назарымды аударған барлық қызметкерлер келіскендей ниетпен басын изеді*) (Field notes, Rustenburg, сәуір 2012). Бұл ер адамдар үшін, мені көліктің өзімен бірге сүйреп кетуі, олардың машина айдауға арналған «арнайы» нұсқаулары емес, әйелдердің бұрғылау ісі үшін дене бітімдері «жарамсыз» екендігінің дәлелі болды.

Әйел денесі туралы мұндай екіжүзді түсініктер тек оқу орталығында ғана емес, сондай-ақ жер астындағы күнделікті жұмыста да кездеседі. Басқа құжаттарда атап өткенімдей, әйелдердің өз жұмыстарын жер астында орындауға немесе топтарға су әкеліп, әсіресе егер команда ыстық кенжарларда жұмыс жасаса, жинастыруға көмектесетін немесе олардың жұмысынан босатылған және командаларынан бөлінетін көмекшілерге дейін қысқартылған көптеген жағдайлар бар. Мен бұны жұмыс орындарын бейресми қайта бөлу деп атаймын, бұл әйелдердің топтардан оқшауланыуына және олардың жұмысынан алыстауына, сонымен қатар мансабы бойынша көтерілуде қысқа (өндіріс бонустарының талаптарына сәйкес емес) және ұзақ мерзімді теріс салдарға алып келді.

Бұлар оқшауланғаннан гөрі жүйелі жағдайлар, сонымен қатар әйелдердің жерасты жұмысына заңнамалық түрде кірістірілуіне қарамастан олардың тау-кен өнеркәсібіндегі мәртебесін төмендетеді. Мен ерлер мен әйелдердің жұмыста қалай оқытылатыны мен жұмыс істейтіні туралы маңызды және шынайы, бірақ көрінбейтін айырмашылықтарды көрсетуде, сондай-ақ әйелдер денесінің нәзік және әлсіздігі туралы ағат пікір оларды жұмыстан шеттетіп, оларды «екінші деңгейлі» етуінде жоғарыда келтірілген мысалдарды қолданамын. Тек заңнаманың өзі жеткіліксіз екені анық – бұл терең қалыптасқан ерлердің кәсіби мәдениеті мен оны дәлелдеу және өзгерту қажет нормалар.

Хаттарды Асанда Беньяға
<asanda.benya@uct.ac.za> жолдауға болады.

> Жұмыссыздықтың

қосымша экономикалық әсері

Тхабанг Сефалафала, Витватерсранд Университеті, Оңтүстік Африка

Ғалымдар, сарапшылар, саясаткерлер мен жұрт-шылық өткізетін жұмыс-сыздық тәжірибесін талқылау жұмыссыздықтың эконо-микалық салдарына жиі назар аударып, бұл ретте осындай маңызды сыртқы экономикалық факторларды елемейді. Жұмыссыздық, ең алдымен, материалдық қиындықтар мен кедейлік мәселесі екені туралы жиі айтылады. Ерлердің өз үй қожалықтарының материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қабілетсіздігі ер-азаматтығына нұқсан келтірді, кемсітуге жол ашты және ұят болып саналды.

Жұмыссыздық бойынша, әсіресе саяси ортада, сондай-ақ одан тыс жерлерде пікірталастар көбінесе жұмыссыздықтың экономикалық салдарына назар аударады, сондықтан өмір сүруге қажет қаражат мәселелері сияқты тұжырымдамалар мен жұмыссыздықты түсінудің басымдылығы болады.

2013-2014 жылдар аралығында мен Оңтүстік Африкадағы Еркін Мемлекет провинциясының алтын кеніштерінде жұмыс жасаған қара нәсілді бұрынғы кеншілермен этнографиялық зерттеу жүргіздім. Нәтижелер осы көзқарасты растайтын және оған қарама-қарсы идеяларды білдіреді. Басқаша айтқанда, жұмыссыздықтың экономикалық салдарынан басқа да азабы шаш етектен екенін көрсетті.

Онтоғызыншыжәнежиырмасыншы ғасырлардағы капитализм жеке тұлға мен ер-азаматтықтың өзегі ретінде жалдамалы еңбек күші танылды. Африкалық ерлердің көпшілігі ауылдық жерлерден жиналып, жалдамалы еңбекке тартылды. Пролетарлану жалпы ұжымдық пролетарлық идентификацияның күшті пайда болуын білдіреді, сол жердегі жалдамалы еңбек, әсіресе ер адамның асыраушы ретінде лайықты өмірін көрсетеді.

Жалдамалы еңбек лайықты және сәйкес өмір туралы ұғымдарға қатысты беделді мәнге ие болғандықтан, Оңтүстік Африкалық және жаһандық жалдамалы еңбек дағдарысы пайда болды. Жұмыссыздықтың өсуі жұмыс таба алмайтын, жұмыс іздеп жүрген адамдар санының өсуіне алып келді. Бұдан басқа, неолибералды капиталистік кезеңдегі жұмыс орындарының дәстүрлі жұмыс орындарымен байланысты сипаттамалары бол-мады. Оларға көбінесе дауыс, қауіпсіздік пен артықшылықтар жетіспейді. Жалдамалы еңбектің терең дағдарысына қарамастан, оған жүктелген дәстүрлі міндеттерді орындау қабілетінің таусылуын болжайтын жалдамалы еңбек қазіргі әлемдегі лайықты адамдар туралы ұғымның өзегі болып қала береді.

Нәтижесінде көптеген адамдардың күнделікті өмірінде терең, ұзаққа созылған экономикалық тұрақтылық пен қауіпсіздіктің болмауы байқалады. Кейбіреулер африкалық континентте бәрін жаппай қамтитын деп санайтын Оңтүстік Африкадағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жұмыссыздар үшін қолданылмайды. Жұмыссыз жастар және жұмыс күшінің басқа да санаттарында өздерінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тұрақты және болжамды табыстың қандай да бір маңызды болашағы болмады.

Менің зерттеуім экономикалық тұрақсыздықты бастан кешкен бұрынғы кеншілердің шахтадағы жұмыспен, оның ішінде асыраушы ретінде ер адамның өзін-өзі қамшылауы есебінен қалыптасқанын жиірек көрсетеді. Мысалы, Расебоко деген респонденттерімнің бірі, шахтаның бұрынғы қызметкері, жұмыссыздық адам мәртебесіне нұқсан келтіреді, өйткені ол өз отбасын қамтамасыз ете алмайды деп атап өтті. Ол былай деді: «Жұмыссыздық мені еркек мәртебесінен айырады. Ер адам өз отбасын қамтамасыз етуден өз мәртебесін табады. Егер мен өз отбасымды қамтамасыз ете алмасам, онда қандай мәртебе туралы айтуға болады?»

Жұмыссыз ер адамдар өзіне деген сенімділікті жоғалтады, өзін пайдасыз сезінеді және тіпті жұмыссыздықпен байланысты күрт өзгерістер мен дезадаптация салдарынан өзін-өзі өлтіру туралы ойланады: «Сіз өз отбасыңызды ер адам ретінде қамтамасыз ете алмайсыз. Менің отбасым тарапынан қысым тым күшті болды, Мен тіпті өзіме-өзім қол жұмсау туралы ойландым. Мен ешкім емес екенімді, отбасым үшін маңызды емес екенімді түсіндім. Пайдасыз. Мен әлі не үшін өмір сүретінімді білмеймін». Олар басқа ерлер өз отбасыларын қалай қамтамасыз ететінін көріп, қызғаныш сезіміне бой алдырады және қоғамдық жерлеу және құтқару клубтарына қатыса алмайды.

Бір қарағанда, деректер жұмыссыздықтың зиянды салдары негізінен экономикалық қиындықтар мен кедейлікпен байланысты деген ойды растайды. Дегенмен,

>>

“Жұмыс орнын жоғалту тек табысты жоғалтуды ғана емес, сонымен қатар моральдық кемсітуді де білдіреді. Яғни, жалдамалы еңбек және капиталистік қатынастар, нормалар мен құндылықтар үстем әлемде болмыс пен тіршіліктен айырылу”

экономикалық қиындықтар мен кедейлік жұмыссыздар үшін ерекше болып табылмайды: «жұмыс істейтін кедейлер» - жұмыспен қамтылған, бірақ материалдық жағынан айырылған адамдар.

Бұрынғы кеншілер үшін жұмыссыз болу дегенді сипаттау үшін, дене бөліктері жоқ, жараланған қара денелердің арандатушылық суреттері пайдаланылды. Бұл «деклассификацияның» белгілі бір түрін білдіреді, яғни жарақатқа қарағанда өмір сүрудің басқа немесе төмен жағдайына ену процесі. Ауру және ұрып-соғылған қара денелердің бейнелері бөлінген және бұзылған әлеуметтік және моральдық тәртіптерді сипаттау үшін метафора ретінде қолданылды. Бұл өмір олар үшін әлемдегі өмір сүрудің аномиялық жағдайы болды деген ойды білдіреді.

Жалдамалы жұмыс бұдан былай сыртқы қызмет ретінде көрінбейді, олар тек құрал ретінде, тек өмір сүруге арналған тұрақты қаржы көздерін құру және дамыту үшін ғана керек; ол – іске асырылған ниет объектісі.

Жалдамалы еңбекті жүзеге асыру неғұрлым терең, экзистенциялық, моральдық беделді болжайды, өйткені жалдамалы еңбектің болмауы экономикалық, әлеуметтік және психологиялық салдар шеңберінен шығады және жоғалту сезімі ретінде сыналатын аномияның материалдық емес жағдайы ретінде күшті көрінеді.

Жұмыс орнын жоғалту тек табысты жоғалтуды ғана емес, сонымен қатар моральдық кемсітуді де білдіреді. Яғни, жалдамалы еңбек және капиталистік қатынастар, нормалар мен құндылықтар үстем әлемде болмыс пен тіршіліктен айырылу.

Осылайша, жұмыссыздарды кемсіту мен стигмасы олардың өмір сүруіне қауіп төнгеннен ғана пайда болмайды. Мұндай жалақыға бағытталған дискурста жұмыссыздық дағдарыс болып табылатындықтан, ол гегемонистік жалпы және ұжымдық тәртіптің белгілі бір түрін дезадаптациялау жағдайын білдіреді. Жұмыссыздықты өмір сүрудің іргелі мәселесі ретінде түсінуіміздің шектелуі бізді Негізгі Табыс Грантты (BIG) немесе жұмыссыздық бойынша грант сияқты қандай да бір ақша аударымы қарапайым басқару мәселесін қалай шешеді деген ойға алып келеді. Дегенмен, бұрынғы кеншілер ақша аударымдарын жұмыссыздыққа жан-жақты жауап ретінде қабылдамады. Олар ақша аударымының белгілі бір түрін қабылдамады, себебі бұл құндылықты көрмеген, өйткені олар үшін бұл жоғалған нәрсені алмастырмады.

Егер жалдамалы жұмыс сәтсіздікке ұшыраса, болашақ оны орталықсыздандыру стратегиясын әзірлеуге, сонымен қатар жаңа жалпы және ұжымдық жүйені қайта пайымдауға байланысты болады. Балама пост-жұмыс идеялары туралы ойлану жүйелі түрде іске асырылған ниет пайда болатын фактіге қарсы тұруға тиіс еді.

Бұрынғы кеншілер балама туралы ойланған жоқ, олар тек жұмыс істегісі келді. Бұл балама туралы ойлау мәселесін бейнелейді. Жалдамалы еңбекке моральдық тұрғыдан бейілділік жұмыссыздарды, саясаткерлер мен талдаушыларды жалдамалы жұмыстан тыс болуы мүмкін болашаққа қатысты соқыр етеді.

Жұмыстан кейін баламалардың орындалуы үшін бұрынғы кеншілер, саясаткерлер мен қоғам неғұрлым кең мағынада жалдамалы еңбек бұдан былай абырой тұжырымдамасында орталық орынға ие болмайтын әлемді елестетуі тиіс еді. ■

Хаттарды Тхабанг Сефалафалаға <Thabang.sefalafala@gmail.com> жолдауға болады.

> Әлемді қалай тамақтандыруға болады: Танзаниядан үйренеміз

Марк С.А. Вегериф, Претория Университеті, Оңтүстік Африка

Дар-эс-Саламдағы Илала (Ilala) жаңа піскен жеміс базары. Суретті түсірген: Марк К.А. Вегериф.

Танзаниядағы Дар-эс-Саламға көшкенде, мен әр көшеде дерлік үйге арналған азық-түлік пен тауарларды сатқан дукаға (шағын дүкен) таң қалдым. Сол сияқты мен тұратын жерден алыс емес орналасқан бір-бірін, тіпті өз клиенттерінің көпшілігі білетін ұсақ саудагерлерде тұратын белсенді әлеуметтік кеңістіктер – тұрғындар базарларына таң қалдым. Бұл қызығушылық менің Дар-эс-Саламның бес миллионға жуық тұрғынын қалай тамақтандыруға болатынына негізделген зерттеуіме әкелді. Бұл біздің дамып келе жатқан және урбанизацияланған әлем халқының тұрақты тамақтануына маңызды сабақтар болады.

> Жұмыртқалар ізімен

Бұған дейін мен жергілікті дукада 30-жұмыртқалы қайта өндірілген картон науаларынан алынып, кез-келген мөлшерде сатылатын жұмыртқаларды бақылайтынмын.

>>

Самуел Дар-эс-Саламдағы дукаға (шағын дүкен) жұмыртқа өткізеді.
Суретті түсірген: Марк К.А. Вегериф.

Олар қайдан келетінін көру үшін мен жұмыртқаларды жеткізген Самуелмен бірге велосипедпен шықтым. 22 шақырымнан кейін Самуелдің қала маңындағы үйіне келіп, отбасымен бірге ағаштың астында отырып түскі ас іштік. Самуелдің 100 балапаны бар және ол көрші тауық фермерлерінен қолма-қол ақшаға жұмыртқаны сатып алады. Ол кешке 600-900 жұмыртқа сатып алып, келесі күні таңда оларды сатуға қалаға барады. Бұл арада оның аптасына үш сапары күні бойына жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы қызметкерінің ең төменгі жалақысынан екі жарым есе артық пайда әкеледі. Сандық талдау көрсеткендей, Самуел пайдаланатын жол арқылы аптасына миллионға жуық жұмыртқаны қалаға тек велосипедпен тасымалдайды. Бұл экологиялық таза жұмыртқа тарату тәсілі қала үшін негізгі жеткізуші болып отырып, мыңдаған адамдардың өздері үшін дұрыс сапалы өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуін көрсетеді.

Әрі қарай зерттеулер жұмыртқа өнеркәсібінің кең азық-түлік жүйесіне интеграцияланғанын көрсетті. Самуел жем фабрикасынан балапандарға арналған жемді үйіне қол-арбамен алып жүруге ыңғайлы жақын жерден сатып алады. Жем зауыты жергілікті зауыттардан жүгері кебегінің негізгі ингредиентін алады, олардың 2 000 астамы Дар-эс-Саламда орналасқан. Тауықтың саңғырығы бақша және көкөніс үшін тыңайтқыш ретінде пайдаланылып, базарлар мен көршілерге сатылады.

Менің зерттеулерім қаланың көптеген тұрғындары үшін маңызды басқа да өнімдерді қарастырды: жүгері, күріш, сүт, сиыр еті және жасыл көкөністер. Азық-түліктің табиғаты өзгеше және географиялық қайнар көздер қаладан бастап елдің алыс бұрыштарына дейін өзгеріп отырса да, тамақ өнімдерін өндіру мен таратуды ұйымдастыру ұқсас болды. Көптеген жасыл көкөністер мен сүт, жұмыртқалар сияқты қаладан және қала маңынан, сондай-ақ жүздеген шақырым жерде жүк тасымалдайтын өнімдерден келеді. Күріш пен жүгеріні ел ішіндегі миллиондаған фермерлер өсіреді, олардың көпшілігі үйде тұтынуға, трансплантациялауға және трейдерлерге сатуға арналған бірнеше гектар жерді ғана құрайды. Фермерлер болып табылатын жергілікті агенттермен жұмыс істейтін трейдерлер шалғайдағы ауылдарға соғып, тіпті мөлшері аз болса да, ол үшін ақша төлеп, содан кейін оны негізінен Дар-эс-Саламға, кейде аймақтық нарықтарға тасымалдау үшін біріктіреді. Трейдерлер тасымалдарды, өңдеуді және дука мен халық базарлары сынды сауда нүктелеріне таратуды ұйымдастырады. Автокөліктер көптеген көлік компанияларынан қажет болған сайын жалданады. Жүгері мен күріш қышқылын көп ұнтақтау жергілікті кәсіпкерлікке жататын фрезаж машиналарын қолдануға арналған қаптарға немесе килограммға төленеді.

> «Симбиотикалық тамақтану жүйесі»

Қала азық-түлігінің көп бөлігін қамтамасыз ететін мұндай азық-түлік жүйесі фермерлерден бастап бөлшек саудагерлерге дейін көптеген шағын субъектілерден тұрады, олар қала көлемінде салық жинаудан басқа, мемлекеттің корпоративтік және шағын тікелей қатысуынсыз тамақтануды бірге жеткізеді. Мен мұны «симбиотикалық азық-түлік жүйесі» деп атаймын, өйткені «бейресми» сияқты басқа терминология оны әділетті ете қоймайды. Симбиоз барлық қарым-қатынастар тең дегенді білдірмейді, бірақ олар өзара тиімді және жабайы емес, әйтпесе олар тұрақты болмас еді. Акторлар бәсекелестік пен бірлескен жұмыс арасындағы шиеленісті; дербестікке, сондай-ақ ынтымақтастыққа ұмтылысты қамтитын әлеуметтік кіріктірілген экономикалық қатынастарда әре-

>>

кет етеді. Кейбір жағдайларда, мысалы, муниципалдық нарықтарда ресурстарды басқарудың жалпы пулының қағидаттарына сәйкес келетін сайлау комитеттері мен бекітілген ережелері бар формальды құрылымдар бар. Алайда, ынтымақтастық жиі органикалық түрде, нақты тұжырымдалған ережелерсіз, құрылымсыз немесе келісімшартсыз жүреді. Салыстырмалы түрде тең мәртебесі мен жалпы мәдени дағдылары бар тәуелсіз акторлар нормалар мен қатынастар негізінде, кем дегенде, достық қарым-қатынастар негізінде бір-бірімен сауда жасап, бірге жұмыс жасайды. Өзара түсіністік – осы нормалардың бір бөлігі, бірақ тар және тікелей материалдық алмасумен шектелмейді. Көлік пен ақпаратты бірлесіп пайдалану, бір-бірінің сөрелеріне нарықтық саудагерлерді бақылау және балаларды күтуде көмек сынды ынтымақтастық ресурстық шектеулерді еңсеріп, бағалы әлеуметтік желіні құрады. Бұл мақсатқа бағытталған ынтымақтастыққа (ынтымақтастық өз тәжірибесі арқылы дамыса да) немесе альтруизмге емес, одан гөрі нақты контексте жұмыс істейтін нәрсеге негізделген. Танзаниядағы бұл контекст ауыл шаруашылығын тарифтер мен басқа да шаралар арқылы халықаралық бәсекелестіктен қорғауды, сондай-ақ азшылықтардың капиталды жинақтауын шектеген мемлекеттік интервенциялардың тарихын қамтиды.

Өзара көмектің маңызды нысаны – жаңа қатысушы-фермерлер, саудагерлер немесе бөлшек саудагерлердің болсын – өз қызметтерін бастауы. Адамдар өз кәсіпорындарын басқалардың көмегімен – отбасының достарының және таныстарының көмегімен – олардың жұмыс мүмкіндіктері мен тәсілдерін көрсететін және оларды негізгі әрекет етуші тұлғалармен таныстыратын кәсіпкерлікте ашады. Тар экономикалық тұрғыдан алғанда, олар өздерінің бәсекелестерінің пайда болуына атсалысқанмен, болашақ ынтымақтастарын да қалыптастырады. Самуел басқа саудагер оған маршруттар мен дүкендерді көрсеткеннен кейін жұмыртқа сата бастады. Күріш және жүгері саудагерлері өндірістік аудандарға саяхат пен саудагерлер және фермерлермен танысудан бастайды. Дүкен иелері әдетте сатушылар ретінде бастайды, ол өз бизнесін бастау үшін оқуға және ақша үнемдеуге мүмкіндік береді. Мұндай механизмдер жүйені көшірме есебінен кеңейтеді, оның тең құқылығын қолдап, белгіленген нормаларға жаңа қатысушыларды енгізеді.

Танзанияда өндірілген және таралған симбиотикалық азық-түлік жүйесі арқылы таратылатын барлық өнімдер супермаркеттерге қарағанда дука мен халықтық базарларда арзанырақ. Бұдан басқа, бұл өнімдер азық-түлікті қолжетімді етеді, өйткені олар адамдарға жақын, тұтынушы талап ететін кез-келген мөлшерде сатады (немесе қол жеткізе алады), кеш уақытта да ашық және өздері білетін тұрақты клиенттерге пайызсыз қарыздар ұсынады. Фермерлер супермаркеттерді немесе басқа корпоративтік құндылықтар тізбектерін ұсынғаннан гөрі, симбиотикалық тамақ жүйесі арқылы сату арқылы жақсы баға алады.

> Азық-түлікпен жабдықтау жүйесіне әсер ету

2014 жылдан бастап үш халықаралық супермаркет топтары құлдырады немесе Танзаниядан кетіп қалды. Көптеген ауқымды ауыл шаруашылық инвестициялары, соның ішінде ірі жер учаскелері бойынша операциялар, сондай-ақ корпорациялар тарапынан қолдау көрсетілетін Оңтүстік Ауыл Шаруашылығының Өсу Дәлізін қоса алғанда, Monsanto, Yara және Unilever, сондай-ақ көп жақты органдар (мысалы, G8, Дүниежүзілік Банк, Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы) 2010 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумда басталған болатын.

Осы кемшіліктерге қарамастан, тамақ Дар-эс-Саламдағы сөрелерде тұр. Бұрынғысынша, ұсақ фермерлер өндіретін Танзания жүгерісі мен күріштің өндірісі соңғы он бес жылда айтарлықтай өсті, қаладан қалмай, ол 2002 жылдан бастап 2,5 миллион адамға артты. Самуел сол *дука* мен бірнеше жаңа жабдықты жеткізе отырып, аптасына үш-бес рет жүк тасымалын көбейтті. ■

Хаттарды Марк.С.А.Вегерифке <marc.wegerif@up.ac.za> жолдауға болады.

> Зимбабведегі Жыртқыш Мемлекет:

Партия, Әскер және Бизнес

Жабузиле Мадиазвимбиши Шумба, Африка университеті, Зимбабве



Заманауи академиялық пікірталастарда Зимбабве тарихы қаншалықты поляризацияланса, соншалықты дау тудырады. Мемлекеттің табиғаты күмәнді және даулы: Зимбабве әлсіз, мықты және бытыраңқы немесе жыртқыш мемлекеттің мысалы бола алады ма? 2017 жылғы 15 қарашада, бұрынғы билеуші президент Роберт Мугабені құлатуға әкеп соққан әскери қимыл кезінде кейбіреулер әскерилердің батыл әрекеттерін классикалық «төңкеріс» деп сипаттады. Сонда да, президент Мугабенің қалай болса да кеткенін ұзақ күткен және жан-тәнімен қалайтын кейбіреулер үшін мақсат өзіне жету құралдарын ақтайды. Соңғылары бұл жағдайды шығармашылық тұрғыдан Зим-бабведегі «әскери жолмен ауысу» деп қарастырды.

Бұқараның үміті мен азаттық күресі жобасының көптеген жақтастары сенімін Зимбабвенің ақтамағанын біраз адам мойындайды. Еркіндік үшін күрес ақ нәсілді отаршыл азшылық үстемдігінің жойылуымен аяқталғандықтан тарихи жеңіске жетті. Алайда, биліктегі еркіндік үшін күрес тек қана көптеген тілектестердің ғана емес, сонымен қатар қазіргі кездегі биліктің қол астындағы азаматтардың да көпшілігінің көңілінен шықпады. 1980 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін болашағы зор жас мемлекет болған Зимбабвенің 2000 жылдан кейінгі бейнесі зорлық-зомбылық көріністерге, апатты экономикалық қиындықтарға, қайыршылық пен азапқа толы. Бірнеше сұрақ жауапты қажет етеді: неге бұлай болды? Бұл қалай болды? Билеуші элита өз таңдауының Зимбабведегі дамудың бәсеңдеуіне әкелетінін білді ме?

> Жыртқыш мемлекет

Zimbabwe's *Predatory State: Party, Military and Business*-те [Жыртқыш мемлекет: партия, әскер және бизнес] зимбабвелік мемлекетті басқа терминдермен емес тек қана жыртқыш деген ұғыммен концептуализациялау қажет деп есептеймін. Жыртқыш мемлекет ұғымы әлі де түсініксіз концепт болып отыр. Мен оны дамушы мемлекетке қарама-қарсы, криминалданудың ерекше нұсқасын немесе неопатримониализмнің түрін белгілеу үшін пайдаланған осы терминнің басқа жақтаушыларымен келіспеймін. Шынында да, пост-

>>

колониялық Африкаға қатысты саяси экономиялық ұстанымдардың басым бөлігі орталықтанған биліктің жоқ екенін атады. Алайда, «жыртқыш» термині шын мәнінде күшті, яғни ол жыртқыштардың өз мақсаты ретінде ең аулау қабілетін білдіреді, бұл өз құрбандарын бағындыра алу үшін күшті талап етеді. Мемлекеттер үшін мұндай күш бәлкім орталық биліктің жоқтығына емес, мемлекеттің бақылауды жүзеге асыра алатындай болуына негізделген.

Эмпириялық зерттеулерімді негізге ала отырып, жыртқыш мемлекет – басқарушы тапты жинақтап және оны ұдайы өндіретін жоба және оның сипаты: (1) мемлекеттегі партиялық және әскери үстемдік; (2) үстемдік және басып алумен қалыптасқан мемлекеттік-іскерлікқатынастар;және (3) зорлық және жең ұшынан жалғасу арқылы қалыптасқан мемлекет пен қоғамның қатынастары. Дегенмен, «авторитарлық даму мемлекеті» мен жыртқыш мемлекет арасындағы айырмашылық түсініктемеге лайық. Даму траекторияларындағы айырмашылықтарды түсіндірудегі құрылымдық айырмашылықтарды түсіну үшін осы екі ұғымды мемлекеттік құрылым мен қоғаммен қарым-қатынас тұрғысынан қалай ажыратамыз?

> Жыртқыш мемлекеттер vs. Авторитарлық даму мемлекеттер

Авторитарлық даму мемлекетінің, сондай-ақ жыртқыш мемлекеттің бастапқы нұсқасы маңызды авторитарлық үрдістермен және жеке желілердің қуатты рөлімен сипатталады деп ойлаймын. Мысалы, Оңтүстік Кореяның жылдам дамып келе жатқан индустрияландыру кезеңінде Пак Чон Хи елдің екі жетекші компаниясымен, Hyundai және Daewoo, тығыз жеке байланыстарды қолдады; осылайша, мемлекет айқындайтын қоғамдық өсу мақсатының рөлін жеке пайда мен топтық капитализм мотивтерінен ажырату қиын болуы мүмкін. Дегенмен, мемлекет әрқашан команда да болды; ол өзінің жазалау қабілетін ешқашан жоғалтпады. Мысалы, кәсіпорындар алға қойған мақсаттарға жете алмаған жағдайда, олар ынталандырудан шеттетілу арқылы жазаланды. Мемлекеттің мәжбүрлеуі барлық жерде болды және ол нақты еді.

Мемлекеттердің екі түрі де мемлекеттің бизнеспен қарым-қатынасы және оның қарулы күштермен қарым-қатынасының сипаты тұрғысынан айтарлықтай ерекшеленеді. Жиырмасыншы ғасырдың дамуының авторитарлық мемлекеті жазалау әлеуетті пайдалануды бизнеспен өнімді альянстар құру үшін ынталандырумен ұштастырды, ал мемлекеттің бизнеспен жыртқыштық қарым-қатынасы өндіріске бағдарлаудан гөрі, барынша паразиттік болып келеді; демек, олар дамудың қарама-қарсы нәтижелеріне жетеді.

Әскерилермен қарым-қатынас сипаты сондай-ақ жиырмасыншы ғасырдың дамушы мемлекетінде қарулы күштерді пайдалану дербес жинақтауға емес, ұлттық жобаға бағдарланады. Мысалы, мемлекеттік дамудың азиялық классикалық моделінде Қарулы Күштер саланың бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуде өндірістің төмен шығындарын қолдау үшін ішкі жұмыс күшін бақылау мен басуда тиімді рөл атқарды. Жыртқыш мемлекетте әскери зорлық-зомбылықты қолдану билеуші элитаның өзіндік баю мүдделерін көрсетеді.

Жинақтау тәсілдері тұрғысынан, өндірістік секторы айтарлықтай жоқ. Бұл жыртқыш мемлекеттің рентабельділігін көрсетеді: яғни ол өндіріске емес, ресурстарды өндіруге негізделген. Зимбабвелік экономиканың өзгерістегі құрылымы жыртқыш қозғалысқа байланысты, айтарлықтай өндірістік сектордан тәуелсіздік алғаннан кейін ресурстарды өндіру саласындағы үстемдікке ауысады. Өндірістік сектордың болмауы әр түрлі секторларда ортақ белгі болып табылатын өндірістік стратегиялардың жетіспеушілігін көрсететін салдарға ие. Іс жүзінде, саясаттың басты мақсаты (мысалы, мемлекет меншігіне алу және құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту жөніндегі бағдарламалар) басқарушы элитаның мүшелеріне жалдау ақысын беру болып табылады. Ақырында, мемлекет Үкіметтің негізгі функцияларын қолдау үшін валюталық және салықтық түсімдерді генерациялау мақсатында шетелдік капиталмен (бұл жағдайда Қытаймен және Оңтүстік Африкамен) ынтымақтастық жасау қажет. Сондықтан шетелдік дос капиталға ресурстық рентаны бөлуге қатысуға рұқсат берілген.

Зерттеудің негізгі қорытындысы – басқарушы элита экономикалық қайта құру мен дамуға кедергі келтіретін таптық мүдделерге ие болып қана қойған жоқ, сонымен қатар олардың баюда қолданған ашкөз тәсілдері мен саяси ұдайы өндірісі Зимбабвенің жыртқыштық жағдайын өзгертті және оны ұстап тұрды. Мұның салдары әлі де алысқа барады. Өткен жылдар ішінде ел дамуының әлеуетін билікті сақтау және байлықты жинақтау үшін зорлық пен тамыр-таныстыққа сүйенген жыртқыш элита құртты. Реформа саяси шығынға ұшырайды, себебі ол тамырын тереңге жайған патронаж желілерін бұзады. 2017 жылғы қарашадағы шүбәсіз әскери интервенциядан кейін партиялық-әскери және іскерлік кешені жаңартылды және ол, бәлкім әлі де сақталады.■

Хаттарды Жабузиле Мадиазвимбиши Шумбаға <jabusile_shumba@biari.brown.edu> жолдауға болады.

> Йози: алтынмен апталған қауіпті қала

Алексия Вебстер, фотограф және **Эдвард Вебстер**, Витватерсранд Университеті, Оңтүстік Африка, ХӘҚ еңбек қатынастары жөніндегі зерттеу комитетінің мүшесі және бұрынғы президенті (ЗК44)

Биресми кеншілер қайтадан пайдаланып жүрген Йоханнесбургтің шетіндегі алтын кенішінің қараусыз қалған шахтасы. Суретті түсірген Алексия Вебстер.

Сүйіспеншілікпен Йози деп аталатын Йоханнесбург – 125 жылдан астам уақыт Африканың экономикалық орталығы бола отырып, өзен жағалауына немесе ірі порттың қасына салынбаған әлемдегі ірі қалалардың бірі. Есесіне ол алтынның үстіне салынған. Алтын өндіру басталғаннан бүкіл аймақтан және тіпті бүкіл әлемнен ағылған мигранттар ағынының ықпалымен құйылған тұрақты инвестициялардың арқасында айналасындағы тіршілік өзгертті. Бұл жөнінде қаланы космополит мәдениеттің өзіндік белгісін дамытатын араласу мен импровизацияның орны ретінде сипаттайтын Сара Наттолл мен Ахилла Мбембенің Йоханнесбург туралы эсселер жинағында баяндалады. Алайда, Йоханнесбургтің адам өмірін ғана емес, табиғатты да жоятын басқа қыры да бар. Йозеф Шумпетердің айтуынша, Йоханнесбург, «шығармашылықпен қиратудың» көрінісі болып табылады. Қала шетіндегі қараусыз қалған шахталарда заңсыз кен өндіру алтын қаланы құртуы мүмкін.

Биресми кеншілердің және олардың балаларының көпшілік көзінен таса және жасырын бақуатты қонысы. Тіркелмеген, жаужүрек трансшекаралық мигранттар өздерімен бірге отбасыларын алып келген және қала орталығына жақын жердегі жасырын кеңістікте қауіпті ахуал туғызуда. Суретті түсірген Алексия Вебстер.

>>

> Тау-кен өнеркәсібінің қайнар көзі

Йозидегі алтын өндірудің ерекшелігін түсіндіретін нәрсе – шығындардың аса төтенше сезімтал құрылымы. Алғашқы кеншілердің алдына алтынды табу емес, оны төленетін көлемде табу міндеті қойылды. Пайданың төмен өндірістік шығындарға тәуелділігі екі себепке байланысты болды. Біріншіден, кендегі алтынның үлесі орташа және ол жер астында өте тереңде жатыр. Екіншіден, халықаралық деңгейде анықталған алтын бағасы тау-кен өндіруші компанияларға экс-плуатациялық шығындарды қандай болмасын көлемде арттырып, оны тұтынушылардың мойнына ілуге мүмкіндік бермеді. Олай болса, осы сала аясында аса шектеулі шығындар құрылымында шығындарды мини-мизациялаудың құралы еңбекақы болып табылады. Шахта иелерінің тарихи міндеті орасан зор, арзан африкалық жұмыс күшін жасақтау мен оны ұстап тұру еді.

Жерді тартып алу және салық төлеудің міндеттілігі ерлерді жалдамалы жұмыспен айналысуға мәжбүрледі. Олар адамдарға толы, біржынысты жатақханаларға орналастырылды. Өздерімен отбасын алып келуге тыйым салынды. Отбасының қызметі жұмыс күшін ұдайы өндіру және адам ауырғанда, жараланғанда немесе қартайғанда үйде қамқор болумен шектелді. Осылайша, аймақтың үлкен шаруа қауымы, әсіресе әйелдер, шахта иелеріне тек бір адамның ғана шығынын төлеуге мүмкіндік беруіне қолқабыс жасады.

Өте тар және қауіпсіздігі сенімсіз, терең жерастында қара нәсілді кеншілер жарылысқа дайындалып жатыр. Көп жылдар бойғы жұмыс тәжірибесі денсаулықтарына нұқсан келтірді, олардың басым бөлігі тыныс жолдары ауруынан азап шегіп, ерте өмірден озды.
Сурет: Суретке түсірген кісі бәймәлім, Лули Каллиникос архивінен.



Кеншілер кешендегі бетон төсеніштерде демалуда. Ең қажетті саналатын сақтау, жарық және жылу жүйесі аса қолайлы емес бір жатақханада 40 шақты адам орналастырылуы мүмкін.
Сурет: Роббен аралының UWC-Музейі, Майбуйе архиві.



1907 жылы жұмысқа енді алынған екі жас ақ нәсілді кенші тәжірибелі қара нәсілдікеншінің қасында. Қара кеншілер ақ кенші жалақысының шамамен оннан бір бөлігін ғана алды. Сурет: Суретке түсірген кісі бәймәлім, Лули Каллиникос архивінен. Алтын және Жұмыскерлер, 75 бет.

Үйге оралу. Жылдық келісімшарттан кейін кеншілер үйіне отбасына арналған сыйлықпен оралды.
Сурет: Neave Africana Collection, Африкалық архив музейі.

>>



Үйге оралу. Отбасына арналған сыйлықпен оралған мигрант, 1933 жылы Мдудума қаласы. Сурет: SA Review Pictorial, 1935-36.

Кен өндіруді тоқтатпау үшін шахталар жер қабатына тереңдей түсті. Алтын кеніштеріндегі апаттардың жоғары көрсеткіші алтын өндірудің өте тереңде жүргізілуімен байланысты. Орташа тереңдік 1600 метрден асады, ал ең тереңі – жер астында 4000 метрден асты. Қайғылы жағдайлардың орын алуы негізінен тастың қопарылуы мен жарылыстан болды. 1983 жылы біз өз зерттеулерімізді бастаған кезде 371 кенші тас қопарылысынан қаза тапты. 1900 жылдан 1985 жыл аралығында жер астында 66 000 кенші қаза болды, миллионнан астамы ауыр жарақат алды. Ерлердің көбі құлаған тастардан жарақат алды, өмірлерін мүгедек арбаларында немесе мүгедектерге арналған ауруханаларда өткізді.

Қайтадан ашылған қараусыз қалған шахтада нәрестелерін арқалаған әйелдер кен ұсақтап жатыр. Сурет түсірген Алексия Вебстер.

Алтын «шығынды актив». Уақыт өте келе Йоханнесбургтің астындағы сатып алынатын алтын қоры таусылды. Қала тұрғындары геометриялық прогрессиямен өсті, және оның қосалқы экономикасы елдің ірі финанс орталығына айналуына септігін тигізді. Шахталар ресми түрде өндірісті тоқтатты, ал объектілер қараусыз қалды.

Осыған қарамастан, Джанет Мунакамве докторлық диссертациясында көрсеткендей, бүгінгі күні қаланың орталығына жақын жерден трансшекаралық мигранттарды таба аласыз, олар тау-кен өндіру секторының алаңдарында өмір сүру үшін заңсыз әдістермен нәпақа табуға тырысып жүр. Олар zama zamas деген атпен белгілі. Күнде таңертең жіп және ұялы телефондарының жарығын қолданып, қарапайым құралмен жерастына түседі. Тау беткейіне тасты жарып, кен жинау үшін кәдімгі балға, күрек/қалақ және тоқпақпен барады.

Кенші жерастында тасты жару үшін қолданатын балғаны ұстап тұр. Суретті түсірген Алексия Вебстер.

>>

Шелекке батпақты құятын үлкен контейнермен тұрған «zata zata» Суретті түсірген Алексия Вебстер.

Кенші әйел кен бөлшектерін тазалауда.Суретті түсірген Алексия Вебстер.

Кенді майдалауды шаш өрумен және балаларды тамақтандырумен ұштастыру. Суретті түсірген Алексия Вебстер.

Ұзаққа созылған еңбектің жемісі – алтынның кішкентай кесегі. Суретті түсірген Алексия Вебстер.

Анджела Кариуки «бұл – тәуекелге толы бизнес» дей отырып, былай жазады: «жерастынан тамақ табудың нақты мүмкіндігі бар, әсіресе, апталап жұмыс жасасаң (кейде айлап). Желдеткіш жабдықтың істен шығуына байланысты ауаның жетіспейтіндігі туралы айтады. Сонымен қатар олар кейбіреулердің, әсіресе жерастының суық жағдайында жылыну үшін немесе ауыр тасты беткейді жұмсарту үшін от жаққан кезде тұншығып қалғанын хабарлайды. Олар жиі болып тұратын тас және су тасқынынан немесе басқа қайғылы жағдайлардан немесе тобықты ұстап тұратын қорғаныс бәтеңкелерінің болмауынан кеуде қуысының жұқпалы дертіне, көкжөтелге ұшырайды және дене жарақатын алады».

Ресми кәсіподақ қозғалысының немқұрайлығымен бетпе-бет келген мына кеншілер әлеуметтік медиа қолдаған әлеуметтік желілер арқылы өзара ұйымдаса бастайды. Көбі кәсіподақтарға кірмейді, дегенмен жұмыскерлерге кеңес беру, жерлеу қоғамы және мигранттар құқығын қорғау бірлестіктері сияқты өкілеттіліктің және белсенділіктің жаңа формалары қалыптасуда.

>>

Кен өндірудің бұрынғы ресми жүйесімен салыстырғанда, биресми шахталар әйелдерді де, ерлерді де, сонымен қатар олардың отбасыларын да қамтиды. Суретті түсірген Алексия Вебстер.

Алайда, Йоханнесбург Герман Машаба қалаға «төніп тұрған апатты» жария еткеннен кейін (*Sunday Times*, 2018 жыл, 25 қараша) бей берекет кен өндіру түбегейлі өзгерді. Йоханнесбургтің астында газ бен отын өтетін тез жанғыш жолақтардан бірнеше метр жерде zama zamas жарылған кезде ол биресми кеншілер қаланы адам сенгісіз апаттық ахуалға әкеліп тықты деп мәлімдеді. Осы жолақтардың біреуі бүлінсе, онда радиусы 300 метр жердегінің бәрі «өртенеді» деп атап өтті. Қалалық кеңестің шенеунігі *Sunday Times*-та қаланың маңызды бөліктері де қаланың астында кеншілер қазған немесе жарған жаңа және бұрынғы туннелдердің 140 км созылған лабиринтінің кесірінен қирау қаупінде тұр деп мәлімдеді.

Осылайша, алтын өндірушілердің жонында салынған қала, Йозидің қараусыз қалған алтын кеніштерінен «биресми кеншілер» ретінде нәпақа табуға тырысқан ашынған әйелдер мен ерлердің кесірінен тығырыққа тіреліп отыр. Осы жаужүрек кеншілердің «еркін нарығы» мен кәсіпкерлік рухынан кейбіреулер масаттанып жатқанда, реттелмеген нарық, осыдан ондаған жылдар бұрын Карл Поланьи байқағандай, «қоғамның адамы және табиғи мәнін жоймай ұзақ уақыт өмір сүре алмайды».

Қоршаған ортаның бүлінуінен зардап шеккен Тау-кен өндіруші қауымдастықтар өздерінің әлсіз қауымдастықтарын қорғау үшін желі құрды.

Осы бастамалар, Поланьи болжағандай, қарсылықтың өзегі бола ала ма, ол сенімсіз, дегенмен Майкл Буравой мен Карл фон Холдт өздерінің *Бурдьемен әңгімелерінде* «Йоханнесбургтің сәті» деп атауын олар қолдайды. Олар «Йоханнесбургтің сәті» - апартеидтен кейінгі сәт, саяси алшақтау сәті деп жазады. Сонымен бірге бұл қарама-қарсылықтың күшеюінің, әлеуметтік бытыраңқылықтың және «қоғамдағы тереңдеген тәртіпсіздіктің» сәті. ■

Хаттарды Алексия Вебстерге <alexiawebster@gmail.com> және Эдвард Вебстерге <edward.webster@wits.ac.za> жолдауға болады.

> Ынтымақтастық тұрғысынан

оңшыл популизм

Йорг Фликер, Вена Университеті, Австрия, ХӘҚ еңбек әлеуметтануы бойынша зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК30), **Карина Альтрейтер**, **Иштван Грайчьяр** және **Саскья Шиндлер**, Вена Университеті, Австрия

Будапештегі еңбек туралы жаңа заңға қарсы демонстрация, Венгрия, 2019 жылғы қаңтар. Суретті түсірген: Аттила Кисбенедек / AFP / Getty Images.

Европадағы оңшыл партиялар 2008 жылғы қаржылық және экономикалық дағдарыстан кейінгі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жеделдету мен мемлекеттік институттарға деген сенімнің төмендеуінен ұтты. Ғасыр басынан бастап осы партиялардың көпшілігі әлеуметтік мәселені өзінің саяси күн тәртібіне енгізді. Көші-қон әрқашан орталық мәселе болғандықтан, бұл партиялар 2015 жылы босқындардың көп келуін халық арасында араздық пен дүшпандықты қоздыру үшін сәтті пайдалана алды. Осылайша, қайырымды шовинизмнің өздерінің басты картасы риторикада, әл-ауқат мемлекетіне қолайлы және агрессиялық ксенофобиялық жағдайға негізделді. Бұл үдерісте оңшылдар ықтымақтастық концепциясына үміткер болып, оны саяси солшылдарға қалдырмады. Мысалы, Венгрияның Премьер-Министрі Виктор Орбан Венгрияны еуропалық ынтымақтастық белгісі ретінде босқындарға жауып тастады.

«Solidarity in times of crisis» (SOCRIS)[1] [«Дағдарыс кезіндегі ынтымақтастық»] зерттеу жобасы ынтымақтастық тұжырымдамасы бойынша өз бастауын символдық күрестен алады. Символдық күрес ретінде (ұжымдық) акторлар әлеуметтік әлем туралы өз көзқарасын басқаға таңуға тырысатын қарама-қайшылықтарды түсінеміз. Бұл дұрыс немесе дұрыс емес, жақсы немесе жаман, пайдалы немесе пайдасыз деп санайтын, сонымен қатар адамдарды топтарға бөлетін және ұқсастықтар мен тиістілік сезімін тудыратын «символдық шекараларға» қатысты болады. Жоба экономикалық дағдарыстың салдары әртүрлі, бірақ ұқсас саяси оқиғаларды көрсететін елдер – Австрия мен Венгрияға бағытталған. Сандық және сапалық деректердің әдіснамалық триангуляциясын пайдалана отырып, SOCRIS қоғамдық өзгерістер мен саяси субъективтілік арасындағы күрделі қатынастарды барынша терең түсінуді қамтамасыз етеді.

Ынтымақтастық және олармен байланысты символдық күрес концепцияларын талдау үшін біз ортақтасу қоғамдастығының көлемі мен шекараларын, ынтымақтастық және азаматтық қоғамдағы ынтымақтастық негіздерін

>>

Венадағы нәсілшілдікке қарсы демонстрация, Австрия, 2019 жылғы наурыз. Суретті түсірген Йорг Флейкер.

назарға алдық. 2017 жылғы шілде мен қыркүйек аралығында Австрия мен Венгрияда өткізілген SOCRIS бұқаралық сауалнамасы еңбекке қабілетті жастағы адамдардың репрезентативті іріктемелеріне негізделген. Деректерді талдау адамдардың кіммен ынтымақтастықта екенін, адамдардың басқаларға көмек үшін жауапкершілікті қашан және неге сезінетінін және олардың мемлекет тарапынан адамдардың түрлі топтары үшін жалпы әл-ауқатты қолдауын қолдайтынын терең түсінуді қамтамасыз етті.

Зерттеудің маңызды мәселелерінің бірі: босқындарды қолдау, олардың мұқтаждығын тексеретін әлеуметтік жәрдемақылар, Рома азшылығын мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша терең түрде жіктелген елдерде ынтымақтастық тұжырымдамаларының қандай түрлерін көруге болады? Адамдарды олардың ынтымақтастыққа деген көзқарастарына сәйкес топтастыру үшін сауалнама деректері статистикалық кластерлік талдау жасалып, нәтижесінде әрбір елде жеті топ болды. Таңқаларлық, бірақ кейбір топтар екі елде де бірдей ынтымақтастық тұжырымдамасын көрсетеді. Мысалы, «ынтымақты емес және белсенді емес» топтарға жалпыға ортақ әл-ауқатты мемлекетті қолдамау, отбасы және көршілермен ынтымақтастықты шектеу, сондай-ақ азаматтық қоғам ұйымдарында белсенді болмауы тән. Ынтымақтастық континуумының басқа полюстерінде біз екі елде «ынтымақты және белсенді» топты анықтадық, мұндағы адамдарға жалпыға ортақ әл-ауқатты мемлекетті күшті қолдауы және азаматтық қоғам ұйымдарындағы белсенділіктің жоғары деңгейін көрсететін ынтымақтастық тән. Дегенмен, бұл топтағы ынтымақтастық ауқымы елдер арасында ерекшеленеді: Австрияда адамдар барлық адамзатқа қамқорлық танытса, Венгрияда аландаушылық ұлттық деңгеймен шектеледі.

Дегенмен, халықтың басым бөлігі осы шектердің арасында орналасуы мүмкін. Онда бізге ынтымақтастықтың негіздері мен ауқымдарының, сондай-ақ белсенділік деңгейлерінің әртүрлі комбинацияларын көрсететін басқа да бірнеше топтарды бөліп көрсетуге болады. Кейбір үлгілер тек елдердің бірінде ғана бар, бірақ елдер арасындағы ең елеулі айырмашылық топтар өлшемімен байланысты. Егер біз топтарды немесе ынтымақтастық түрлерін бірге алып, тек қана ерекшелік пен инклюзивтілік арасындағы айырмашылықты жүргізсек, яғни адамдар этникалық және ұлтшылдық тұйықтықты немесе универсалды ынтымақтастықты қолдайды ма десек, Австрияда инклюзивті ынтымақтастықтың кейбір нысанын 62% жақтайтынын, ал Венгрияда респонденттердің 39% жақтайтынын көреміз. Керісінше, Венгрияның шамамен 40% таза этникалық немесе ұлттық шектеулі ынтымақтастықты көрсетеді, ал бұл Австриядағы респонденттердің 27% қатысты.

Екі елде де ксенофобтық және қайырымдылық шовинистік партиялардың мықтылығына байланысты ынтымақтастық үлгілері партиялық талғамға сәйкес келетінін көру қызықты болды. Күтілетіндей, экстремистік және популистік партиялардың ең күшті қолдауын екі елдегі ұжымдық және ұлттық ерекшеліктерге ие топтардан табуға болады. Сонымен қатар, көптеген инклюзивті кластерлердегі адамдардың көбі (Венгрияда 20% және Австрияда шамамен 15%) осы партиялардың жақтастары. Бұл дегеніміз, кейбір адамдар осы партияларға өздерінің ксенофобты және әлеуметтік шовинистік ұстанымына байланысты дауыс бермейді. Сондай-ақ, бізде экстремалды құқық жай халықтың көзқарасын білдіретіні туралы ескертуге тура келеді, өйткені адамдар оған мүлдем басқа себептермен тартылуы мүмкін.

Оңшыл популизм бойынша ағымдағы пікірталастардың көпшілігіне қарағанда, SOCRIS жобасының нәтижесі олардың дауыс беру ғадеті оңшыл партиялардың жетістіктерін түсіндіретін депривацияланған жұмысшы табы сияқты бір ғана әлеуметтік топ ғана емес екенін көрсетеді. Төмен статус, депривация және саяси тұрақсыздық сезімі шын мәнінде маңызды фактор болып табылса да, таңғаларлық жағдай – австриялық және венгрлік ультра-оң партиялары жақтастарының басым бөлігі табысқа жеткен, өздерін жоғары бағалайтынын және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерден пайда табуын сезінеді.

Ынтымақтастықтың перспективасы біздің қоғамдағы жіктелу мен оңшылдарды қолдау туралы түсінігімізге ықпал етеді. Ынтымақтастық пен партиялық қалау тұжырымдары арасында белгілі бір сәйкестік бар. Дегенмен, әлеуметтік мәнді шовинизмнің маңыздылығына қарамастан, біз осы партиялардың табысын қарапайым түрде «ерекше ынтымақтастықпен» байланыстыра алмаймыз. Мысалы, олардың риторикасына қарағанда, партиялар ұлттық топтар үшін жалпыға ортақ әл-ауқатты мемлекетке қолдау көрсетпейді. Сонымен қатар, ынтымақтастық үлгілері өте күрделі болып табылады, нәтижесінде пайда болған екі-ұштылық пен қайшылықтар әртүрлі тараптан саяси жұмылдыру үшін белгілі бір ашықтықты қамтамасыз етеді.■

1. Жобаны Австриялық ғылыми қоры FWF (№ I 2698-G27) және ғылыми зерттеулердің Венгр қоры OTKA (№ ANN 120360) қаржыландырады.

Хаттарды Йорг Фликерге <joerg.flecker@univie.ac.at> жолдауға болады.